



# KEGOC

қазақстандық  
энергетиканың  
болашағы

# 2021

«KEGOC» АҚ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021



«KEGOC» АҚ – ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП – 2021





Жылдық есептің  
интерактивті нұсқасы

«KEGOC» АҚ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2021



Kazakhstan  
Electricity Grid  
Operating Company

# МАЗМҰНЫ


Негізгі индикаторлар	004
Директорлар кеңесі төрағасының сөзі	008
Басқарма төрағасының сөзі	010
Негізі оқиғалар	014
<b>Стратегиялық есеп</b>	<b>016</b>
Компания туралы	018
Даму стратегиясы	026
<b>Операциялық есеп</b>	<b>034</b>
Салаға шолу	036
Өндірістік қызмет	048
Инвестициялық қызмет	058
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	060
Тариф саясаты	062
Сатып алу тәжірибесі	064
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы	066
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	072
<b>Корпоративтік басқару туралы есеп</b>	<b>078</b>
Акционерлердің жалпы жиналысы	083
Дивидендтік саясат	084

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	086
Корпоративтік басқару кодексін сақтау	109
Атқарушы орган	110
Менеджментті бағалау және сыйақы	116
Ішкі аудит қызметі	121
Сыртқы аудитор	122
<b>Адами ресурс</b>	<b>124</b>
Кадр саясаты	126
Еңбекті қорғау	138
<b>Қоршаған орта</b>	<b>144</b>
<b>Байланыс</b>	<b>154</b>
Глоссарий	156
<b>Есептің қосымшалары</b>	<b>158</b>
1-қосымша. Есеп туралы	160
2-қосымша. Индикаторлар	170
3-қосымша. GRI құрамын көрсеткіш	182
4-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептеме	186
5-қосымша. Басшылықтың қызметтің қаржылық нәтижелеріне түсіндірмелері	264


# НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАР

«KEGOC» АҚ желілері арқылы  
электр энергиясын жеткізу

млрд кВт-сағ




Желінің сенімділік көрсеткіштері:  
жүйенің іркіліссіз жұмыс істеу уақыты (WWP) %



Пайдалалық  
көрсеткіштері

млрд теңге




EBITDA

Таза кіріс

Желінің сенімділік көрсеткіштері:  
жүйелік қызметтер ысыраптары (SML) мин.


мин.





Персонал  
динамикасы


адам



Қызметкерлер саны

Кадр саясатының  
көрсеткіштері

%



Әлеуметтік тұрақтылық индексі

Персоналдың қатысу индексі

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

2-22

**Құрметті акционерлер,  
инвесторлар, әріптестер  
мен серіктестер!**

«KEGOC» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының бекітілуі 2021 жылғы өте маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Даму стратегиясы Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, онда энергетикалық ауысумен және ЖЭК-ті энергетикалық жүйеге интеграциялаумен байланысты жаһандық трендтердің әсері, Қазақстанда орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындау мәселелерін шешу қажеттілігі есепке алынған. Ең маңыздысы бұл стратегиялық құжатта қазіргі заманғы инновациялық және цифрлық технологияларды, ФЭТКЖ-ны енгізу қажеттілігі, ESG қағидаттарына адалдық есепке алынып, экономиканы карбонсыздандыруға және елдегі экономикалық дамуды қамтамасыз етуге байланысты процестер қамтылады.

Директорлар кеңесінің есептік жылы атқарған жұмысы Компания ұжымын алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ынталандырумен байланысты болды. Нәтижесінде бұл жыл оң өндірістік-қаржылық көрсеткіштермен аяқталды.

Сонымен қатар, тұрақты даму қағидаттарын сақтау Директорлар кеңесі қызметінің маңызды бағыты болып қала бермек. «KEGOC» АҚ барлық мүдделі тараптар алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді, сондықтан еңбекті қорғау, адами капиталды басқару жүйесін жетілдіру және қоршаған ортаға қамқорлық жасау Компания тиімділігінің жоғары болуын қамтамасыз ететін басты элементтер болып табылады. Бұл жерде Директорлар кеңесі, оның Комитеттері мен Атқарушы орган қызметінің тиімділігін арттыру; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және орнықты даму жүйелерін жетілдіру; акционерлердің құқықтарының сақталуы мен айқындықты арттыру арқылы корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру

процесі негізгі рөл атқарады. 2021 жылы жүргізілген тәуелсіз диагностикалау қорытындысы бойынша корпоративтік басқару рейтингін «ВВ» деңгейінен «ВВВ» деңгейіне дейін арттыру осы жұмыстың нәтижесі болып табылады.

**1920** ТЕҢГЕ

акция  
құнының ең  
жоғарғы мәні

«KEGOC» АҚ-ның Moody's растаған болжамы тұрақты «Вaa2» деңгейіндегі рейтингі де Компанияның инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша қабылдап жатқан шараларының тиімділігін дәлелдейді.

Компанияның акциялары тұрақты өсіп, өтімділігі жоғары болғанын байқауға болады – 2021 жылдың басынан бастап бір акцияның нарықтық бағасы 169,5 теңгеге (1 699,5 теңгеден 1 869 теңгеге дейін) өсті, акция құнының ең жоғарғы мәні 1 920 теңгені құрады, бұл 2020 жылғы тарихи жоғары деңгейден 170 теңгеге асады. 2014 жылы Компанияның акцияларын қор биржасында алғаш орналастырған сәттен бастап акционерлерге төленген дивидендтердің жалпы сомасы 174,7 млрд теңгені құрады.

2022 жыл бізден өз ісімізге барынша жауапкершілікпен қарап, адал еңбек етуді, жоғары біліктілік пен білімділікті, жаңа сын-тегеуріндерге дайын болуды және өршіл міндеттерді шешуде заманауи тәсілдерді қолдана білуді талап етеді. «KEGOC» АҚ Қазақстан энергия жүйесінің озық дамуын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық электр торабын дамытудың болжамды моделін әзірлеуге кірісуде. Ұлттық электр торабын ауқымды жаңғырту электр энергиясының қажетті өңіраралық және мемлекетаралық ағындырын қамтамасыз ете отырып, жаңа генерациялайтын қуаттарды іске қосумен синрондалуы тиіс.

**«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері атынан барлық акционерлер мен серіктестерімізге бірлесе жұмыс істегеніміз үшін алғыс айтуға және әріптестерімізге «KEGOC» АҚ жаңа Даму стратегиясын іске асыру жолындағы еңбегіміздің жемісті болуына тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер.**

**ЕРНАТ  
ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ  
БЕРДІҒҰЛОВ**

**«KEGOC» АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы**



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

2-22

## Құрметті оқырмандар!

COVID-19 әсерінің жалғасуына байланысты карантиндік шараларға қарамастан, 2021 жылы «KEGOC» АҚ тұтынушыларды энергиямен сенімді жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай іске асырып, қаржылық тұрақтылықты сақтады. Жөндеу науқаны бекітілген графикке сәйкес жүргізілді және 2021-2022 жылдардағы күзгі және қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындық паспорты уақытында алынды.

Осымен бірге, Компания қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырды, бұл қазіргі жағдайда Қазақстан энергия жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі үшін де аса маңызды.

«KEGOC» АҚ аудиттелген қаржылық есептілігіне сай 2021 жылы таза пайда 52,6 млрд теңгені құрады. Таза пайданың нәтижесіне реттеліп көрсетілетін қызмет көлемінің артуы арқасында қол жеткізілді. Осылайша, 2021 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын жеткізу қызметінің көлемі 18,4%-ға артып, 54,65 млрд кВтсағ-ты құрады. Техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі де 2020 жылмен салыстырғанда орта есеппен 6%-ға өсті.

**7,70** %  
ROACE

**98,6** %  
WWP

**4,46** МИН.  
SML

**93,9** млрд  
ТЕҢГЕ  
EBITDA

**0,15**  
LTIFR

2021 жылы Компанияның акциялары тұрақты өсіп, өтімділігі жоғары болғанын көрсетті. Бір акцияның құны тарихи максимумға жетіп, 1 920 теңгені құрады, бұл орналастыру бағасынан 3,7 есе жоғары. Компания акционерлерге жалпы шамамен 41,5 млрд теңге сомасына (рекордтық) екі рет дивиденд төледі, соның ішінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша 19,5 млрд теңгені және 2021 жылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша 22 млрд теңгені құрады.

Есептік жылғы маңызды бағыт бұл Қазақстанның Ұлттық электр торабы жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобаларды, солардың ішінде «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарында 220–500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялау», «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» және «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобаларын іске асыру болып табылады.

Ұлттық электр  
торабы арқылы  
электр энергиясын  
жеткізу

**54,65** млрд  
кВт·сағ

## ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ МОЛДАБАЕВ

«KEGOC» АҚ

Басқарма төрағасы





«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «KEGOC» АҚ «Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесі режимдерін басқаруды автоматтандыру» зияткерлік желілерін (SmartGrid) қалыптастыру бойынша көп компонентті жобаны іске асыруды аяқтады. Сонымен қатар Компания жобалық, процестік басқаруды жетілдіру мен қызмет тиімділігін, соның ішінде деректер талдауын оңтайландыру мен пайдалану есебінен арттыруды жалғастыруда. «KEGOC» АҚ-ның осы жобамен екінші «Qazaqstan Project Management Awards–2021» ұлттық конкурсының қорытындысы бойынша екінші орын алғаны осының дәлелі болып табылады.

«KEGOC» АҚ үшін басты актив бұл барлық жетістікке қол жеткізетін адамдар болып табылады. «KEGOC» АҚ мен қызметкерлер өкілдері арасындағы 2021–2025 жылдарға арналған ұжымдық шартты жаңарту маңызды оқиға болды, онда қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жақсарту бөлігіндегі ұсыныстар және Компания персоналының басқа да тілектері ескерілген. Сонымен қатар қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту, олардың кәсіби өсуі және әлеуметтік қолдау бойынша кешенді жұмыс жалғасуда.

Қызметкерлер есептік кезеңде дәстүрлі түрде атсалысып, нәтижесінде «KEGOC» АҚ өндірістік персоналы арасындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін зерттеу қорытындысы бойынша 2021 жылы SRS (Samruk Research Services) индексі 85%-ды, әкімшілік-басқарушылық персоналдың қатысу индексі 85%-ды құрады.

Өткен жылды қорытындылай келе, «KEGOC» АҚ еліміздің ауқымды стратегиялық міндеттерді шешуге қабілетті, беделі жоғары әрі сенімді электржелілік Компания екенін растағанын атап өтуге болады.

**2022 жылы БЭЖ-ді бұдан әрі дамыту және электрмен сенімді жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында «KEGOC» АҚ жоспарланған инвестициялық жобаларды іске асыру, соның ішінде ЖЭК-тің тиімді интеграциялануын есепке ала отырып, жұмыс істеп тұрған электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды реконструкциялау және жаңаларын салу жұмыстарын, электр энергетикасын технологиялық дамыту саласындағы жұмыстарды, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын нақты режимде іске қосу жұмыстарын жалғастыратын болады. Әкімшілік және өндірістік персоналдың жинақталған мол тәжірибесі уақыт талабына сай Компанияға стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне және қалыптасқан құндылықтар мен дәстүрлерді сақтауына мүмкіндік беретініне сенімдімін.**



# НЕГІЗІ ОҚИҒАЛАР

**01 27 қаңтар**  
«KEGOC» АҚ облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында 8,6 млрд теңге сомасына 8,9 млн дана жалпы көлемінде жылдық 11,6161% өтелетін орташа есептелген кірістілікпен ойдағыдай орналастырылды.

**02 16 ақпан**  
Fitch Ratings агенттігі Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясының (KEGOC) шетелдік валютадағы эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) «BBB-» деңгейінде растады. Болжам – тұрақты.

**03 10 наурыз**  
Standard & Poor's рейтингтік агенттігі «KEGOC» АҚ рейтингін «Тұрақты» болжаумен BB+ деңгейінде растады.

**04 27 сәуір**  
«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті, онда 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілік бекітілді, соған сәйкес Компанияның шоғырландырылған таза кірісі 53,5 млрд теңгені құрады. Акционерлер «KEGOC» АҚ 2020 жылғы таза кірісінің 74%-ын (шоғырландырылмаған пайдадан 90%-ын) дивиденд төлеуге жіберу туралы шешім қабылдады.

**05 21 мамыр**  
Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес «KEGOC» АҚ 2020 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша дивидендтер төледі. Дивидендтерді төлеуге 19,5 млрд теңге немесе бір жай акцияға 75,01 теңге жұмсалды.

**06 17 тамыз**  
Moody's рейтингтік агенттігі «KEGOC» АҚ рейтингін «Ваа3»-тен «Ваа2»-ға дейін «позитивті» болжамнан «тұрақты» болжамға көтерді.

**07 28 қыркүйек**  
«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында «Эмитент күні» бейнеконференция форматында өтті. Осы іс-шара аясында «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің қорытындылары баяндалды.

**08 14 қазан**  
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті «KEGOC» АҚ-ға 2021-2022 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындық паспортын берді.

**09 21 қазан**  
«KEGOC» АҚ жылдық 11,50% өтелетін кірістілікпен 16,6 млрд теңге жалпы көлеміндегі облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында ойдағыдай орналастырылды.

**10 29 қазан**  
«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай дауыс беру нысанында өтті, онда «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қаржылық есептілігі бекітілді, соған сәйкес Компанияның шоғырландырылған таза кірісі 27,5 млрд теңгені құрады, оның шамамен 80%-ын дивидендтерді төлеуге жіберу туралы шешім қабылданды.

**11 19 қараша**  
«KEGOC» АҚ 2021 жылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төледі. Дивидендтерді төлеуге 22 027 082 239,2 теңге немесе бір жай акцияға 84,72 теңге жұмсалды.

**12 24 қараша**  
«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, оның барысында кадрлық тағайындаулар жүргізілді. Бақытжан Қажиевтың жеке бастамасы бойынша «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Қаныш Молдабаев үш жыл мерзімге «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды, оның «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы ретіндегі өкілеттігі де мерзімінен бұрын тоқтатылды.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Сүйіншілік Тиесов сайланды.

Сонымен қатар Ернат Бердіғұловты «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіретін өкілі ретінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі етіп тағайындау туралы шешім қабылданды.

**13 15 желтоқсан**  
«KEGOC» АҚ «Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінің режимдерін басқаруды автоматтандыру» жобасымен екінші «Qazaqstan Project Management Awards–2021» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша екінші орын алды.

**14 21 желтоқсан**  
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясын бекітті.

**15 28 желтоқсан**  
Moody's рейтингтік агенттігі кредиттік қорытындыны жариялады және «KEGOC» АҚ рейтингін тұрақты болжаммен «Ваа2» деңгейінде растады.

**16 30 желтоқсан**  
«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС еншілес ұйымы «KEGOC» АҚ-ға тиесілі қатысу үлесінің 100%-ын мемлекет меншігіне өтеусіз беру арқылы иеліктен шығарылды.



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Компанияның миссиясы — Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін қамтамасыз ету және озық дамыту



## 81

Қуаты 38 742,9 МВА ҚС

Трансформаторлардың  
белгіленген  
қуаты



## 27

мың км

ӘЖ-нің  
жалпы  
ұзындығы



## 10

9 ЖЭТ филиалы

1 ЖО ҰДО филиалы

Филиал

## Компания туралы

«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАНИЯСЫ» (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ БОЙЫНША КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 1996 ЖЫЛҒЫ 28 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 1188 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС ҚҰРЫЛДЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАБЫН БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІРТҰТАС ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫ ДӘРЕЖЕСІ БЕРІЛГЕН. «KEGOC» АҚ 1997 ЖЫЛҒЫ 11 ШІЛДЕДЕ БАСТАПҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН ӨТТІ.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

2-1

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекеттің меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге табыс етілді. 2008 жылы «Қазына» Тұрақты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамының құқығын иеленуші болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның 25 999 999 дана жарияланған жай акциялары жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасында орналастырылды.

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген қызметтердің түрлері табиғи монополиялар саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

2-6

### МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Компанияның пайымы<sup>1</sup>: «Энергетикалық ауысу жағдайында болашақ энергетикалық жүйе мен нарықты өзгертуге көмектесетін, инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетикалық жүйені дамытуға үлес қосатын электр энергетикасы саласындағы көшбасшы».

**Компанияның миссиясы – Қазақстан энергетикалық жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігі мен озық дамуын қамтамасыз ету.**

Даму стратегиясы Компанияны ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға бағытталған, онда энергетикалық ауысумен және ЖЭК-ті энергетикалық жүйеге интеграциялаумен байланысты жаһандық трендтердің тигізетін әсері есепке алынған, экономиканы карбонсыздандырумен және елдегі экономикалық дамуды қамтамасыз етумен байланысты процестерді, Қазақстанда орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындауы жөніндегі мәселелерді шешу қажеттілігін, қазіргі заманғы инновациялық және цифрлық технологияларды, ҒЗТКЖ енгізуді, ESG қағидаларын ұстануды көздейді.

<sup>1</sup> – 2021 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның жаңа миссиясы мен пайымының жаңа редакциясын қамтитын «KEGOC» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті (№ 14 хаттама). «KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегиясы күшін жоюға қойылды.

## СЕРІКТЕСТІК

«KEGOC» АҚ маңызды салалық және басқа да ұйымдар мен қауымдастықтардың мүшесі және қатысушысы болып табылады, соның ішінде:

2-28

- **«Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі** («ҚЭҚ» ЗТБ) [www.kea.kz](http://www.kea.kz), негізгі міндеттері мыналар: қызметі электр энергетикасы саласымен тікелей немесе басқа түрде байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету; электр энергетикасы саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; өз мүшелерін сала мүдделері Үкіметтің, сот және басқа да органдардың шешімдеріне байланысты мәселелерде қолдау және ұстанымдарын қорғау;
- **«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі** («KazEnergy» ЗТБ) [www.kazenergy.com](http://www.kazenergy.com), негізгі мақсаты: мемлекеттік органдарда Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру; жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат алаңын құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын дамыту мен қолдау; «KazEnergy» ЗТБ, оның мүшелері мен жалпы алғанда саланың оң имиджін өңірлік және ғаламдық деңгейде тарату; қазақстандық қоғамдастықтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру;
- **«Qazaq Green» ЖЭК Қауымдастығы заңды тұлғалар бірлестігі** ([www.qazaqgreen.kz](http://www.qazaqgreen.kz)) негізгі мақсаты: саланы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жаңартылатын энергетика секторындағы ойыншыларды біріктіру болып табылады. Қауымдастықтың негізгі міндеттері: Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін білдіру және қорғау;

Қазақстанда ЖЭК жобаларын іске асыру мәселелері бойынша Қауымдастық мүшелері мен мүдделі инвесторлар үшін ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу; Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларына ұсыныстар енгізу арқылы инвестициялық ахуалды жақсарту; халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтасу; инвестициялар мен үздік практикаларды тарту үшін саланы халықаралық аренада таныстыру болып табылады;

- **Қазақстан электр қуаты резервтерінің пулы (ЭҚРПУЛЫ) мекемесі**, қызметінің негізгі мақсаты ПУЛРЭМ әзірлеген Қағидаларға сай ПУЛРЭМ қатысушыларына тиесілі энергия жабдықтары және/немесе халықаралық және өңірлік электр жеткізу желілерінің энергия жабдықтары кенеттен істен шыққан жағдайда энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қуат резервтерінің қажетті көлемін, құрылымы мен орналастыруды қалыптастыру болып табылады;
- **Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы** ([www.ark.org.kz](http://www.ark.org.kz)) кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сонымен қатар мемлекеттік органдарда, өкімет құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша жалпы мүдделерді білдіру және қорғау үшін бастапқыда ерікті түрде заңды тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Бұл ұйымға кіру Компанияға «KEGOC» АҚ мүдделерінде монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуге бастама жасауға және оны ілгерілетуге мүмкіндік береді. Қауымдастықтың жұмыс нәтижелері бұл нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оларды әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу болып табылады.



Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ шекаралас елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға көмектесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына тұрақты түрде қатысып отырады:

- ТМД Электр энергетикалық кеңесі;
- Кернеуі жоғары үлкен электр жүйелері бойынша халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques – CIGRE);
- Еуразиялық экономикалық одақ (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес;
- EURELECTRIC қауымдастығы;
- Әлемдік энергетикалық кеңес жанындағы Атқарушы ассамблея (WEC);
- БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы;
- Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесі (ОА ОЭК).

#### Біздің активтер:

- Трансформаторларының белгіленген қуаты 38 742,9 МВА болатын 81 ҚС
- 26 973,228 км ӘЖ
- 9 ЖЭТ филиалы және ЖО ҰДО филиалы
- 4 400 адам
- Қазіргі заманғы технологиялар

#### Біздің қызмет:

- Электр энергиясын жеткізу – **54,65 млрд кВт-сағ**
- Желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру – **105,04 млрд кВт-сағ**
- Өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру – **205,15 млрд кВт-сағ**

#### Біздің нәтижелеріміз:


- Таза пайда – **52,6 млрд теңге**
- 1 акцияға дивидендтер төленді – 2020 жылы **75,01 теңге** / 2021 жылғы 1-жарты жылдыққа **84,72 теңге**
- 31.12.2021 ж. жай-күй бойынша акциялар құны – **1 885 теңге**
- Сенімділік көрсеткіштері – **WWP 98,60% / SML 4,46 мин**
- Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі – **85%**

## БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

2-6

### Миссия

Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін, қолжетімділігін қамтамасыз ету және озық дамыту



### Құндылықтар

Шынайылық пен әділдік  
Уақыт талабы мен тұрақты даму  
Ауызбіршілік пен жауапкершілік  
Құрмет, дәстүр мен біліктілік

### Пайымы

Энергетикалық ауысу жағдайындағы нарықты және болашақ энергия жүйесін өзгертуге себеп болатын, инфрақұрылымды жоспарлау және таза энергияны дамыту арқылы тұрақты электр энергетика жүйесін дамытуға үлес қосатын электр энергетикасы саласындағы көшбасшы

### Негізгі ТДМ

- 4** САПАЛЫ БІЛІМ
- 7** ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ
- 8** ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ
- 12** ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

## ҚУАТ


2021 жылдың соңында габариті 0,4–1150 кВ, жалпы ұзындығы 26 973,228 км (тізбектер бойынша) болатын 384 әуелік электр жеткізу желісі (ӘЖ) және трансформаторларының белгіленген қуаты 38 742,9 МВА болатын кернеуі 35–1150 кВ-тық 81 қосалқы электр станциясы (ҚС) бар Ұлттық электр торабы (ҰЭТ) Ком-

панияның негізгі активі болып табылады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

2-6

### «KEGOC» АҚ ӘЖ ұзындығы


31.12.2021 ж. жай-күй бойынша



EU4

### «KEGOC» АҚ ҚС қуаты мен саны

31.12.2021 ж. жай-күй бойынша



EU1

## КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания құрылымына 9 «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) филиалы және «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалы кіреді.

«KEGOC» АҚ еншілес ұйымы – «Энергоинформ» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады.

«Энергоинформ» АҚ миссиясы – ең үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, БЭЖ ақпараттық-техлекоммуникациялық кешенін тиімді дамыту және оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Негізгі қызметі – «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, СБС, КҚЖ, АТС, ТОВЖ, ӨКЖ қызмет көрсету және корпоративтік сервистер.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру үшін 2005 жылы құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның акционері (акцияларының 20%-ы) болып табылады.

«KEGOC» АҚ 2021 жылғы 30 желтоқсанға дейін еншілес ұйым – «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның («ҚЕО жөніндегі ҚЕО» ЖШС) жалғыз құрылтайшысы болды. «ҚЕО жөніндегі ҚЕО» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және барлық ЖЭК (өздері үшін аталған қолдау схемасы таңдап алынды) объектілерінен электр энергиясын тіркелген тарифтер бойынша орталықтан сатып алуды мемлекет тарапынан кепілдендіру арқылы Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 357 бұйрығымен электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтерді орталықтан сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөнінде орталықтан қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бірыңғай сатып алушы ретінде белгіленді.


2021 жылғы 30 желтоқсанда «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС «KEGOC» АҚ-ға тиесілі 100% қатысу үлесін мемлекеттің меншігіне өтеусіз табыс ету жолымен иеліктен шығарылды.

2-6



# Қызмет географиясы

2-6, EU1



**26 973,228** КМ  
әуелік электр жеткізу желілері

**81** ҚС  
трансформаторларының  
белгіленген қуаты  
38 742,9 МВА





## Даму стратегиясы

«KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮКІЛ ЭКОНОМИКАСЫ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖӘНЕ КЕҢ АУҚЫМДАҒЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚАМТИДЫ, КОМПАНИЯ ОНЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯСЫН ҚҰРЫП, ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАҒАН КЕЗДЕ ЕСЕПКЕ АЛАДЫ. БІЗ ҚОҒАМ МҮДДЕЛЕРІНЕ ЫҚЫЛАСПЕН ҚАРАУҒА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҰЭТ-ТЫҢ ОЗЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, АДАМДАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, ЭКОЛОГИЯҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУҒА БАСТЫ НАЗАР АУДАРАМЫЗ. БҰЛ «KEGOC» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН.

Мемлекет «KEGOC» АҚ-ға оның басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз ету, энергия жүйесіндегі теңгерімді сақтау, жүйелік қызмет көрсету және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҰЭТ-ы арқылы электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету, ҰЭТ-ке техникалық қызмет көрсету және пайдалануға дайындығын қолдау жөніндегі функцияларын белгілейтін Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы дәрежесін бекітіп берді.

Табысты дамудың маңызды факторлары мыналар болып табылады:

- Компания қызметінің тиімділігін арттыру және активтер мен инвестициялық жобаларды басқаруға портфельдік тәсілдерді ендіру;
- электр энергетикасы саласын дамытуға (жаңартылатын энергия көздерін дамыту, бизнесті цифрландыру, процестерді автоматтандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б.) айтарлықтай әсер ететін электр энергетикасы саласында болып жатқан өзгерістердің әсерін есепке алу;
- сонымен қатар адамдардың түсінігін өзгерту.

### ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

**1-мақсат. Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету,** яғни Қазақстан БЭЖ-дің Жүйелік

операторы функцияларын сапалы орындау; қолданыстағы активтерді пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету, оларды жөндеу және жаңарту; жаңа электр энергиясын жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы Қазақстан Республикасы ҰЭТ-інің өткізу қабілетін арттыру; технологиялық даму және бизнесті цифрландыру.

**2-мақсат. «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін** салынған капиталдың тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа түрлерін дамыту, «KEGOC» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру арқылы қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

**3-мақсат.** Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру, корпоративтік басқаруды жетілдіру; адами капиталды дамыту және қоршаған ортаға қамқорлық арқылы **корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму.**

**2021 жылы Компания ірі инвестициялық жобаларды, іс-шаралар мен стратегиялық ҚНҚ қамтитын Жол картасының іске асырылуын есепке ала отырып, 2018–2028 жылдарға арналған стратегияны іске асыруды жалғастырды.**

### 1-мақсат. Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету

**Қолданыстағы активтерге пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту** жөніндегі міндеттерді орындау үшін «KEGOC» АҚ 220–500 кВ ӘЖ-ні ауқымды реконструкциялауды бастады.

220–500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялаудың 1-кезеңі бойынша «KEGOC» филиалдарының жалпы ұзындығы 2 029 км құрайтын 220–500 кВ ӘЖ-лерін қайта құру» жобасын іске асыру жалғастырылды. Жоба іске

асырыла басталғалы бері 2 029 км әуе желілерінің 1 306,7 км реконструкцияланды, оның 456,7 км 2021 жылы реконструкцияланды.

220–500 кВ ӘЖ-ні реконструкциялаудың 2-кезеңі бойынша «KEGOC» АҚ филиалдарының 220–500 кВ ӘЖ-лерін реконструкциялау» жобасының ТЭН-ін таңдалған мердігерлік ұйым әзірлеуді жалғастырды. «KEGOC» АҚ филиалдарының балансында тұрған 220–500 кВ-тық 48 ӘЖ реконструкциялау объектілері болып табылады.

**Электр энергиясын жеткізудің жаңа желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы Қазақстан Республикасы ҰЭТ-ының өткізу қабілеттілігін арттыру** міндетін орындау аясында «KEGOC» АҚ бірқатар стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыруда:

- «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін нығайту» жобасы республиканың батыс облыстары арасындағы 220 кВ электр желілерін нығайту арқылы Қазақстан БЭЖ-інің Батыс аймағындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігі мен өткізу қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Жоба аясында ұзындығы шамамен 779,7 км құрайтын жұмыс істеп тұрған 220 кВ-тық Орал – Правобережная – Индер – Қарабатан – Құлсары – Теңіз транзитінің екінші тізбегінің электр желілік объектілерін салу жоспарлануда.
- «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» жобасы «Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығына сай іске асырылуда. Жоба аясында Түркістан қаласының маңында 220 кВ жаңа қосалқы станция салу жоспарлануда, ол қолданыстағы 220 кВ желіге қосылады.

Корпоративтік электрондық почтаға қашықтықтан қол жеткізу жүйесі және «Бухгалтерлік есеп пен

салықты есепке алудың нысаналы моделін ендіру» бағыты бойынша «Кәсіпорынның автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін» ендірілді. Қазақстан ҰЭТ-ында WAMS жүйесін құруға арналған жабдық жеткізілді. Жоба бойынша ҚМЖ аяқталды. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің режимдерін басқаруды автоматтандыру үшін «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына кіретін, 3 компоненттен тұратын жоба іске асырылды:

1. WAMS/WACS синхрофазорлық технологиялары негізінде мониторингтеу және басқару жүйесі, бұл нақты уақыт режимінде басқару есебінен өткізу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді. Жоба пайдалануға берілді;
2. Аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі (ААОЖ) энергия жүйесінде қалыпты жұмыс режимі бұзылған кезде оның тұрақтылығын автоматты режимде қамтамасыз етеді. Жүйе пайдалануға берілді;
3. Жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесі (ЖҚАР), энергия жүйесіндегі электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін автоматты түрде қолдауды қамтамасыз етеді. Жоба пайдалануға берілді.

Екінші «Qazaqstan Project Management Awards–2021» ұлттық конкурсының қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ аталған жобаны іске асырғаны үшін екінші орын алды.

Сондай-ақ, Компанияның 2022–2031 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясына өткізу қабілеттілігін арттыруға бағытталған келесі перспективалық инвестициялық жобалар енгізілді:

- «Қазақстан БЭЖ-інің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» жобасы Оңтүстік аймақты электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған;

- «Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру» жобасы. Бұл жоба аясында Батыс аймақты Қазақстан БЭЖ-інің негізгі бөлігімен қосып тұратын электр жеткізу желісін салу қарастырылады. Нәтижесінде Батыс аймақты еліміздің жалпы энергия теңгеріміне тарту қамтамасыз етіледі және жалпы алғанда Батыс аймақтың тұтынушылары электрмен жабдықтау сенімділігі арттырылды.

2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бұдан әрі бекітуі аясында «KEGOC» АҚ болып жатқан жағдайды, сонымен қатар еліміздің энергия жүйесін дамыту персективаларын, соның ішінде маневрлік қуатты, жаңартылатын энергия көздерін, АЭС дамыту мәселелерін көрсететін 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерімді әзірледі.

### 1-мақсатты іске асыру индикаторлары

ҚНҚ атауы	2019 факт	2020 факт	2021 жоспар	2021 факт
WPP, %	99,64	98,63	98,55	<b>98,60</b>
SML, мин.	0,52	5,21	0,96	<b>4,46</b>

2021 жылғы SML жоспарлы көрсеткішінің өткен жылдың қорытындысы бойынша 4,46 минут мөлшеріндегі нақты мәнге қарсы 0,96 минут мөлшерінде айтарлықтай асып кетуінің негізгі себептері бұл табиғи құбылыстардың әсер етуі және Компания ықпал етпейтін бөгде тұлғалардың әсер етуі себебінен электр энергиясының толымсыз босатылуы (ENS немесе электр энергиясын МВт·сағ. толымсыз босату, SML есебінде есепке алынады) болып табылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын бұдан әрі толымсыз босата отырып, Компания қызметкерлерінің тікелей ықпалы (персоналдың қате әрекет етуі, пайдаланудағы кемшіліктер) жоқ.

Компанияның 2022 жылға арналған негізгі міндеттері:

- Қазақстан БЭЖ-дің жүйелік операторы функцияларын орындау.** «KEGOC» АҚ жүйелік оператордың Қазақстан БЭЖ-інің жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету бойынша функцияларын тиімді орындау үшін және «KEGOC» АҚ ҰЭТ-ты дамыту мақсатында төмендегіні жоспарлайды:
- ҚР ҰЭТ-ын дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

- салалық нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге белсенді қатысу;
- аварияға әкелген технологиялық бұзылыстар мен нашар пайдалануды азайту.

Компания 2022 жылы жоспарланған ЭТН-ды нақты режимде іске қосуға дайындау жұмысын жүргізеді. «KEGOC» АҚ ЭТН жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыратын жүйелік оператор ретінде ЭТН тиімді іске қосу және ЭТН операторының қаржылық реттеу бойынша тәуекелдерін нивелирлеу жұмысын жалғастырады;

- ҚР ҰЭТ-ын озық дамыту, ЖЭК-ті 15% деңгейінде тиімді интеграциялау.** Бұл міндет бойынша бейнебақылау жүйелерін, кіруді бақылауды басқару жүйелерін орнатуды, периметрлік күзет сигнализациясын орнатуды, бақылау-өткізу пункттерін, қоршаулар мен күзет жарығын салуды қоса алғанда, «KEGOC» АҚ филиалдарының 220–500 кВ ЭЖ-сін реконструкциялау бойынша жобаның кезеңдерін бұдан әрі іске асыру, сонымен қатар қосалқы станцияны қазіргі заманғы кешенді инженерлік-техникалық қауіпсіздік құралдарымен жаратқандыру

бойынша жоба кезеңдерін бұдан әрі іске асыру көзделген. Желілерді дамыту жаңартылатын энергетиканы (генерациялау тұрақсыздығымен ерекшеленетін КЭС және ЖелЭС) дамыту үшін жағдай жасауды, ЖЭК ірі объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету үшін тиісінше электр желілерін салуды есепке алумен іске асырылады.

- Қазақстан ҰЭТ-тың өткізу қабілетін жаңа электр жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу арқылы арттыру.** Жаңа ЭЖ-лерді салумен байланысты іске асырылатын және перспективалы жобалар бойынша және сырттан электрмен жабдықтауды күшейту бойынша жұмыс жалғасатын болады.

2022 жылы технологиялық даму бойынша әлемдік тенденцияға сай базасында «Smart Grid» деп аталатын жаңа буынды электр желілері құрылған желі объектілерін (өлшеу, бақылау және басқару жүйелері) зияткерлік басқарудың әртүрлі элементтерін ендіру негіз болып табылатын электр энергетикасын технологиялық дамыту саласындағы жұмыс жалғасатын болады.

### 2-мақсат. «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету

Өткен жылы бизнесті трансформациялау бағдарламасының жаңартылған Портфелі мен Жол картасы

### 2-мақсатты іске асыру индикаторлары

ҚНҚ атауы	2018 факт	2019 факт	2020 факт	2021 жоспар	2021 факт
EBITDA, млрд теңге	81,2	88,5	108,4	94,1	<b>93,9</b>
NAV, млрд теңге	416,2	422,2	441,2	489,2	<b>486,3</b>

бекітілді. 2021 жылы Бизнесті трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асырудан болған таза пайда 2 734 061 мың теңгені құрады.

Ақпараттық қауіпсіздікті дамытудың 2018–2022 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, «KEGOC» АҚ-да «DLP» ақпараттың сыртқа кетуін болдырмау жүйесі және «PAM» артықшылықты пайдаланушыларды бақылау жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Сонымен бірге өнеркәсіптік құрылғыларда (НАС) орталықтан сәйкестендіру жүйесін ендіру жұмыстары орындалды. TUV NORD компаниясы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO 27001 халықаралық стандартына сәйкестігіне сыртқы аудит жүргізді. Аудит нәтижелері бойынша сәйкестік сертификатының қолданысы ұзартылды.

Сондай-ақ, Бизнесті трансформациялау бағдарламасының Жол картасы шеңберінде «KEGOC» АҚ «Тиімді кадрлық әлеуетті қалыптастыру», «Деректер архитектурасын әзірлеу», «Өндірістік процестерде деректерді талдауды қолдану бойынша зерттеу жұмыстары», «HSE саласындағы процестерді автоматтандыру», «Жоба мен портфельді басқаруды жетілдіру» іс-шаралары бойынша жұмыстар жүргізді.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін Компания ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, ЕАЭО ЖЭН, ЕЭК, ОА ҰЭК, ЖелЭС, ХЭК, CIGRE жұмысына белсенді қатысты.

## Қаржылық көрсеткіштер


млрд теңге



EBITDA

## NAV

млрд теңге



2021 жылғы 27 қаңтарда «KEGOC» АҚ-ның облигациялары өтелетін жылдық 11,6161% орта мерзімділік кірістілігімен 8,6 млрд теңге сомасына 8,9 млн дана жалпы көлемінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ сау-

да алаңында (KASE) ойдағыдай орналастырылды. 2021 жылы уәкілетті мемлекеттік орган Компанияның 2021–2026 жылдар кезеңіне арналған реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді бекітті.

## 3-мақсат. Корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму

Компания еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмысты жүйелі түрде жүргізеді. Еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау Компанияның сөзсіз басымдылығы болып табылады. Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайын жасау, техникалық операцияларды орындаған кезде жарақаттануды азайту, жұмыскерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, сонымен қатар зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіліп отырады.

2021 жылы филиалдарда қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті жүргізілді. ISO 45001 халықаралық стандартына сай «KEGOC» АҚ Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі жөніндегі 2021 жылға арналған бағдарламасын жүргізді.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ өндірістік персоналына жыл сайын және ауысым алдында медициналық тексеру жүргізіліп отырады.

Қосымша түрде зардап шеккендерге дефибрилляторларды қолдану арқылы жедел жәрдем көрсету бойынша оқу өткізілді.

2021 жылы Компания қызметкерлерінен кәсіби аурулар анықталған жоқ.

2021 жылы АД құрылымдық бөлімшелерінде, ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдарында БМЖ бойынша 370 ішкі аудит жүргізілді.

Компания тұрақты даму қағидаттарын іске асыруда айтарлықтай жетістіктерге жетті – Компания қызметінің нәтижелері жалпы тұрақты даму қызметі саласындағы және Компания қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сияқты салаларындағы қол жеткізуге болатын айтарлықтай нәтижені көрсетеді. Компания 2021 жылы «BBB» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингі бойынша жоспарланған стратегиялық көрсеткішке қол жеткізді.

«KEGOC» АҚ-ның кадрлық әлеуеті бұл Компанияны дамытудағы жетістікті анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. 2021 жылы Компания «KEGOC» АҚ 2019–2022 жылдарға арналған кадрлық саясатын іске асыру жөніндегі Жол картасының іс-шараларын, қоршаған ортаны қорғау, энергия үнемдеу, энергия тиімділігі және Экологиялық бағдарлама саласындағы іс-шараларды орындады.

## 3-мақсатты іске асыру индикаторы

ҚНҚ атауы	2018 факт	2019 факт	2020 факт	2021 жоспар	2021 факт
LTIFR, коэффициент	0,29	0	0	3,40	0,15
Өндірістегі өлімге әкелетін жазатайым жағдайлардың жиілігі, коэффициент	0,25	0	0	0	0
Корпоративтік басқару рейтингі	BB	BB	BB	BBB	BBB



2022 жылы еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі міндетті шешу үшін өндірістегі өлімге әкелетін жазатайым оқиғаларға нөлдік төзімділік өлшемін сақтай отырып, қауіпсіздік техникасы саласындағы нәтижелерді жақсарту көзделген. 2022 жылды «Еңбекті қорғау жылы» деп атауына байланысты Қордың компаниялары тобында Компания филиалдарының менеджменті үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік бағыты бойынша қызмет нәтижелерін бағалау индикаторлары күшейтілді.

Адами капиталды дамыту «KEGOC» АҚ 2019–2022 жылдарға арналған Кадр саясатын іске асыру жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

## АЛДАҒЫ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

2021 жылғы 21 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті. Даму стратегиясы компанияның пайымы мен миссиясы, «KEGOC» АҚ-ның ұзақ мерзімді кезеңге арналған стратегиялық даму бағыттары айқындалған ұзақ мерзімді стратегиялық құжат болып табылады. Даму стратегиясы Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына бағытталған, онда энергетикалық ауысумен және ЖЭК-ті энергетикалық жүйеге интеграциялаумен байланысты жаһандық трендтердің әсері есепке алынған, экономиканы карбонсыздандырумен және елдегі экономикалық дамуды қамтамасыз етумен байланысты процестерді, Қазақстанда орта мерзімді перспективада электр энергиясы мен қуаты тапшылығының туындауы жөніндегі мәселелерді шешу қажеттілігін, қазіргі заманғы инновациялық және цифрлық технологияларды, ҒЗТҚЖ енгізуді, ESG қағидаларын ұстануды көздейді.

«KEGOC» АҚ перспективада электр энергиясын өндіру мен тұтыну өседі деп болжамдап отыр, бұл Компа-

нияның электр энергиясын жеткізу бойынша және реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша Компания ұсынатын қызметтердің көлемдеріне оң әсер етеді.

«KEGOC» АҚ Қазақстан БЭЖ жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ететін және желінің қолжетімділігі (GA пайыздық көрсеткіші), орташа үзіліс уақыты (AIT), толымсыз жеткізілген электр энергиясы көлемі (ENS) және жүйелік қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану деңгейі сияқты көрсеткіштерді сапалы жақсартуға көмектесетін активтерін жаңарту мен дамыту жобаларын іске асыруды жалғастырады.

«KEGOC» АҚ-ны перспективада тұрақты дамыту корпоративтік басқаруды және еңбекті қорғауды басқару жүйесін бұдан әрі жетілдіру, Компанияның әзірленген жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес экологияны сақтау бойынша жауапкершілігін арттыру есебінен қамтамасыз етіледі.

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің, сонымен қатар оның қызметінің тиімділігін көрсететін негізгі индикаторлары бұл қызметтің негізгі көрсеткіштері немесе ҚНҚ болып табылады.

Компанияның ҚНҚ жүйесі мыналарға бағытталған:

- Компанияның Даму стратегиясы мен Бизнес-жоспарын, ірі стратегиялық жобалары мен бастамаларын іске асыру;
- Компания қызметінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін жақсарту;
- Компанияның қауіпсіз және авариясыз қызметін қамтамасыз ету;
- Компания қызметінің тиімділігін бағалауға қолданылатын теңдестірілген тәсіл.

Корпоративтік ҚНҚ мен басшы қызметкерлердің ҚНҚ-сын Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарушы қызметкерлер мен филиалдар басшыларының ҚНҚ-сын Компания Басқармасы бекітеді.

Есептік жылдың алты және тоғыз айының қорытындылары бойынша корпоративтік ҚНҚ мен басшы қызметкерлердің ҚНҚ-сының орындалуына мониторинг жүргізілді. Есептік жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейдегі ҚНҚ-ның нақты мәндері есептеледі.

2020 жылғы 15 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі қаржы-экономикалық көрсеткіштерді, Компания қызметінің өндірістік тиімділік көрсеткіштерін және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді қарастыратын корпоративтік ҚНҚ мен олардың 2021 жылға арналған нысаналы мәндерін бекітті. 2021 жыл қорытындысы бойынша корпоративтік ҚНҚ барлық нысаналы мәндеріне қол жеткізілді.

Басшы және басқарушы қызметкерлердің ҚНҚ-лары стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі мен өзектілігін сақтау үшін тұрақты түрде қайта қаралып отырады. Компания осы ҚНҚ-ның қолдануға жарамдылығы мен өзектілігін бақылауды бұдан әрі жалғастырады. Басшы және басқарушы қызметкерлерге сыйақы төлеу жүйесі «KEGOC» АҚ қызметінің нәтижелеріне тікелей байланысты, ал жыл сайын сыйлықақылар тағайындау және мөлшерін белгілеу шарттары Компанияның стратегиялық басымдықтарымен және ҚНҚ-мен байланысты.

2021 жылы Компания 2031 жылға дейінгі көміртегі ізін төмендету бағдарламасын бұдан әрі 2060 жылға дейінгі болжай отырып, әзірлеуге кірісті. Ағымдағы ахуалды талдау жүзеге асырылды және CO<sub>2</sub> (Score 1 және 2) тікелей және жанама шығарындыларының негізгі көздері мен көрсеткіштері айқындалды, өз қызметін жүзеге асыру кезде Компанияның көміртегі ізін төмендетуге арналған негізгі іс-шаралар айқындалды және «KEGOC» АҚ көміртегі ізін төмендету мониторингі үшін негізгі индикаторлар белгіленді. Бағдарламада 2031 жылға дейін төмен көміртекті дамуға қол жеткізу индикаторларын бекіту жоспарлануда.

2-23, 2-24, 201-2





# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

Қазақстан Республикасында өндірілген электр энергиясының 50%-ы «KEGOC» АҚ желілері арқылы жеткізіледі



54,65

кВт-сағ

Электр энергиясын  
жеткізу



105,04

млрд кВт-сағ

Желіге босатуды  
техникалық  
диспетчерлендіру



205,15

млрд кВт-сағ

Өндіру-тұтынуды  
теңгерімдеуді  
ұйымдастыру



## Салаға шолу

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ӘЗІРЛЕЙДІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕЙДІ. ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДА БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК УӘКІЛЕТТІ ОРГАН БҰЛ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті мемлекеттік монополия саласына жататын қызметті (соның ішінде табиғи монополия субъектісі ретінде «KEGOC» АҚ қызметін) бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

### САЛА ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы БЭЖ-і электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасына мынадай секторлар кіреді:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электр энергетикасы саласындағы басқа да қызметтер.


### Электр энергиясын өндіру секторы

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 190 электр станциясы жүзеге асырады. Қазақстанның электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 23 957,3 МВт; иелік қуаты 19 004,0 МВт құрайды (ЖЭК-тің иелік қуаты (КЭС, ЖелЭС, шағын ГЭС) электр қуатының болжамды теңгерімін жасау әдістемесіне сәйкес көрсетілген: су ағыны бойынша жұмыс істейтін бөгетсіз гидроэлектр станциялары – 30%; жел электр станциялары – 20%; күн электр станциялары – иелік қуаттан 0%).


Электр станциялары	Белгіленген қуаты, МВт
<b>Жылу электр станциялары барлығы</b>	<b>19 456,2</b>
бу турбиналық	17 394,5
▪ көміртозаңды	13 384,5
▪ газбен және мазутпен	4 010,0
газтурбиналық	2 061,7
<b>Жел электр станциялары</b>	<b>659,5</b>
<b>Күн электр станциялары</b>	<b>1 034,3</b>
<b>Гидроэлектр станциялары,</b>	<b>2 806,2</b>
соның ішінде шағын	271,4
<b>Биогазды қондырғылар</b>	<b>1,1</b>
<b>Жиыны</b>	<b>23 957,3</b>

## Аймақтар бөлігіндегі жиынтық иелік қуат:

### Электр станцияларының аймақтар бөлігі бойынша белгіленген қуаты




### МВт Батыс аймақ




### МВт

### Солтүстік аймақ



### МВт Оңтүстік аймақ



### МВт

## 2021 жылы белгіленген қуаты төмендегідей 455,5 МВт жаңа генерациялайтын қуат өндірілді:

<b>Ақмола облысы</b>	<b>128 МВт</b>
Торғай ЖелЭС «ЭлекетроСетьСтрой өндірістік фирмасы» ЖШС	4,5 МВт
Қызыл жар ЖелЭС «Вичи» ЖШС	3,5 МВт
№ 6 ТГ Ақмола ЖЭО-2	120 МВт
<b>Ақтөбе облысы</b>	<b>66,30 МВт</b>
Бадамша-2 ЖелЭС «Arm Wind» ЖШС	48,00 МВт
№11 ГТУ «Жаназольская ГТЭС» ЖШС	16,00 МВт
Ю. Қаратөбе ГПЭС «Казахтуркмунай» ЖШС	2,3 МВт
<b>Алматы облысы</b>	<b>26,8 МВт</b>
Чижинская ГЭС-2 «Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	25,80 МВт
Қапшағай ЖелЭС «SamrukGreenEnergy» ЖШС	1,00 МВт
<b>Шығыс Қазақстан облысы</b>	<b>29,85 МВт</b>
Тургусунская ГЭС «Тургусун-1» ЖШС	24,9 МВт
Чарск Ветер ЖЭС «Чарск Ветер» ЖШС	4,95 МВт
<b>Жамбыл облысы</b>	<b>49,20 МВт</b>
Тасөтке ГЭС-2 «Компания А & Т» ЖШС	9,2 МВт
«Жаңатас» ЖЭС	40 МВт
<b>Қызылорда облысы</b>	<b>10,00 МВт</b>
Жаңақорған КЭС «ХЕК-КТ» ЖШС	10,00 МВт
<b>Қостанай облысы:</b>	<b>50,0 МВт</b>
Ыбырай ЖЭС «Жел Электрик» ЖШС	50,0 МВт
<b>Маңғыстау облысы</b>	<b>30,4 МВт</b>
ГПЭС Жаңа өзен «ОралМұнайПром» ЖШС	30,4 МВт
<b>Түркістан облысы</b>	<b>65,0 МВт</b>
«Шоқтас» КЭС «KZT Solar» ЖШС	50,00 МВт
«Кушата» КЭС «KZT Solar» ЖШС	10,00 МВт
Задарья-2 КЭС «Каз Green tek Solar-1» ЖШС	5,00 МВт

## Электр энергиясымен жабдықтау секторы

Қазақстан Республикасы электр энергиясының нарығын электрмен жабдықтау секторы электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтан сатып алуды және оны бұдан әрі соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асыратын электрмен жабдықтайтын ұйымдардан тұрады. ЭЖҰ бөлігі электр энергиясын «кепілдікті жеткізушілер» функциясын атқарады.

Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері мыналар болып табылады:

- электр энергиясының көтерме сауда нарығына кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
- энергия беруші ұйымдар;
- энергиямен жабдықтау мақсатында кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
- функцияларын «KEGOC» АҚ атқаратын жүйелік оператор;
- функцияларын «КОРЭМ» АҚ атқаратын электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының операторы;
- ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы.

Қазақстан Республикасының БЭЖ-ін орталықтан диспетчерлік басқаруды «KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы – ЖО ҰДО» филиалы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының БЭЖ-інде орталықтан жедел-диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік

диспетчерлік орталықты (ӨДО) ЖО ҰДО-ға тікелей жедел бағындыру схемасы бойынша ұйымдастырылған.

## Электр энергиясын жеткізу секторы

Қазақстан Республикасының электр тораптары өз алдына қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және олардың арасын қосып тұратын, электр энергиясын жеткізуге және (немесе) таратуға арналған кернеуі 0,4–1150 кВ-тық электр жеткізу желілерінің жиынтығын білдіреді. Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде жүйе құрайтын торап рөлін Қазақстан Республикасының өңірлері мен шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электрлік байланысты, сонымен қатар электр станцияларының электр энергиясын беруін және оны көтерме сауда тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз ететін ҰЭТ атқарады. ҰЭТ құрамына кіретін кернеуі 220 кВ және одан жоғары қосалқы станциялар, тарату құрылғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері және электр станцияларынан электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын электр жеткізу желілері «KEGOC» АҚ теңгерімінде тұр. 2-6

**Өңірлік деңгейдегі электр тораптары** өңірлердің ішіндегі электрлік байланысты, сонымен қатар бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз етеді және өңірлік электр желілік компаниялардың балансында және пайдалануында тұр.

**Энергия беруші ұйымдар** шарттар негізінде өзінің немесе пайдаланатын (жалға алу, лизинг, сенімгерлікпен басқару және пайдаланудың басқа түрлері) электр тораптары арқылы электр энергиясын көтерме және бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтайтын ұйымдарға жеткізуді жүзеге асырады.

# ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-ДІ ЖЕДЕЛ-ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СХЕМАСЫ, 01.01.2022 Ж. ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША



Батыс ӨДО Атырау қ.	Ақтөбе ӨДО Ақтөбе қ.	Қостанай ӨДО Қостанай қ.	Ақмола ӨДО Нұр-Сұлтан қ.	Орталық ӨДО Қарағанды қ.	Солтүстік ӨДО Екібастұз қ.	Шығыс ӨДО Өскемен қ.	Оңтүстік ӨДО Шымкент қ.	Алматы ӨДО Алматы қ.	Шартты белгілер
«Атырау-Жарық» АҚ (Атырау ӨЭК) Атырау қ.	«Энергосистема» ЖШС (Ақтөбе ӨЭК) Ақтөбе қ.	«Межрегион энергогидроэнергетики» ЖШС (МРЭТ) Қостанай қ.	«Акмолдинская РЭК» АҚ Нұр-Сұлтан қ.	«Қарағанды-Жарық» ЖШС Қарағанды қ.	«ПРЭК» АҚ Павлодар қ.	«ВРЭК» АҚ Өскемен қ.	«Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС Шымкент қ.	«АЖК» АҚ Алматы қ.	<p><b>Өңірлік диспетчерлік орталықтардың деңгейі</b></p> <p>Өңірлік электр желілік компаниялардың деңгейі</p> <p>Ұлттық маңыздағы электр станциялары</p> <p>Электр станцияларының деңгейі</p>
«Маңғыстау ӨЭК» АҚ Ақтау қ.	«Батыс Қазақстан ӨЭК» АҚ Орал қ.	ЭПК «ForGail» (Қостанай ӨЭК) Қостанай қ.	«Кокшетауэнерго» ЖШС (Көкшетау ӨЭК) Көкшетау қ.	«Қарағанды ӨЭК» АҚ Қарағанды қ.	«Горэлектросеть» ЖШС Екібастұз қ.	«Казцинк Энерго» ЖШС Өскемен қ.	«ЖЭС» ЖШС Тараз қ.	«ТАТЭК» АҚ Талдықорған қ.	
Атырау ЖЭО АҚ Атырау қ.	«Ақсайгазпроменерго» ЖШС Батыс Қазақстан облысы	«Жарық-Жол» ЖШС (ӨЭК) Рудный қ.	«СевКаз РЭК» АҚ Петропавл қ.	«Жезқазған ӨЭК» АҚ Жезқазған қ.	«ЕЭК» АҚ ЭС Ақсу қ.	Бұқтырма ГЭК «Казцинк» АҚ Серебрянск қ.	«КРЭК» АҚ Қызылорда қ.	«КараталТранзит» ЖШС Талдықорған қ.	
ЖЭО-1 МАЭК «МАЭК-Казатомпром» ЖШС Ақтау қ.	«Самрук-энерго» АҚ АЖЭО Ақтөбе қ.	«Қостанай Южэлектросервис» МКК (КЮЭС) Арқалық қ.	«Астана ӨЭК» АҚ Нұр-Сұлтан қ.	«Главная распределительная энергостанция Топар» ЖШС МАЭС (ҚМАЭС-2) Топар қ.	«Экибастұзская ГРЭС-1» ЖШС Б. Нұржанов атынд. Екібастұз қ.	«АЭС У-Каменогорск ГЭС» ЖШС Өскемен қ.	«Байконурэнерго» ӨЭБ» МБК Байқоңыр қ.	«ЖШПК» ЖШС Тараз қ.	
ЖЭО-2 МАЭК «МАЭК-Казатомпром» ЖЭО Ақтау қ.	ЭС АФЭ «Қазхром ТҰК» АҚ Ақтөбе қ.	Жітіқаракоммун-энерго МКК Жітіқара қ.	«КТЖ ҰК» АҚ ЭЧ – 6, 7, 8, 10, 11, 14 Нұр-Сұлтан қ.	Қарағанд. МАЭС-1 "Bassel Group LLS" ЖШС Теміртау қ.	«Алюминий Казахстана» АҚ ЖЭО(ПЖЭО-1) Павлодар қ.	«АЭС Шульбинская ГЭС» ЖШС Шульбинск қ., «Казцинк-ТЭК (Текел. ЖЭО-2) Текелі қ.	«Жамбыл ГРЭС» им. Бәурұлова» ЖШС Тараз қ.	«Т-Транзит» ЖШС Текелі қ.	
АЭТ МАЭК «МАЭК-Казатомпром» ЖШС Ақтау қ.	«Жайықжылуэнерго» АӨ ОЖЭО Орыл қ.	Лисаковскгоркоммун-энерго ӨШБ МКК Лисаковск қ.	ЖЭО-1, 2 «Астана-Энергия» АҚ Нұр-Сұлтан қ.	ЖЭО-1, 3 «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС Қарағанды қ.	ЖЭО-2 «Павлодарэнерго» АҚ (ПЖЭО-2) Павлодар қ.	«Компания Лен.Кас.ГЭС» ЖШС (Лениног. каскад ГЭС) Өскемен қ.	ЖЭО 1, 2 «КазСпецЭлектрод» ЖШС Шымкент қ.	«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-1, 2, 3 Алматы қ.	
«АНП» ЖШС ЖЭО Атырау қ.	«Уральская ГТЭС» ЖШС Орал қ.	«ССГПО» АҚ ЖЭО (РЖЭО) Рудный қ.	«Степногорская ТЭЦ» ЖШС Степногорск қ.	ЖЭО-ПВС, ЖЭО-2 «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Теміртау қ.	ЖЭО-3 «Павлодарэнерго» АҚ (ПЖЭО-3) Павлодар қ.	«АЕС У-Каменогорская ТЭЦ» ЖШС Өскемен қ.	«3-Энерго-орталық» АҚ (ШЖЭО-3) Шымкент қ.	«АлЭС» АҚ Қалшағай ГЭС Қалшағай қ.	
ТГТЭС-1 «Тенгизшевройл» ЖШС Қаратон-1 қ.	ГТЭС – КПО «Қарағанды Петролиум Оперейтинг б.в.» Ақсай-2 қ.	КТЭК МКК ЖЭО (Қостанай ЖЭО) Қостанай қ.	«СевКазЭнерго» АҚ (ПЖЭО-2) Петропавл қ.	Жезқазған ЖЭО «Kazakhstan Energy» ЖШС Жезқазған қ.	ЕЖЭО «Экибастұзтеплоэнерго» АҚ Екібастұз қ.	«АЭС Согринская ТЭЦ» ЖШС г. Усть-Каменогорск	«Шардара ГЭС» АҚ Шардара қ.	«АлЭС» АҚ Каскад ГЭС (Алм.каскад ГЭС) Алматы қ.	
ТГТЭС-2 «Тенгизшевройл» ЖШС Қаратон-1 қ.	ЖГТЭС «Ақтөбемұнай-финанс» АҚ Жаңажол қ.	АТЭК МКК ЖЭО Арқалық қ.	«Первая ВЭС» ЖШС Ерейментау қ.	Балхаш ЖЭО «Kazakhstan Energy» ЖШС Балхаш қ.	«УПНК ПВ» ЖШС Павлодар қ.	«Риддер ТЭЦ» АҚ Риддер қ.	«Тараз-энергоцентр» АҚ (ЖЖЭО-4) Тараз қ.	«Мойнақ ГЭС» АҚ Мойнақ ГЭС	
ТГТЭС-3 «Тенгизшевройл» ЖШС Қаратон-1 қ.	«СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ (ГТЭС 45) Жаңажол қ.	«Голден Энерджи» ЖелЭС	«ЦАТЭК Грин Энерджи» ЖШС ЖелЭС «Астана – Expo 2017»	«Шахтинская ТЭЦ» ЖШС Шахтинск қ.		«Теплокоммун-энерго» МКК (Сем.ЖЭО) Семей қ.	«Кентау-Сервис» МКК (ЖЭО-5) Тараз қ.	«Казцинк-ТЭК» ЖШС (Текел. ЖЭО-2 және Қаратал ГЭС) Текелі қ.	
«Қашаған» ЭС АБІР КСО Қарабатан қ.	«АМК-Мұнай» ЖШС ГПЭС Оңтүстік Қаратөбе қ., ГПЭС Башенколь қ.		«Голден Энерджи» ЖелЭС	Күмкөл ГТЭС «ПТКР» АҚ		«Кызылордатеппо-электроцентр» МКК (КОЖЭО-6, КОГТЭС) Қызылорда қ.	«Кызылорда-2» ЖШС Тараз қ.	Ескі ГЭС-2, 3 «ЭнергоАлем» ЖШС	
«Қаламқас» ЭЖ ММГ Қаражанбас қ.	«АРБЗ» ЖШС ГПЭС		Нұра КЭС	ГТЭС Ақшабулақ «Кристал Менеджмент» ЖШС		«Бурное Солар-1,2» ЖШС Тараз қ.	«СКЗ-У» ЖШС Жаңа-Қорған с.	«Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС (Қаратал ГЭС -2, 3, 4) Қаратал с.	
«Sagat Energy» ЭС	«БатысПауэр» ЖШС ГТЭС-200			Ынтымақ шағын ГЭС «Казводхоз»		«СКЗ-У» ЖШС Жаңа-Қорған с.	«Номад Солар» ЖШС Қызылорда қ. Жаңа-Қорған с.	Талды-Қорған з/торабының ГЭС-і	
«ҚазАзот» АҚ Ақтау қ.	«Восход-Ориел» ЖШС ГПЭС-Восход			«Агрофирма Курма» БҒК		«Вакопур Солар» ЖШС Қызылорда қ. Жаңа-Қорған с.	«ЕкоProTech-Astana» ЖШС Түркістан қ.	Қалшағай-100 КЭС «ENEVERSE KUNKUAT» ЖШС	
ЖелЭС Тайман-2» Исатай ауданы, Атырау облысы	«Жайқимұнай» ЖШС ГПЭС-Чинарево			«КПМ Дельта» ЖШС КЭС Гүлшат		«Жанатаская ветровая электростанция» ЖШС Жаңатас с.	«НЕVEL Kazakhstan» ЖШС Кентау қ.	Шу-100 КЭС «M-KAT GREEN» ЖШС	
«КУС» ГТЭС Қарабатан қ.	«Қазақтұрқимұнай» ЖШС ГПЭС Оңтүстік Қаратөбе қ. Ақтөбе облысы			Кенгір КЭС «SES SARAN» ЖШС Кенгір қ.				«MISTRAL ENERGY» ЖШС Қаскелен 50 КЭС	
«Ақшүкүр» ЖЭС Тұлқараған ауданы, Маңғыстау облысы	«Arm Wind» ЖШС ЖелЭС Бадамши-1 Ақтөбе облысы			Ағадыр-1,2 КЭС «КазСолар 50» ЖШС Ағадыр қ.					
РМК ЖелЭС Тұлқараған ауданы, Маңғыстау облысы									
«Батыр» КЭС Маңғыстау облысы									
Сервис ЖелЭС Маңғыстау облысы									
Жаңғыз ЖелЭС Маңғыстау облысы									
Жаназен ГПЭС Маңғыстау облысы									


ЖЭК-ті пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыру «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ға жүктелді.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

2021 жылы Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру 114 447,9 млн кВт·сағ құрады, соның ішінде:

	Өндіру, млн кВт·сағ
<b>Жылу электр станциялары барлығы</b>	<b>91 164,2</b>
бу турбиналық	
▪ көміртозаңды	78 981,2
▪ газбен және мазутпен	12 183,0
газ турбиналық	10 701,8
<b>Гидроэлектр станциялары</b>	<b>9 184,9</b>
<b>Жел электр станциялары</b>	<b>1 758,0</b>
<b>Күн электр станциялары</b>	<b>1 636,5</b>
<b>Биогазды қондырғылар</b>	<b>2,5</b>

## 2021 жылы Қазақстан БЭЖ электр станцияларының электр энергиясын өндіру құрылымы



**114,4 млрд кВт·сағ** — **Барлығы**

Жалпы алғанда 2020 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 6 362,1 млн кВт·сағ-қа немесе 5,9%-ға артты.

**Бұл ретте:**

## Өндіру мынадай ірі электр станцияларында артты:

Электр станциялары	Электр энергиясын өндірудің арту көлемі	
	млн кВт·сағ	%
Екібастұз ГРЭС-1	3 322,0	17,1
«ЕЭК» АҚ	1 139,9	8,1
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 459,2	29,3
«Астана-Энергия» АҚ ЖЭО-2	569,1	17,7
«Караганда-Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-3	225,1	5,5
«3-Энергоорталық» АҚ (ШЖЭО-3)	67,0	8,7
«Арселор Миттал Теміртау» АҚ ЖЭО БАС	36,1	6,3

## Өндіру мынадай ірі электр станцияларында азайды:

Электр станциялары	Электр энергиясын өндірудің азаю көлемі	
	млн кВт·сағ	%
«Казахмыс Энерджи» ЖШС Жезқазған ЖЭО	-236,8	15,8
«СевКазЭнерго Петропавловск» ЖШС ППЖЭО-2	-628,7	18,9
«ССГПО» АҚ ЖЭО	-119,4	11,9
«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2	-109,2	4,2
«Атырау ЖЭО» АҚ	-174,6	8,4
«Арселор Миттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2	-108,0	4,8
«Топар» ЖШС МАЭС	-372,4	8,0

Жамбыл ГРЭС-тің Қазақстанның Оңтүстік аймағында электр энергиясын өндіруі 2139,4 млн кВт сағ құрады, бұл 2020 жылғыдан 330,3 млн кВт сағ-қа көп. «Жамбыл МАЭС» АҚ 2021 жылы қаңтардан бастап наурызға дейін екі блокты режимде, 1 сәуірден бастап бір блокты режимде жұмыс істеді. Станция 2021 жылғы 31 тамызда газ құбырын жөндеуге байланысты тоқтады. Станция 2021 жылғы 6 қыркүйекте бір блокпен жұмысқа қосылды. 2021 жылғы 1 қазанда екінші блок жұмысқа қосылды, 2021 жылғы 11 қарашада үшінші блок жұмысқа қосылды.

Қазақстан ГЭС-інде электр энергиясын өндіру 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 360,9 млн кВт·сағ-қа (3,8%) азайды. Станциялардың жұмыс режимі су шаруашылығы теңгерімімен және гидрологиялық жағдаймен айқындалды.

АЭТ-та электр энергиясын өндіру 4 501,6 млн кВт·сағ-қа (5,2%) артты.

ГТЭС-та электр энергиясын өндіру 1 174,1 млн кВт·сағ-қа (12,3%) және ЖЭК (КЭС, ЖелЭС, БГҚ) 1 047,3 млн кВт·сағ-қа артты.

Қазақстан БЭЖ-інде электр энергиясын өндірудің негізгі үлесі (шамамен 80%) төмен маневрлі жылу электр станцияларына тиесілі. Барлық ГЭС-тың шама-

мен жартысына жуығы су режимдері бойынша қатаң түрде реттелген, бұл Қазақстан БЭЖ-де маневрлік генерация тапшылығын тудырады.

Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін арттыру мақсатында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «KEGOC» АҚ «Қазақстан БЭЖ режимдерін басқаруды автоматтандыру» жобасын іске асырды. Осы жобаның үш компонентінің бірі – жиілік пен қуатты автоматты реттеудің орталықтандырылған жүйесін (ЖҚАР ОЖ) енгізу.

ЖҚАР жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның электр станцияларындағы резервтерді автоматты басқаруға қосу қажет болғандықтан, жобаның синергетикалық әсері бар. Ол үшін Қазақстанның ірі электр станцияларында ЖҚАР жобалары қатар жүзеге асырылуда:

- «Самұрық-Энерго» АҚ-да «Самұрық-Энерго» АҚ мен «KEGOC» АҚ жобаларын синхронизациялаудың бірлескен жоспарына сәйкес Екібастұз ГРЭС-1-де және Мойнақ ГЭС-інде ЖҚАР ОЖ-ға қосылу үшін үлкен жұмыс жүргізілді;
- Бұқтырма және Өскемен ГЭС-ті ЖҚАР ОЖ-ға интеграциялау орындалды.
- Шұлбі ГЭС-інде әлі де ГЭС-ті ЖҚАР ОЖ-ға интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.



ЖҚАР жүйесінің пайда болуымен теңгерімсіздікті болдырмауға қажетті уақыт, ол жүйенің өзі орындайтыны анықталған жағдайда, азаяды. Қазақстанның энергия жүйесіндегі теңгерімсіздікті толық жою үшін бес электр станциясы жеткіліксіз, бұл үшін техникалық дайындық дәрежесі өте жоғары электр станцияларын тарту жөніндегі жұмыс жалғасуда.

2021 жылы Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2020 жылмен салыстырғанда 6 545,5 млн кВт-сағ-қа немесе 6,1%-ға өсіп, 113 890,3 млн кВт-сағ-ты құрады.

Тұтыну Қазақстанның барлық аймақтары бойынша өсті: Солтүстік аймақ бойынша 3 331,7 млн кВт-сағ-қа (4,7%), Батыс аймақ бойынша 1 013,0 млн кВт-сағ-қа (7,5%), Оңтүстік аймақ бойынша 2 200,8 млн кВт-сағ-қа (9,5%) өсті.

### Тұтынуды көбейтті:


Тұтынушылар	Электр энергиясын тұтынудың арту көлемі	
	млн кВт-сағ	%
«Таразский Metallургический завод» ЖШС	16,7	6,0
«Сәтпаев атындағы канал» РМК	121,9	44,9
«Қазхром ТҰК» АҚ (Ақтөбе ФЗ)	36,9	1,1
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС	10,4	0,8
«Арселор Миттал Теміртау» АҚ	63,5	1,7
«УКТМК» АҚ	46,8	7,3

### 2020 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынуды азайтты:

Тұтынушылар	Электр энергиясын тұтынудың азаю көлемі	
	млн кВт-сағ	%
«Қазхром ТҰК» АҚ (Ақсу ФЗ)	-647,7	11,1
«Соколовско-Сарбайское ГПО» АҚ	-110,3	6,4
«Қазфосфат» ЖШС	-109,9	5,0
«АНПЗ» ЖШС	-23,6	3,1
«Қашаған» ЭС AGIP KCO NCOC	-13,4	1,2
«Казцинк» ЖШС	-70,8	2,5

### Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну құрылымы


млн кВт-сағ



2021 жылғы есептік кезеңде 2020 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну Шығыс Қазақстан облысы бойынша 432,2 млн кВт-сағ (4,7%), Қарағанды облысы бойынша 540,6 млн кВт-сағ-қа (2,9%), Павлодар облысы бойынша 750,9 млн кВт-сағ-қа (3,6%), Ақмола облысы бойынша 1108,4 млн кВт-сағ-қа (12,1%), Батыс Қазақстан облысы бойынша 350,9 млн кВт-сағ-қа (15,5%), Атырау облысы бойынша 417,7 млн кВт-сағ-қа (6,7%), Алматы облысы бойынша 1 085,1 млн кВт-сағ-қа (9,5%), Жамбыл облысы бойынша 373,6 млн кВт-сағ-қа (7,6%), Түркістан облысы бойынша 548,7 млн кВт-сағ-қа (10,5%) айтарлықтай өскені байқалады.

### Электр энергиясын тұтыну динамикасы


млн кВт-сағ



2021 жылы электр энергиясын өндіру тұтынадан 557,6 млн кВт-сағ-қа асты.




## Электр энергиясын өндіру-тұтыну динамикасы



Есептік кезеңде Ресейден электр энергиясының сальдо-ағыны 461,7 млн кВт-сағ (2020 жылы Ресейден 123,1 млн кВт-сағ) құрады. Бұл ретте Ресейге электр энергиясының экспорты 1 326,6 млн кВт-сағ (2020 жылы – 1 117,5 млн кВт-сағ) құрады, 2020 жылмен

салыстырғанда 209,1 млн кВт-сағ-қа артты. Ресейден электр энергиясының импорты – 1788,3 млн кВт-сағ (2020 жылмен салыстырғанда 547,7 млн кВт-сағ-қа артты). Экспорт пен импорт Ресей Федерациясынан теңгерімдеуші электр энергиясы көлемін есепке ала отырып, келтірілген.

## Ресеймен электр энергиясының сальдо-ағындары



Электр энергиясының экспорты  
Электр энергиясының импорты

Электр энергиясының сальдо-ағындары

Орталық Азияға сальдо-ағын 1 019,3 млн кВт-сағ құрады, бұл ретте ОА-ға электр энергиясының экспорты 1 324,5 млн кВт-сағ құрады, соның ішінде:

- Өзбекстанға – 637,7 млн кВт-сағ (Екібастұз ГРЭС-1 ЖШС-дан – 400,3 млн кВт-сағ, «ГРЭС Топар» ЖШС-дан – 45,6 млн кВт-сағ, «Ст.ЭГРЭС-2» АҚ-дан – 191,8 млн кВт-сағ);
- Қырғызстанға – 686,8 млн кВт-сағ (өзара алмасу шеңберінде Екібастұз ГРЭС-1 ЖШС-дан – 680,3 млн кВт-сағ, «ГРЭС Топар» ЖШС-дан 0,7 млн кВт-сағ, «KEGOC» АҚ – «НЭС Кыргызстана» ААҚ – 5,8 млн кВт-сағ).

## МАЙНИНГТІК ДАТА-ОРТАЛЫҚТАРЫ

**2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУДЫҢ ҚҰРТ ӨСУІНЕ МАЙНИНГТІК ДАТА-ОРТАЛЫҚТАРДЫ ЖАППАЙ ЖҰМЫСҚА ЕНГІЗУ ДЕ СЕБЕП БОЛДЫ.**

Жүйелік операторда бар деректер бойынша, Қазақстан Республикасында цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалардың тұтынуы «көлеңкелі майнингтің» тұтынуын есепке алмағанда, 1000 МВт астам көлемді құрайды.

Тұрмыстық тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды энергиямен жабдықтауды шектеуге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттамаға бірқатар түзетулер қабылдады.

Осылайша, түзетулерге сәйкес Жүйелік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін жасау және іске асыру кезінде, электр энергиясының немесе генерациялайтын қондырғылар қуатының тапшылығы туындаған кезде цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін,

сонымен қатар авариялық жағдайларды болдырмау үшін электр энергиясын жоспарлы жеткізуді шектеу немесе төмендету жөніндегі шараларды қабылдау құқығы, сондай-ақ электр қуаты нарығының жұмысы шеңберінде айыппұл коэффициентін қолдану арқылы энергия жеткізуші, энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың Жүйелік оператордың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға жеткізуді шектеу жөніндегі өкімін орындамағаны үшін жауапкершілігі көзделген.

Сонымен бірге, айыппұл коэффициентін қолдану шеңберінде энергия өндіруші ұйымдардың «сұр» майнерлерге электр энергиясын өткізгені үшін жауапкершілігі көзделген. Бұл ретте, өткен айларда «сұр» майнерлерге электр энергиясын өткізген жағдайлар анықталған жағдайда, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға электр энергиясын жеткізу жүзеге асырылған және өз қызметі туралы ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органды хабардар етпеген барлық айлар үшін электр қуаты нарығының жұмыс істеуі шеңберінде ЭӨҰ кірістерін қайтару тетігі көзделген.

Түзетулерге сәйкес, Жүйелік оператордың өкімдері 7-8 күн ішінде орындалмаған жағдайда, энергия өндіруші ұйымның қуат нарығындағы кірісі толығымен нөлге тең болады, ал ЭЖҰ-ның қуат нарығындағы қаржылық міндеттемелері 28 есе артады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрінің төрағалық етуімен электр энергиясының импорты мәселелерін қарау жөніндегі кеңестің 01.10.2021 жылғы хаттамасы негізінде Жүйелік оператор электр энергиясы мен қуатының тапшылығы туындаған кезде және/немесе авариялық жағдайларды болдырмау үшін цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты электр энергиясын тұтынуды шектеуді енгізеді.

2021 жылы цифрлық майнингті жүзеге асыратын субъектілердің электр энергиясын шектеу көлемі:

- Қазан – 83,259 млн кВт·сағ.
- Қараша – 201,642 млн кВт·сағ
- Желтоқсан – 200,036 млн кВт·сағ.

## Өндірістік қызмет

«ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС «KEGOC» АҚ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОР БОЛА ОТЫРЫП, НАРЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫНА ЕРКІН ҚОЛ ЖЕТКІЗУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ. ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАБЫНА ҚОСЫЛУ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ҚАҒИДАЛАР МЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. «KEGOC» АҚ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫНЫҢ БАРЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЭЛЕКТР ТОРАБЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ ҮШІН ТЕҢДЕЙ ЖАҒДАЙЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

ҰЭТ-қа қол жеткізу тәртібі туралы толығырақ Компанияның ресми сайтындағы «Біздің қызмет» бөлімінде танысуға болады.

«KEGOC» АҚ қызметін тұтынушылар заңды тұлғалар: энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады.


2-6

2021 жылы көтерме сауда нарығының субъектілеріне жүйелік қызметтер жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес толық көлемде көрсетілді. 2020 жылдан ауысқан және 2021 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттар мен келісімдердің жалпы саны төмендегіні құрады:

Шарттар	Саны
ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша	369
электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша	154
электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша	406
резервтік электр қуатын жеткізу және беру бойынша	1
ысыраптарды өтеу үшін және шаруашылық қажеттіліктеріне электр энергиясын сатып алу бойынша	8
қуатты реттеу қызметтерін сатып алу бойынша	5
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресейден электр энергиясын сатып алуға	1
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресейге электр энергиясын сату бойынша	1
«ФСК ЕЭС» ӨАҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызмет көрсету	1
«НЭС Узбекистана» АҚ үшін қуатты (жиілік) реттеу бойынша қызмет көрсету	1
«Батыс транзит» АҚ-да ысыраптарға электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсетуге	1
жоспардан тыс электр энергиясын сатып алуға	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан) сатып алуға	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін)	1
<b>Барлығы</b>	<b>951</b>

## Шарттарды санаттары бойынша бөлу

%



- 39,6 Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар
- 31,5 Энергия өндіруші ұйымдар
- 10,6 Энергия беруші ұйымдар
- 17,6 Тікелей тұтынушылар
- 0,6 Шетелдік контрагенттер


EU3, 2-6

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ

2-6

### «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу

млрд кВт·сағ




2021 жылы Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтің нақты көлемі 54,65 млрд кВт-сағ-ты құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштерден 8,5 млрд кВт-сағ-қа немесе 18,4%-ға жоғары. Артудың негізгі себебі мыналар:

- Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 8,55 млрд кВт-сағ-қа немесе 20,9%-ға өсті;

- электр энергиясын экспорттау көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 0,09 млрд кВт-сағ-қа немесе 7,7%-ға өсті;
- 2021 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ӨАҚ арасында жасалған шарт бойынша Ресей-Қазақстан-Ресей бағытында «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясы жеткізілді. Аталған транзит бойынша көрсетілген қызмет көлемі 3 957,3 млрд кВт-сағ құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 146,2 млн кВт сағ-қа немесе 3,6%-ға аз (4 103,5 млн кВт-сағ.).

## ТЕХНИКАЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕНДІРУ

### Техникалық диспетчерлендіру




2021 жылы электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтің нақты көлемі 105,04 млрд кВт-сағ-ты құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштер-

ден 6,05 млрд кВт-сағ-қа немесе 6,11%-ға жоғары. Бұл Қазақстан Республикасы энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіруінің артуымен байланысты.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ-ТҰТЫНУ ТЕҢГЕРІМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру




2021 жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 205,15 млрд кВт-сағ-ты құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштерден 12,29 млрд кВт-сағ-қа немесе

6,37%-ға жоғары, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын тұтынудың өсуімен негізделген.



## «KEGOC» АҚ-ның саладағы рөлі

млрд кВт-сағ



## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТЫП АЛУ-САТУ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАР

«ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС «KEGOC» АҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЭЖ-ІНІҢ ЖҮЙЕЛІК ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚАТАРЛАС ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ФУНКЦИЯСЫН АТҚАРАДЫ.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде тәулік ішінде электр энергиясын тұтыну теңсіздігі айқын байқалады: тұтыну түнде азайып, жұмыс күнінің басында артады және кешкі сағаттарда шекті (максималды) шамаға жетеді. Сонымен қатар, генерацияланатын қуаттардың негізгі үлесі өз технологиясы бойынша базалық режимде жұмыс істейтін (өз жүктемесін тез өзгерте алмайтын) жылу электр станцияларына тиесілі болып келетін

Қазақстан Республикасы БЭЖ-і өз жеке электр станцияларымен ауыспалы тұтыну графигін толықтай жаба алмайды. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде электр энергиясын өндіру мен тұтыну арасында теңгерімсіздіктер туындайды. Жұмыс істеп тұрған электр станцияларындағы жабдықтың авариялық тоқтауы және тұрақсыз генерациялауымен сипатталатын жаңартылатын энергия объектілерін ендірудің қарқынды болуы салдарынан Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде маневрлік генерациялайтын қуаттың жетіспеу жағдайы қиындай түседі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде пайда болатын теңгерімсіздіктерді жабу және жиілігін сақтау Ресей Федерациясы БЭЖ-імен қатарлас жұмыс шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру есебінен де қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасында жасалған Тараптардың энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы 2009 жылғы 20 қарашадағы келісімге сәйкес, «KEGOC» АҚ және «Интер РАО» ЖАҚ арасында Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-інің шекарасында электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағынының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында жыл сайынғы негізде электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жасалады. Осы Келісімге сәйкес ауытқуларды сатып алу-сатудың қаржылық нәтижесі Ресей Федерациясы энергетикалық жүйесінің Қазақстан Республикасы БЭЖ-індегі ауытқуларды физикалық реттегені үшін әділ төлем болып табылады.

2021 жылы «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-інің шекарасында электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағынының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 22 157,8 млн теңге (17,48 теңге/кВт-сағ) сомасына 1 267,7 млн кВт-сағ көлемінде электр энергиясын сатып алды.

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ-і мен Ресей Федерациясы БЭЖ-інің шекарасында электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағынының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 7 067,8 млн теңге (5,58 теңге/кВт-сағ) сомасына 1 267,7 млн кВт-сағ көлемінде электр энергиясын сатуды жүзеге асырды.

## ЖЭК-ті дамыту

БҮГІНГІ ТАҢДА ЖЭК СЕКТОРЫ БҰЛ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН СЕКТОРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЭК-ТІ ДАМУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ

ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІНІҢ АРҚАСЫНДА ЖЭК ОБЪЕКТІЛЕРІНЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ.

Төмен көміртекті даму бойынша халықаралық тенденцияларға сүйене отырып, 2013 жылғы мамырда Қазақстан еліміздің «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын қабылдады және ауқымды мақсатты бекітті: 2050 жылға қарай баламалы және жаңартылатын энергия көздерінің үлесі энергетикалық теңгерімнің жалпы көлемінде 50%-ды құрауы тиіс. Сонымен, «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сай ЖЭК-тің электр энергиясын өндірудегі жалпы көлемінде алатын үлесі 2020 жылға қарай 3%-ды, 2025 жылға қарай 6%-ды, 2030 жылға қарай 10%-ды және 2050 жылы 50%-ды (балама + ЖЭК) құрауы тиіс.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жиынтық белгіленген қуаты 2 010 МВт болатын 134 ЖЭК объектісі жұмыс істеді:

- қуаты 684 МВт болатын 40 жел электр станциялары объектісі;
- қуаты 1 038 МВт болатын күн 49 электр станциялары объектісі;
- қуаты 280 МВт болатын 40 гидро электр станциялары объектісі;
- қуаты 8 МВт болатын 5 биоэлектр станциялары объектісі.

2021 жылы жиынтық қуаты 393 МВт болатын 19 объект пайдалануға берілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша жаңартылатын энергетика объектілері өндірген электр энергиясының көлемі 4,2 млрд кВт сағ құрады (ЖЭС – 1 776,41 млн кВт-сағ; КЭС – 1 641,09 млн кВт-сағ; ГЭС – 799,74 млн кВт сағ; БиоЭС – 3,04 млн кВт-сағ) немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 3,69%-ы, бұл 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 30%-ды құрайды.

## 2021 жылы ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі бойынша ақпарат

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2021 жылы
<b>Белгіленген қуаты, соның ішінде:</b>	<b>МВт</b>	<b>2 010,32</b>
жел электр станциялары	МВт	683,95
шағын ГЭС	МВт	280,98
күн электр станциялары	МВт	1 037,61
биоэлектр станциялары	МВт	7,82
<b>Электр энергиясын өндіру, соның ішінде:</b>	<b>млн кВт-сағ</b>	<b>4 220,29</b>
жел электр станциялары	млн кВт-сағ	1 776,41
шағын ГЭС	млн кВт-сағ	799,74
күн электр станциялары	млн кВт-сағ	1 641,09
биоэлектр станциялары	млн кВт-сағ	3,04
Электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде өндірілетін ЖЭК электр энергиясының үлесі	%	3,69

**2021 жылы ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруінің артуы 2020 жылмен салыстырғанда 30%-ды құрайды**

## ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2-29

«KEGOC» АҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫН ЖАҚСARTY YШІН «ЖҮЙЕЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДАН ТҮСКЕН ШАҒЫМДАРДЫ БАСҚАРУ» ІШКІ СТАНДАРТЫ ӘЗІРЛЕНДІ. ОСЫ СТАНДАРТҚА САЙ КЕМ ДЕГЕНДЕ ЖАРТЫ ЖЫЛДА БІР РЕТ ЖҮЙЕЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАРЛЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА САУАЛНАМА ЖІБЕРІЛЕДІ. САУАЛНАМАҒА КОМПАНИЯ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖҰМЫС ДЕҢГЕЙІН, ҰСЫНЫЛАТЫН ІСКЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҢ ДҰРЫСТЫҒЫН, ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕДЕЛДІГІН, ЖҮЙЕЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН, ЖЕДЕЛ-ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУ БӨЛІГІНДЕ ӘДО ЖҰМЫСЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ «KEGOC» АҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ САПАСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ КІРЕДІ. КЕЛІП ТҮСЕТІН ЖАУАПТАР КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТАЛДАНАДЫ.

2021 жылы тұтынушылардың қанағаттану дәрежесінің орташа жылдық бағасы бес балдық шкала бойынша 4,73 балды құрады. Бұл жеткілікті түрде жақсы деңгей болып табылады. Жақсартуды талап ететін өлшемдер бойынша тиісті шаралар қолданылады.

Компанияға қызметтерді ұсынуға қатысты заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған айыппұлдар 2021 жылы болған жоқ.

2-27

## ЖЕЛІНІҢ СЕНІМДІЛІГІ


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР, СЕБЕБІ ЕЛІМІЗДЕГІ МЕТАЛЛУРГИЯ, МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ СИЯҚТЫ НЕГІЗГІ САЛАЛАР ЭНЕРГИЯНЫ ӨТЕ КӨП ҚАЖЕТ ЕТУІМЕН СИПАТТАЛАДЫ. СӘЙКЕСІНШЕ, ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТІРШІЛІК ЕТУ САПА-СЫ КӨБІНЕСЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЭНЕРГИЯМЕН СЕНІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЖАБДЫҚТАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ.

2021 жылы «KEGOC» АҚ электр желілерінде 309 авариялық ажыратулар болды (бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 25%-ға көп): 129 жағдайда желінің тұрақты жұмысы АҚІ құрылғыларының сәтті жұмыс істеп кетуімен сақталды, ал 180 жағдайда сәтсіз АҚІ нәтижесінде ажыратылды.

2021 жылы Компанияда 74 технологиялық бұзылыс тіркеліп, тексеру жүргізілді, олардың ішінде 2 авария, I дәрежелі 4 істен шығу және II дәрежелі 68 істен шығу. Көрсеткіш 2020 жылға қарай 54 %-ға өсті.

## Технологиялық бұзылыстарды жіктеу белгілері бойынша бөлу

%



- 55 Табиғат құбылыстарының әсері
- 7 Монтаждау ақаулары
- 11 Жасау ақаулары
- 20 Жіктелмеген себептер
- 7 Бөгде тұлғалар мен ұйымдардың әсері

2021 жылы электр жеткізу желілерінде 48 технологиялық бұзылыс болды. ӘЖ-дегі технологиялық бұзылыстардың жалпы санының 14-і ӘЖ элементтерінің зақымдануымен орын алды.

Желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін халықаралық тәжірибеде мынадай көрсеткіштер қолданылады:

**SAIDI**

(System Average Interruption Duration Index – ажыратудың орташа ұзақтығы) – орташа алғанда жүйедегі бір жылда болған бір ажыратуды сипаттайды.




EU29

Өткен жылы қосалқы станцияларда 26 технологиялық бұзылыс болды. ҚС-дағы технологиялық бұзылыстардың жалпы санының 7-еуі негізгі жабдықтың зақымдануымен болды.

**SAIFI**

(System Average Interruption Frequency Index – бұзылыстардың жүйеде пайда болуының орташа жиілігі) – тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілістерінің орташа жиілігін сипаттайды.



EU28

Авариялық ажыратулар мен технологиялық бұзылыстар санының өсуі Компания әсер ете алмайтын 2021 жылы орын алған қолайсыз метеорологиялық жағдайлармен негізделген.

Табиғат құбылыстарының әсерінен 41 технологиялық бұзылыс орын алды (жалпы санының 55%-ы).

Негізгі қолайсыз метеорологиялық факторлар:

- қатты жел;
- найзағайдан асқын кернеу;

- әуелік электр жеткізу желілерінің сымдары мен найзағайдан қорғайтын арқансымдарда көк мұздардың-қыраудың түзілуі және түсуі.

Генерациялайтын жабдықты авариялық ажырату Қазақстан БЭЖ жұмысының сенімділігін едәуір төмендетеді, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде авариялық жағдайларды туындата отырып, Жүйелік оператор бақылайтын қималарда артық жүктеудің орын алуына әкеп соғады.

Осылайша, 2021 жылы ЖЭС қазандықтары 63 062 сағатқа 1073 рет авариялық тоқтады (2020 жылы – 61811 сағатқа 1104 рет), бұл 31 тоқтауға аз және 1251 сағатқа көп.


Турбиналар 2021 жылы 44 366 сағатқа 276 рет авариялық жағдайда тоқтады (2020 жылы – 27 191 сағатқа

262 рет), бұл өткен жылдың деңгейінен 14 тоқтауға мен 17 175 сағатқа артық.


2021 жылы энергия блоктары 6 486 сағатқа 106 рет авариялық жағдайда тоқтады (2020 жылы – 4 389 сағатқа 80 рет), бұл 26 тоқтауға және 2 097 сағатқа артық.

**2019–2021 жж. агрегаттардың авариялық тоқтауларының ұзақтығы**

сағат



**2019–2021 жж агрегаттардың авариялық тоқтауларының саны**





Компаниядағы желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін SML (System Minutes Lost – потери системных минут) және WWP (Percentage of Work Without Problems – процент времени работы системы без сбоев) индикаторлары белгіленген. SML көрсеткішінің мәні 2021 жылы 4,46 минутты (2020 жылы 5,21), ал WWP – 98,60%-ды (2020 жылы 98,64 %) құрады.

## Инвестициялық қызмет

«KEGOC» КОМПАНИЯСЫ ІРІ АУҚЫМДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ОЙДАҒЫДАЙ ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА.

Қазақстанда 2021 жыл бүкіл әлемдегі сияқты Covid-19 пандемиясы орын алып, карантиндік шаралар жағдайында жұмыс істеумен өтті.

Алайда Компания қызметкерлері жоспарланған қаржы салымы көлемін игеруге барынша күш салды. Карантиндік шектеулерге қарамастан, 2021 жылғы инвестициялық бағдарламаның жоспарлы көрсеткіштерін орындай алды. 47,723 млрд теңге (ҚҚС-ны есепке алмағанда) жоспарланған кезде нақты игеру 44,221 млрд теңгені (ҚҚС-ны есепке алмағанда) құрады, бұл жоспардың 93%-ын құрайды.

### АҒЫМДАҒЫ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫҢ ДӘРЕЖЕСІ:

**І кезең. «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының 220–500 кВ-тық ӘЖ-лерін реконструкциялау**

Жобаны іске асыру басталғаннан бері 24 ӘЖ-нің 20-сында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді, соның ішінде 12 ӘЖ-де жұмыстар аяқталды: олардың ішінде 10 ӘЖ пайдалануға берілді, ал екі ӘЖ-де жұмыс комиссиясы жұмыс істейді. Қалған 8 ӘЖ-де жұмыстар

жалғасуда. Жобаны іске асыру басталғаннан бері барлығы 2 029 км желінің 1 306,7 км реконструкцияланды, соның ішінде 2021 жылы 456,7 км ӘЖЖ реконструкцияланды, олардың ішінде кернеуі 500 кВ ӘЖ – 161,5 км және 220 кВ ӘЖ – 295,2 км.

**2021 жылы күрделі қаржы салымының игерілуі**

**12,3 млрд теңге жоспарланған кезде**

**14,1 млрд теңге.**

### Қазақстан БЭЖ-дің Батыс аймағының электр желілерін күшейту

2021 жылы 220 кВ желілердің барлық 5 объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды: Орал – Правобережная, Правобережная – Индер, Индер – Қарабатан, Қарабатан – Құлсары және Құлсары – Теңіз.

2021 жылы 4 182 тіректің 1 227 тірегі орнатылды, бұл тіректердің жалпы санының 30%-ын құрайды. 2021 жылы 220 кВ Орал, Правобережная, Индер, Құлсары, Теңіз ҚС реконструкциялау және 20 кВ Қарабатан ТП салу үшін 2,4 млрд теңге сомасына жабдық жеткізілді.

**2021 жылы күрделі қаржы салымының игерілуі**

**3,2 млрд теңге жоспарланған кезде**

**4,1 млрд теңге.**

### Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту

220 кВ Ж-2439 «ГНПС – Кентау» ӘЖ, 220 кВ Ж-2309 «ГНПС – Шымкент» ӘЖ реконструкциялау және 220 кВ «Орталық» ҚС салу бойынша ЖСҚ әзірлеу 2021 жылы аяқталды; құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат алынды.

220 кВ «Орталық» ҚС-да 220 кВ ӘЖ кіру-шығу құрылғыларын реконструкциялау бойынша ҚМЖ, кірме жол төсемін орнату бойынша жер жұмыстары және АТҚ порталдары тіреулерінің астына іргетастарды орнату бойынша жұмыстар орындалды.

Объектіге 220 кВ автотрансформаторлар, 110-220 кВ ток және кернеу трансформаторлары, 110, 220 кВ ажыратқыштар, 110-220 кВ шиналық тіректер, 10, 110, 220 кВ асқын кернеу шектегіштері, РҚА жабдығы (шкафтар) және материалдар (т/б бұйымдар, металл) жеткізілді.

**2021 жылы күрделі қаржы салымының игерілуі**

**4,3 млрд теңге жоспарланған кезде**

**4,4 млрд теңге.**

### 2021 жылы ӘЗІРЛЕНГЕН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОБАЛАР:

#### Солтүстік-Оңтүстік тұрақты ток желісін салу

2021 жылы мердігер екі кезеңдік ТЭН-нің бірінші бөлігі ретінде жоба бойынша алдын ала ТЭН әзірлеуді жүргізді. Алдын ала ТЭН нәтижелерін «KEGOC» АҚ Басқармасы мен ғылыми-техникалық кеңес алдын ала мақұлдады. 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерімді бекітуді ескере отырып, жобаның келесі кезеңіне өтуі үшін ТЭН әзірлеу нәтижелерін «Самұрық-Қазына» АҚ-мен келісу бойынша жұмыс жүргізілуде.

#### Қазақстан БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу

Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Алматы облыстарының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін 500-220 кВ жүйе құраушы электр желісін күшейту.

Ашық тендер қорытындысы бойынша «Институт «Казсельэнергопроект» ЖШС-мен ТЭН әзірлеуге шарт жасалды. ТЭН әзірленуде, оның қорытындысы бойынша жобаны іске асыру параметрлері мен мерзімдері белгіленетін болады.

#### Батыс Қазақстан энергия жүйелерін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру

Батыс аймақты елдің энергия жүйесінің жалпы энергия теңгеріміне тартуды қамтамасыз ету және жалпы алғанда Батыс аймақты Республика аумағы бойынша Қазақстан БЭЖ-нің негізгі бөлігімен байланыстыратын магистральдық электр жеткізу желілерін салу арқылы Батыс аймақтың тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру.

Батыс аймақты ҚР БЭЖ-мен (әуелік электр жеткізу желісінің ұзындығы, бағыты, сондай-ақ токтың түрі) біріктіру бойынша оңтайлы шешім қабылдау мақсатында «KEGOC» АҚ ашық тендер қорытындылары бойынша «АУЭС» КАҚ-мен «Батыс Қазақстанның энергия жүйесін Қазақстан БЭЖ-імен біріктіру» жобасының алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – алдын ала ТЭН) әзірлеуге шарт жасады. Алдын ала ТЭН әзірленуде.

#### «Екібастұз индустриалдық аймағын сырттан электрмен жабдықтау. Электр желілік объектілерді салу»

Бұған дейін Павлодар облысының Әкімдігі Екібастұз қаласының Индустриялық аймағын (электр жүктемесі 500 МВт-тан астам) салуға бастамашылық еткен болатын. Индустриялық аймақты сырттан электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін осы жобаны іске асыру болжанып отыр.

Жобаны іске асыру аясында 1150 кВ Екібастұз ҚС-ға 500 кВ желілер арқылы қосылатын жаңа 500 кВ ҚС салу жоспарлануда. Жобаны іске асыру Екібастұз қаласының Индустриялық аймағын жаңа 500кВ ҚС-ның 220 кВ шиналарынан электрмен жабдықтау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. «KEGOC» АҚ және «Энергия» ҚОЭЖҒЗЖИ» АҚ арасында жобаның ТЭН-ін әзірлеуге шарт жасалды. ТЭН әзірленуде.

Жергілікті және пилоттық жобалар бойынша игеру жоспар бойынша 2 903,923 млн теңге болғанда 2 082,637 млн теңгені құрады. Ішкі желілерді сег-

менттеу, «SCADA/EMS жүйесін жаңғырту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және кәсіпорынның автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін енгізу (кеңейтілген бизнес-процестер) бойынша жұмыстар жүргізілуде. WAMS синхрофазорлық өлшеулер негізінде WACS басқару жүйесі мен жиілік пен қуат ағындарын автоматты реттеу жүйесін (ЖҚАР) жаңғырту бойынша жұмыстар орындалды.

Күрделі қаржы салымдары бойынша өндірістің ағымдағы деңгейін қолдау мақсатында 22 694,422 млн теңге (ҚҚС-сыз) жоспарланғанда, ҚҚС-ның 19 518,043 млн теңге (ҚҚС-ны есепке алмағанда) игерілді.

2022 жылы «KEGOC» АҚ келесі жобаларды іске асыруды жалғастырады:

- «I кезең. «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдары-ның 220–500 кВ ӘЖ-лерін реконструкциялау»;
- «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту»;
- «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту».

## Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

КОМПАНИЯДАҒЫ ҒЗТКЖ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ «KEGOC» АҚ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛАТЫН ҒЗТКЖ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА, ЖОСПАРЛАУҒА, ЕСЕПKE АЛУҒА, ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ МЕН ҚАБЫЛДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН БІРЫҒАЙ ТАЛАПТАРДЫ БЕЛГІЛЕЙТІН ТИІСТІ ІШКІ ҚҰЖАТТАРМЕН РЕТТЕЛЕДІ. ҒЗТКЖ МІНДЕТТЕРДІ АНЫҚТАУДАН БАСТАП ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІН КОМПАНИЯНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУДАН БОЛАТЫН НАҚТЫ ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ МЕН ЕСЕПKE АЛУҒА ДЕЙІНГІ БАРЛЫҚ ӨМІРЛІК ЦИКЛІН ҚАМТИТЫН ПРОЦЕСС РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ жүргізетін «Қазақстан БЭЖ-нің 500-220 кВ жүйеаралық

электр желілерінің статикалық және динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұлттық маңызы бар электр станциялары генераторларының АРВ теңшеу тиімділігін зерттеу» ҒЗТКЖ аяқталу сатысында.

Компания реактивті қуатты өтеу және Қазақстан БЭЖ-де өткізу қабілетін арттыру үшін FACTS құрылғыларын таңдау бойынша техникалық-экономикалық зерттеуді әзірлеуге кірісті. Зерттеу жұмысы «KEGOC» АҚ, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС және «Tetra Tech ES Inc» корпорациясының филиалы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде жүргізілуде.

## Бизнесті трансформациялау бағдарламасы

2021 жылы Компания «KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыруды аяқтады. 2016 жылдан бастап 2021 жылды қоса алған кезеңде Компания 10,5 млрд теңге инвестицияланғанда бағдарлама бастамаларын іске асырудан 26,5 млрд теңге таза пайда алды.

Жобалар – 9


Іс-шаралар – 16

IT жүйелері – 16

«KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасы

млрд теңге

2016–2021 жылдар



Қызметкерлердің орындаушылық тәртібінің жоғары болуы, компания басшылығы құрамының және трансформациялау орталығы ұжымының тұрақтылығы бағдарлама табыстылығының маңызды факторы болды. Компания басшылары бастамалардың демеушілері ретінде оларды іске асыруға белсенді қатысты, жобалау командаларына айтарлықтай қолдау көрсетті, өзгерістерге деген адалдығын көрсетті және қарамағындағыларды онымен қызықтырды. Трансформациялау бағдарламасы жобаларының бірінші портфелін қалыптастыру үшін бастамалар мен ұсыныстарды жинау ұйымдастырылды. Оған KEGOC қызметінің маңызды салаларында тиімділікті арттыруға бағытталған жобалар кірді.

## ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

### Процестер

**1. Компания қызметінің картасы бекітілді** – ARIS жүйесінде барлық процестер сипатталды, процестер үшін жауапкершілік пен рөлдер бөлінді, ҚНҚ мен ППД белгіленді.

Барлығы БП – 7 037:

- БП 1-деңгейлі – 40;
- БП 2-деңгейлі – 154;
- БП 3-деңгейлі – 6 840.

**2. Жобаларды басқарудың корпоративтік жүйесі ендірілді** – ІНҚ бекітілді және құжаттардың шаблондары әзірленді, оқыту және байланыс процесі дұрысталды.

### Технологиялар

Корпоративтік IT жүйелер:

- SAP ERP** – бухгалтерлік және салықты есепке алу, қаржылық есептемені шоғырландыру, кадрлық есепке алу және жалақыны есептеу, өндірістік ак-

тивтерді басқару процестері, сатып алу, өткізу және тәуекелдерді басқару процесі автоматтандырылды;

- ARIS** – бизнесті және жекелеген бизнес-процестерді басқаруды автоматтандыруға мүмкіндік беретін IT-архитектураны басқару жүйесі;
- ITSM** – IT басқару процестерін автоматтандыру жүйесі;
- ЕСМ** – электрондық құжаттарды сақтаудың орталықтандырылған жүйесі;
- Құжаттарды ұжымдық басып шығару** жабдықтарға, материалдық емес активтерге, материалдарға, жөндеулерге, АТ қызметтеріне, байланыс арналарына, техникалық қолдауға жұмсалатын шығындарды қысқартуға бағытталған.

**Өндірістік IT жүйелер:**

- ААОЖ** – қалыпты жұмыс режимі бұзылған кезде энергия жүйесінің тұрақтылығын автоматты режимде қамтамасыз ету;
- ЖҚАР** – энергия жүйесіндегі электр энергиясы өндіру-тұтыну теңгерімін автоматты қолдауды қамтамасыз ету;
- WAMS/WACS** – желінің өткізу қабілетін нақты уақыт режимінде басқару;
- Биллинг жүйесі** – көрсетілген қызметтің нақты көлемдерін есептеу және шоттарды ұсыну бөлігінде жүйелік қызмет көрсету процестерін автоматтандыру;
- Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету** – компанияның кибер шабуылдардан болатын шығындарын болдырмау және азайту;
- Технологиялық желі периметрін қорғау жүйесі – Жаңа буынды желіаралық экрандар;**
- Технологиялық желідегі ауытқуларды анықтау жүйесі;**
- Өндірістік жүйелерге кіруді бақылау жүйесі.**

### Адамдар

**«Өзгерістерді басқару» саласында құзыреттер жинақталды:**

1. Болжамдарды басқару және мүдделі тараптардың қанағаттануын бағалау іске асырылатын жобалардың сәтті болуына көмектесті.
2. Ендірілген жүйелердің негізгі (ішкі жаттықтырушылар) және соңғы пайдаланушыларын оқыту. **> 5 500 қызметкер оқыды.**
3. Жобаларды ақпараттық сүйемелдеу, Медиа-Жоспарларды, Жобалар коммуникациялары жоспарларын, бағдарламаларды ілгерілетудің тоқсан сайынғы нақты жоспарларын жасау. **Ішкі және сыртқы байланыс арналары арқылы шамамен 1 100 коммуникация.**
4. Өзгерістер агенттерінің пулы құрылды – өңірлерде жаңа идеяларды, Компанияның жаңалықтары мен құжаттарын ілгерілету және жаңа бастамалардың іске асырылуы туралы кері байланыс алу арнасы.

Мұның бәрі бизнес-процестерді реинжинирингтеуден басталды, оны аяқтағаннан кейін оларды автоматтандыру жұмыстары басталды. Ең ресурсты қажет ететін және күрделі жоба SAP ERP базасында бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жоба болды. Жоба екі кезеңде енгізілді: негізгі функционалды ендіру және бұдан кейін кеңейтілген процестерді ендіру. Базалық процестер 2019 жылы енгізілді, кеңейтілген процестерді енгізу жалғасуда.

«KEGOC» АҚ көрсететін жүйелік қызметтер қоғам үшін өте құнды болып табылады және олар кідіріссіз және үзіліссіз ұсынылуы тиіс. Осыған байланысты бағдарлама шеңберінде ендіру бойынша үш жоба іске асырылды: жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесі (ЖҚАР), аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі (ААОЖ) және синхрофазорлық технологиялар негізінде мониторингтеу және басқару жүйесі (WAMS\WACS). Осы жобаларды іске асыру Ұлттық электр торабы жұмысының сенімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Биллинг жүйесі» жүйелік қызмет көрсетуді жетілдіру бойынша іске асырылған жоба энергия нарығы субъектілерінің оң пікірлеріне ие болды. Клиенттермен өзара іс-қимыл процестері енгізілді, тұтынушылармен есеп айырысу процестері автоматтандырылды және шарттық және қаржылық құжаттар цифрландырылды. Клиенттердің қанағаттану деңгейінің өсуінен басқа, Компанияның курьерлік және почта қызметтеріне шығындары азайды. Қуат нарығының іске қосылуымен биллинг жүйесі дамиды, бұл жүйе функционалын кеңейтуге және дамытуға әкеледі.

IT-шешімдерді кеңінен енгізумен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері заңды түрде туындады. Сондықтан негізгі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-мен бірлесіп «Кибер қалқан» жобасы жүзеге асырылды. Жобаны іске асыру KEGOC технологиялық желісінің киберқауіпсіздігін, соның ішінде корпоративтік және технологиялық инфрақұрылыммен қатар ішкі және сыртқы қауіптерден қорғайтын бірыңғай талдау орталығына қосылу есебінен арттырды.

Трансформация бағдарламасының басты жетістігі адамдарда болған өзгерістер болды. Бағдарлама процестерді, технологияларды дамыту үшін түрткі болып қана қоймай, сонымен қатар қызметкерлердің әлеуетін, олардың құзыреті және жалпы ой-өрісін арттырды. Бұл компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында жаңа идеяларды үздіксіз жетілдіру, тұрақты іздеу және талдау процесін іске қосуға мүмкіндік берді.

## Тариф саясаты

**«KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТІ «ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫМЕН РЕТТЕЛЕДІ, СОҒАН СӘЙКЕС «KEGOC» АҚ ҰСЫНАТЫН МЫНАДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫНА ЖАТАДЫ:**

- ҰЭТ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

«KEGOC» АҚ өзінің құрылған кезінен бастап реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру жұмыстарын бірізді жүзеге асырып келеді, тариф саясатын жетілдіру бойынша тиісті ұйымдардың жұмысына белсенді түрде қатысады.

Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ-да Табиғи монополияларды реттеу комитетіне табиғи монополиялар саласына жататын реттелетін қызметтерге тарифтерді бекітуге (қайта қарауға) өтінім беру жұмысы жүзеге асырылуда.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, соған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағасына және капиталдың кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидадары тарифтердің шекті деңгейлері қатарынан бірнеше жыл мерзіміне бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өзінің мүмкіндіктерін

ұзақ кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы өте толық ақпарат алуына мүмкіндігі бар.

«KEGOC» АҚ 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа тарифтер бекітілгенге дейін төмендегі тарифтер бойынша реттелетін қызметтер көрсетті:

- электр энергиясын жеткізу – 2,448 теңге/кВт-сағ;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру – 0,264 теңге/кВт-сағ;
- -электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру – 0,086 теңге/кВт-сағ.

Тарифтердің осы деңгейлері «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес белгіленді, оларға сәйкес 2020 жылға бекітілген қолданыстағы тарифтен бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бағытталған қаражатты қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға (амортизациялық аударымдар мен пайда) бағытталған қаражат алып тасталды.

ТМРК-ның 16.08.2021 ж. №79-НҚ бұйрығымен 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданысқа енгізілетін «KEGOC» АҚ-ның 2021-2026 жылдарға арналған реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтері, тарифтік сметалары төмендегідей мөлшерлерде бекітілді:

теңге/кВт-сағ	01.10.2021– 30.09.2022	01.10.2022– 30.09.2023	01.10.2023– 30.09.2024	01.10.2024– 30.09.2025	01.10.2025– 30.09.2026
Электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізу	2,797	2,848	3,004	3,106	3,134
Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру	0,306	0,314	0,333	0,348	0,355
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	0,098	0,102	0,105	0,108	0,110



Нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес мақсаты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың алдында қызметінің әділдігін қамтамасыз ету болып табылатын реттелетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет туралы жыл сайын жария тыңдалымдар жүргізеді.

Алайда, 2020–2021 жылдары COVID-19 пандемиясына байланысты және бақылаушы органдардың тыйым салуын ескере отырып, бұқаралық іс-шаралар, кездесулер, кеңестер, жария тыңдаулар және т. б. өткізуге карантиндік шектеулер қолданылған кезде Компания материалдарды «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында белгіленген талаптарға сәйкес орналастырды және сұрақтар болған жағдайда тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға жауап беруге дайын екендігі туралы хабарлады.

## Сатып алу тәжірибесі

**КОМПАНИЯДА АҚПАРАТТЫҚ АШЫҚТЫҚ, АЙҚЫНДЫҚ, ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫҚ ЖӘНЕ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ТИІМДІ САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ ҚҰРЫЛҒАН.**

2021 жылы «KEGOC» АҚ-да сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы бекіткен (2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 31/19 хаттама) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен (2019 жылғы 3 шілдедегі № 161 хаттама) «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылды.

Сатып алу қызметінің басымдылықтары мыналар:

- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының Мүгедектер ұйымдары тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының Тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарды өндірушілерден тауарлар сатып алу;
- білікті әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алу қызметін жүзеге асыру.

Сатып алу қызметін жүзеге асырған кезде әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілікке іріктеу моделі, яғни әлеуетті жеткізушілерді сауалнама және аудит жүргізу арқылы жүзеге асырылатын, жоғарыда көрсетілген стандартқа сәйкес белгіленген біліктілік өлшемдері талаптарына сәйкестігі нысанына бағалау процесі қолданылады. Алдын ала біліктілікке іріктеу жүргізген кезде әлеуетті жеткізушілер құқықтық құрауыш; әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру; әлеуетті жеткізушінің ресурстары; тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету; жобалар мен тәуекелдерді басқару; қауіпсіздік және еңбекті қорғау; қоршаған ортаны қорғау және т.б. сияқты өлшемдер бойынша бағаланады.

Компания жүргізетін сатып алуларға әлеуетті жеткізушілердің мынадай жағдайда қатысуға құқығы жоқ, егер:

1. әлеуетті өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері (тең орындаушысы) немесе консорциумға кіретін заңды тұлға Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға адал емес сатып алушылар тізілімінде және (немесе) Жалған кәсіпорындар тізбесінде және (немесе) мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сатып алуға адал емес қатысушылар тізілімінде және (немесе) Банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген банкроттар тізімінде тұрса;

2. әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (тең орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, және (немесе) құрылтайшылар (акционерлер) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізілсе;
3. әлеуетті өнім беруші тіркелген орны салық және бюджетке төленетін төлемдер түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітетін жеңілдікпен салық салынатын мемлекеттер тізбесіне (оффшорлық аймақтар) енгізілген мемлекет немесе аумақ болып табылатын заңды тұлға болса қатысуға құқығы жоқ.

Осыған байланысты, сатып алу рәсімдерін өткізген кезде әлеуетті өнім берушілерге тексеру жүргізіледі.

### 2021 жылғы сатып алулар

млн теңге	«KEGOC» АҚ	«Энергоинформ» АҚ	Барлығы
Барлығы тауарлар	40 283	1 120,67	41 403,67
<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ с.і. тауарлар (жақын шетелден, соның ішінде Ресей мен Қырғызстаннан алынатын электр энергиясын есепке алмағанда)</li> </ul>	23 789	–	
Жұмыстар	24 688	13,08	24 701,08
Қызметтер	12 027	282,89	12 309,89
<b>Барлығы</b>	<b>76 998</b>	<b>1 416,64</b>	<b>78 414,64</b>

«KEGOC» АҚ ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша ұлғайтуға сүйене отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға қолданылатын тәсілдерді оңтайландыруға бағытталған және өткен кезеңдер шығыстарына,

Сатып алу қызметін өткізу кезінде «KEGOC» АҚ Сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушілерін қолдау бойынша Стандартта көзделген шараларды қабылдады.

Өнім берушілермен өзара іс-қимыл ыңғайлы болу үшін сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына» АҚ-ның [www.zakup.sk.kz](http://www.zakup.sk.kz) электрондық сатып алу порталы арқылы жүргізіледі, бұл тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерді көбірек тартуды және сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін бәсекелі ортаны қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ([www.zakup.sk.kz](http://www.zakup.sk.kz)), сондай-ақ [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz) сайтында «Сатып алу» бөлімінде жаңартылған Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметінің жылдық жоспары және «KEGOC» АҚ Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметінің ұзақ мерзімді жоспары жарияланады.

болашақ қажеттілікке, жеткізу нарығына және бизнес талаптарына жүргізілген талдаулар нәтижелері негізінде жасалған қорытындыларды қамтитын санаттық сатып алу стратегияларын (ССС) әзірлеуді және іске асыруды жалғастыруда.

2021 жылы «KEGOC» АҚ деңгейінде мынадай CCC іске асырылды: «Автошиналар», «Жоғары вольтті ендірмелер», «ТББ және металл конструкциялар», «ЛПА және шыны оқшаулағыштар».

Қор деңгейінде мына санаттар бойынша CCC іске асырылды: «Кабельдік-өткізгіш өнім», «Арнайы киім», «Арнайы аяқ киім», «Жүк автомобильдері және арнайы техника», «Отын», «IT жабдығы және байланысқа арналған жабдық», «IT бағдарламалық жасақтама», «Жеңіл автомобильдер және автобустар» санаттары бойынша CCC іске асырылды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ өткізген сатып алу көлемі 2,462 млрд теңгені құрады.

Сатып алуды санаттық басқару жобасы бойынша пайда 0,117 млрд теңгені немесе 4,75% -ды құрады.

Осылайша, CCC іске асырудан түсетін жоспарлы экономикалық пайда асыра орындалып, 115%-ды құрады.

Сатып алулардағы жергілікті қамтуды дамыту әрқашан Компанияның ерекше назарында. 2021 жылы «KEGOC» АҚ-да тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі (жақын шетелден электр энергиясын есепке алмағанда) 83,66%-ды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 67,38%-ды құрады. «Энергоинформ» АҚ-да тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 7,67%-ды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда 91,81%-ды құрады.

2-6

## Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы

### Жоспар-факт талдауы

млн теңге	2021 жоспар	2021 факт	Ауытқ.	Ауытқулардың негізгі себептері
<b>Шоғырландырылған кірістер</b>	<b>384 864,0</b>	<b>199 424,1</b>	<b>-48,2%</b>	
▪ негізгі қызметтен болған кірістер	377 343,3	186 443,1	-50,6%	Төмендеуі 2021 жылғы желтоқсанда «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ны сыйға тарту шартын жасау арқылы мемлекеттің меншігіне иеліктен айыру себепті орын алды. Нәтижесінде жаңартылатын энергия көздері өндірген сатымдық электр энергиясын іске асырудан, сонымен қатар электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуден түскен түсім тоқтатылған қызмет нәтижесінде қайтадан жіктелді. Сонымен қатар көрсетілетін қызмет көлемімен өтелген инвестициялық құрайышсыз тарифтер бойынша қызмет көрсету теріс әсер етті.

**Шоғырландырылған шығыстар**      **340 015,5**      **152 651,8**      **-55,1%**

▪ өзіндік құн	317 100,5	120 682,9	-61,9%	Төмендеу, негізінен жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясын сатып алуға және тоқтатылған қызмет нәтижесінде электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстарды қайта жіктеумен байланысты. Бұдан басқа, негізгі қорлардың жіктеуіне өзгерістер енгізу салдарынан мүлік салығы бойынша салық салу базасының азаюы нәтижесінде мүлік салығы бойынша шығындар жоспарлы шығындармен салыстырғанда төмендеді; Орталық Азияға электр энергиясының жоспардан тыс ағындарының болмауы нәтижесінде келісім-шарттық емес іріктеулерді өтеу үшін электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстар бойынша; шығыстарды оңтайландыру жөнінде жүргізілетін шаралар нәтижесінде негізгі қызмет бойынша транзит (жөндеу кезінде) және өзге де шығыстар және негізгі қызмет бойынша өзге де ағымдағы шығыстар үшін көрсетілетін қызметтер бойынша. Бұл ретте, сатып алудың нақты көлемінің өсуі нәтижесінде электр энергиясы ағынының нақты мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға; негізінен Оңтүстік Қазақстан облысында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде электр энергиясын сатып алуға, электр желісі активтерін жөндеу бойынша бағаның өсуі салдарынан электр энергиясының технологиялық шығысын (ысырабын) өтеуге арналған шығыстар артты.
▪ жалпы және әкімшілік шығыстар	9 963,5	8 539,8	-14,3%	Төмендеу негізінен «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ны иеліктен айыру нәтижесінде болды.
▪ сату шығыстары	422,7	381,2	-9,8%	Төмендеу, негізінен, шығындарды оңтайландыру нәтижесінде болды.
Құнсызданудан болған залал/кіріс		-7 944,0		«Құрылыстар» сыныбы бойынша негізгі құралдарды қайта бағалау 01.12.2021 жай-күй бойынша жүргізілді.

**Операциялық пайда**      **49 856,5**      **48 895,2**      **-1,9%**

**2020 жылғы нақты көрсеткіштері бар 2021 жылғы шығыстар мен кірістердің нақты көрсеткіштерінің талдауы**

млн теңге	2020*	2021	Ауытқ.	Негізгі себептер
<b>Шоғырландырылған кірістер</b>	<b>185 852,9</b>	<b>199 424,1</b>	<b>7,3%</b>	
негізгі қызметтен болған кірістер	179 097,6	186 443,1	4,1%	Өсуі Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу көлемінің артуымен, сонымен қатар мемлекетаралық ағын сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сату көлемінің артуына байланысты.
<b>Шоғырландырылған шығыстар</b>	<b>127 253,8</b>	<b>152 651,8</b>	<b>20,0%</b>	
өзіндік құн	101 920,9	120 682,9	18,4%	Өсуі негізінен электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқуларын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алуға арналған шығыстардың артуымен, электр энергиясының технологиялық шығынын өтеуге, амортизациялық аударымдар, электр желісі активтерін жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығындардың өсуімен негізделген. Бұл ретте негізгі қорлардың жіктеуіштеріне өзгерістер енгізу салдарынан мүлік салығы бойынша салық салу базасының азаюы нәтижесінде мүлік салығы бойынша шығыстар төмендеді.
жалпы және әкімшілік шығыстар	7 817,1	8 539,8	9,3%	Шығыстардың артуы негізінен амортизациялық аударымдар бойынша шығыстардың, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік бойынша қызметтерді сатып алуға арналған шығындардың артуымен байланысты.
сату шығыстары	364,1	381,2	4,7%	Төмендеу, негізінен, шығындарды оңтайландыру нәтижесінде болды.
Құнсызданудан болған залал/кіріс	-19,2	-7 944,0		«Құрылыстар» сыныбы бойынша негізгі құралдарды қайта бағалау 01.12.2021 жай-күй бойынша жүргізілді.
<b>Операциялық пайда</b>	<b>68 976,2</b>	<b>48 895,2</b>	<b>-29,1%</b>	


\* – «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС иеліктен шығаруды есепке ала отырып, қайта есептелді

2-6

Жоғарыда аталған факторлар 2021 жыл қорытындысы бойынша операциялық пайда мен қаржылық нәтижеге әсер етті.

**Қаржы-экономикалық көрсеткіштер динамикасы**

млрд теңге


**КОЭФФИЦИЕНТТЕР ТАЛДАУЫ**
**Негізгі индикаторлар**

Көрсеткіш	2019 жыл, факт	2020 жыл, факт	2021 жыл, факт
<b>1-деңгейлі стратегиялық ҚНҚ</b>			
<b>ROACE, %</b>	7,47	9,48	<b>7,70</b>
<b>EBITDA, млн теңге</b>	80 221,7	103 391,9	<b>93 865</b>
Кредиттік келісімдермен белгіленген ковенанттар			
<b>Ағымдағы өтімділік коэффициенті, кем дегенде 1</b>	2,19	1,69	<b>1,61</b>
«Самұрық-Қазына» АҚ белгілеген ковенанттар			
<b>Борыш/EBITDA, 3,80-нен көп емес</b>	1,70	1,49	<b>1,82</b>
<b>Борыш/Капитал, 1,40-тан көп емес</b>	0,31	0,32	<b>0,23</b>

\* – «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС иеліктен айыруды есепке ала отырып, қайта есептелді

2021 жыл ішінде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен ковенанттар бойынша стандарттар бұзылған жоқ.



## ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құраушының Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де маңызды стратегиялық мәні бар, «KEGOC» АҚ акционерлері мен инвесторлары үшін ұзақ мерзімді құнының өсуіне бағытталған.

Бизнес-жоспар мен бюджетті қалыптастыру және бекіту рәсімдері (соның ішінде Компания объектілерін салу, реконструкциялау және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға күрделі қаржы салымда-

ры жоспары) «KEGOC» АҚ Бизнес-жоспарын (Даму жоспарын) және бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын мониторингтеу қағидаларымен регламенттеледі. Бизнес-жоспар шоғырландырылған түрде, яғни еншілес ұйымдардың жоспарларын қоса алғанда, 5 жылдық кезеңге өзгермелі негізде әзірленеді. Бизнес-жоспарды іске асыру үшін жылдық бюджет бекітіледі. Бизнес-жоспардың орындалу мониторингін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырады.

### Экономикалық құнды бөлу

млн теңге	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
<b>Жалпы капиталдандыру</b>	<b>632 163,54</b>	<b>663 590,50</b>	<b>908 336,27</b>
▪ меншік капиталы	481 838,02	502 556,47	737 136,82
▪ қарыз капиталы	150 325,52	161 034,03	171 199,45
Мемлекеттен алынған қаражат	0	0	0
<b>Құрылған экономикалық құн*</b>	<b>160 158,80</b>	<b>185 852,94</b>	<b>199 424,10</b>
▪ негізгі қызметтен түскен кірістер*	154 629,42	179 097,56	186 443,14
▪ қаржылық кірістер*	3 581,81	5 480,24	5 368,22
▪ басқа да кірістер*	1 947,57	1 275,13	7 612,74
<b>Бөлінген экономикалық құн*:</b>	<b>157 587,49</b>	<b>170 101,47</b>	<b>201 789,23</b>
▪ еңбекақы төлеу шығыстары*	20 167,09	21 101,73	23 672,49
▪ салықтар және мемлекеттік бюджетке алымдар бойынша шығыстар*	17 932,84	21 334,15	14 047,26
▪ капитал жеткізушілеріне төлемдер*	40 842,53	43 952,81	53 200,01
▪ қайырымдылық және демеушілік көмек*			
▪ басқа да операциялық шығындар*	78 260,29	77 761,28	99 492,06
▪ басқа да операциялық емес шығындар*	384,74	5 951,50	11 377,43
Бір жылға салық салынғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түскен пайда	6 535,83	4 967,04	13 471,47
<b>Бөлінетін экономикалық құн</b>	<b>9 107,14</b>	<b>20 718,50</b>	<b>11 106,33</b>

\* – «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС иеліктен айыруды есепке ала отырып, қайта есептелді

2-6, 201-1, 201-4

Тұрақты қаржылық нәтижелік Компанияға негізгі стейкхолдерлер алдындағы:

- қызметкерлерге жалақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша;
- акционерлерге дивиденд төлеу бойынша;

- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ жұмысының сапасы мен сенімділігін арттыру бойынша;
- жеткізушілермен уақытылы есеп айырысу бойынша;
- салық төлеу бойынша міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындауға мүмкіндік береді.

### ТЕҢГЕРІМ ТАЛДАУЫ

Көрсеткіш, млн теңге	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2021–2020 жж.
Айналымнан тыс активтер	698 081,7	659 175,9	695 192,5	1 019 820,4	46,70%
Айналым активтері	57 769,0	97 111,0	116 820,1	73 396,9	-37,17%
<b>Барлығы активтер</b>	<b>755 850,7</b>	<b>756 987,7</b>	<b>812 012,6</b>	<b>1 093 217,3</b>	<b>34,63%</b>
<b>Капитал</b>	<b>472 693,8</b>	<b>481 838,0</b>	<b>502 556,5</b>	<b>737 136,8</b>	<b>46,68%</b>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	236 958,6	230 808,2	239 766,9	310 396,6	29,46%
Қысқа мерзімді міндеттемелер	46 198,3	44 341,5	69 689,2	45 683,9	-34,45%
<b>Міндеттер барлығы</b>	<b>283 156,9</b>	<b>275 149,7</b>	<b>309 456,1</b>	<b>356 080,5</b>	<b>15,07%</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер барлығы</b>	<b>755 850,7</b>	<b>756 987,7</b>	<b>812 012,6</b>	<b>1 093 217,3</b>	<b>34,63%</b>

Компанияның активтері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 1 093 217,3 млн теңгені құрады және 2020 жылға қарай 46,70%-ға өсті. Теңгерім құрылымының 93,30%-ы ұзақ мерзімді активтерге тиесілі, олар көбінесе негізгі құралдармен берілген. Жыл қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді активтер 46,70%-ға (немесе 324,63 млн теңгеге) артты және 1 019 820,4 млн теңгені құрады. Ұзақ мерзімді активтердің өсуі негізінен негізгі құралдарды қайта бағалаумен негізделді.

Теңгерімнің 7%-ын қысқа мерзімді активтер құрайды. 2021 жылы олар 37,2 %-ға (немесе 43 423,1 млн теңгеге) өсті және олар жылдың соңына қарай 73 396,9 млн теңгені құрады. Төмендеуі «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ны мемлекеттің меншігіне беруге байланысты дебиторлық сауда берешегінің, қаржылық активтердің, сонымен қатар ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының азаюына байланысты.

Капитал 2021 жылдың соңында 737 136,8 млн теңгені құрады – 2020 жылға қарай 46,7%-ға немесе 234 580,3 млн теңгеге өсті. Өсуі негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервтің артуына байланысты. Теңгерім құрылымындағы капиталдың үлесі 67 %-ды құрады.


Жыл қорытындылары бойынша міндеттемелер 356 080,5 млн теңгені құрады, 2021 жылға қарай 15,07%-ға немесе 46 624,4 млн теңгеге артты. Міндеттемелердің 87 %-ы ұзақ мерзімді, 13%-ы қысқа мерзімді болып табылады. Ұзақ мерзімді міндеттемелер 49,2%-ы қарыздармен, 48,8%-ы кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелермен және 2%-ы кредиторлық берешекпен және басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелермен берілген. Қысқа мерзімді міндеттемелер 47%-ға сауда-саттық және басқа да кредиторлық берешекпен берілген.

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

«KEGOC» АҚ-ДА 2007 ЖЫЛДАН БАСТАП ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЕНДІРІЛІП, ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. БҰЛ ЖҮЙЕ ТРИДВЕЙ КОМИССИЯСЫНЫҢ ДЕМЕУШІЛІК ҰЙЫМДАР КОМИТЕТІ ӘЗІРЛЕГЕН «ҰЙЫМ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ. БІРІКТІРІЛГЕН МОДЕЛЬ» COSO ERM (COSO) ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАБЫЛДАНҒАН КОНЦЕПТУАЛДЫҚ МОДЕЛДЕРІ ЖӘНЕ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ТАЛАПТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛДЫ.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, оларды бағалауға және «KEGOC» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне теріс әсер ететін тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды жасауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауышы болып табылады.

### Тәуекелдерді басқару процесі



**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТБЖ МАҚСАТЫ «KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТЕРІС ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ ДӘРЕЖЕСІН ШЕКТЕУ ЖОЛЫМЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары мыналар:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатысуы;
- тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;
- Компания қызметкерлерін тәуекелдерді басқару саласында оқытудың және олардың арасында білім алмасудың үздіксіздігі;
- есептеме беру мен тәуекелдердің күшеюі кезіндегі ашықтық және әділдік.

Тәуекел-менеджмент Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, құрылымдық бөлімшелердің – тәуекелдер иелерінің, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі жалпы алғанда ТБЖ-ның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына жауап береді, тәуекелдерді басқару бөлігінде бағыт сілтеп отырады, сонымен қатар белгіленген бағыттың бүкіл Компания мен ЕҰ бойынша көрініс табуын қамтамасыз ететін тетіктерді іске асыруға жауап береді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет те өз қызметін осылайша жүзеге асырады, оның міндеті «KEGOC» АҚ тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешім қабылдау, сонымен қатар «KEGOC» АҚ Басқармасына Компания тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау болып табылады. 2021 жылы 11 отырыс өткізілді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін бизнеспен байланысты, стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер және комплаенс тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін есепке алумен жүзеге асырады. Компанияның 2022 жылға арналған Тәуекелдер тізіліміне тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша 50 тәуекел енгізілді. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару іс-шаралары әзірленді, тәуекелдердің иелері белгіленді. Компания Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептемені ұсыну жолымен негізгі тәуекелдердің динамикасына және оларды азайту бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

2-12, 403-2

### «KEGOC» АҚ анағұрлым маңызды және өзекті тәуекелдері:

#### Еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлардың туындау тәуекелі

Компанияның қызметінде персонал қауіпсіздік техникасы ережелері мен жолда жүру ережелерін бұзу салдарынан еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлардың туындау тәуекеліне бейім.

«KEGOC» АҚ-да осындай тәуекелдің алдын алу мақсатында қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларға оқыту, жүргізушілерді қиын жағдайларда автокөлікті қауіпсіз басқаруға үйрету, жедел ауыстырып-қосу және жөндеу жұмыстарын жүргізу процесін бейнежазбаға түсіру, анықталған бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлей отырып, электр желілерінің техникалық

жай-күйіне, оны пайдалануды ұйымдастыруға, еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігіне тексеру жүргізу, мамандандырылған ұйымның өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізуі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы шетелдік және отандық компаниялардың үздік тәжірибелерін зерттеу және талдау жүргізілуде.

### Валюталық тәуекел

АҚШ долларының және басқа да валюталардың айырбастау бағамының теңгеге қатысты ауытқуы Компания бизнесіне, оның қаржылық жағдайы мен жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Компанияның қарыз капиталы мен сыйақылары бойынша шығыстарының көп бөлігі АҚШ доллары мен еуроға берілген уақытта Компанияның кірістері теңгеммен беріледі. Сондықтан АҚШ долларының және (немесе) еуроның нарықтық айырбастау бағамының теңгеге қатысты көтерілуі Компания пайдасының оның шығыстарына қатысты азаюына әкелуі және оның жұмысы қорытындысында көрініс табуы мүмкін.

Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ ақшалай қаражатты депозиттерге шетел валютасында орналастырады.

### Контрагент банктерге қатысты кредиттік тәуекелдер

Бұл тәуекел контрагент банктердің дефолты, контрагент банкке қатысты кредиттік тәуекелдің болмауы немесе сапасыз бағалануы салдарынан туындауы мүмкін.

Осы тәуекелді реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ-да ай сайын контрагент банктердің қаржылық жағдайына (кредиттік рейтингтер, қаржылық коэффициенттер, күрт теріс ақпарат) мониторинг жүргізеді, ақша қаражаттарын өте сенімді контрагент банктерге немесе басқа да қаржы құралдарына қайта бөлуді жүзеге асырады.

### Коронавирустың әсер ету тәуекелі

Компания қызметкерлерінің коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі бар. Осы тәуекелді азайту мақсатында «KEGOC» АҚ-да профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру және коронавирустық инфекцияға байланысты жағдайды бақылау жөніндегі штаб жұмыс істейді; «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің бір бөлігі қашықтан жұмыс істеуге ауыстырылды, қызметкерлердің температуралары күнделікті өлшеніп тұрады, жұмыс кездесулері/оқулар онлайн режимде өткізіледі, қоғамдық тамақтану орындарында санитарлық нормалар талаптарының сақталуына күнделікті бақылау жүргізіледі, «KEGOC» АҚ қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау жөніндегі бұдан кейінгі шаралар туралы» бұйрық әзірленді.

### Контрагенттердің көрсетілген қызметтер үшін ақы төлемеуі

Бұл тәуекел тұтынушылардың көрсетілген жүйелік қызметтерге төлемақыны уақтылы төлемеуіне байланысты туындауы мүмкін.

Тәуекелді реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ-да келесі іс-шаралар өткізілуде:

- берешекті өтеу қажеттілігі туралы жазбаша ескертулер жіберу;
- берешекті өтеу мәселелері бойынша борышкерлермен көшпелі кездесулер, бейне конференциялар өткізу, төлем кестелерін келісу, берешекті өтеу туралы келісімдер;
- мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға (әкімдіктер, комитеттер, ТЖ) борышкерге көрсетілетін қызметтердің тоқтатылуы немесе уақытша тоқтатылуы және тиісті шаралардың қабылдануы туралы хабар/хабарлама жіберу;
- шектеулерді кезең-кезеңімен енгізу бойынша техникалық сипаттағы іс-шараларды қолдану: тәуелділік кестені құру кезінде тұтынушылардың өтінімдерін қабылдамау, жарияланған тәуелділік

кестеден ауытқудың рұқсат етілген диапазонын болдырмау, жүйелік қызмет көрсетуді ішінара немесе толық тоқтату (оқшауланған жұмысқа шығу).

### ТМРК тарифтердің бекітілген шекті деңгейлерін төмендетуі, соның ішінде өтем тарифтерін енгізу

Бұл тәуекел тарифтерді бекіткен кезде ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтік сметалары мен инвестициялық бағдарламаның орындалмауына байланысты туындауы мүмкін.

«KEGOC» АҚ-да тәуекелді реттеу мақсатында бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламаның орындалуына жыл ішінде мониторинг жүргізіледі. Бұл ретте қажет болған жағдайда Компанияның құрылымдық бөлімшелерінен алынған ақпаратты да есепке алатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламаны түзету жөнінде ұсыныстар дайындалып, ТМРК-ге енгізіледі.

### Өндірістік активтердің бұзылуы

Бұл тәуекел зақымдануы, тозуы, зауыттық ақаулары, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаған кезде жол берілген ақаулар, табиғат құбылысының, бөгде тұлғалар мен факторлардың әсері, қызметкерлердің біліктілігінің төмен болуы, жөндеу персоналының қате әрекет етуі, пайдаланудың нашар ұйымдастырылуы салдарынан іске асырылуы мүмкін.

«KEGOC» АҚ электр желілеріндегі тәуекелдерді реттеу мақсатында келесі іс-шаралар өткізіледі:

- мерзімді тексерулер;
- жөндеу жұмыстарын;
- ҚС-да профилактикалық-пайдалану жұмыстары мен ЭЖЖ-де техникалық қызмет көрсету;
- техникалық куәландыру;
- ҚС мен ЭЖЖ жабдықтарының жай-күйіне тараптық ұйымдар тарапынан техникалық сараптама;

- күштік электр жабдықтарының жоғары вольттік ендірмелерін ауыстыру;
- активтерді жаңарту және реконструкциялау;
- қойма шаруашылығына түскен кезде жабдықтарды кіргізуді бақылау;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысын бақылау;
- анықталған ақаулар мен факторларды уақтылы жою;
- жеке және заңды тұлғалар арасында электр желілерінің күзету аймақтарында активтердің иелерімен келіспей жұмыс жүргізуге тыйым салынатыны туралы түсіндіру жұмыстары;
- персоналды авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу дағдыларына үйрету;
- көлік құралдары мен арнайы техниканың авариялық-қалпына келтіру жұмыстарына дайындығын қамтамасыз ету;
- филиалдарды авариялық қорлармен толықтыру;
- ҚС жабдықтарын сақтандыру;
- аварияға қарсы жаттығулар;
- персоналды жабдықтардың өндірушілерінің оқытуы;
- персоналды біліктілікті арттыру курстарында оқыту;
- қауіпсіздік қағидалары бойынша қайталама нұсқамалар, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар, технологиялық және жұмыс нұсқамалары;
- Техникалық пайдалану қағидалары, Қауіпсіздік техникасы қағидалары бойынша білімдерін тексеру;
- регламенттік және жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуын бақылау;
- технологиялық бұзылыстар нәтижелері бойынша іс-шаралардың сапалы әзірленуі мен олардың орындалуын бақылау;
- мердігерлердің жөндеу жұмыстарын сапалы орындалуын бақылау.

### Қазақстан БЭЖ-де қуат тапшылығының туындауы тәуекелі

Бұл тәуекел жеті жылдық болжамды теңгерімде көзделген генерациялайтын қуатты ендіруде артта қалуы, Қазақстан БЭЖ-де қуатты тұтынудың жеті жылдық



болжамды теңгерімде көзделгеннен өсуі (соның ішінде деректерді өңдеу орталығын ендіру есебінен), жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қуаттың жұмыстан жоспардан тыс шығуы (авария, жоспардан тыс жөндеу), негізгі генерациялайтын жабдықтың пайдаланудан шығуы салдарынан жұмыс істеп тұрған электр станцияларының белгіленген қуатының төмендеуі салдарынан болуы мүмкін.

Тәуекелді реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ-да келесі іс-шаралар жүргізілуде:

- Электр энергетикасы туралы Заңға сәйкес бекіту үшін алдағы жеті жылдыққа арналған электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгерімі жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасының ЭМ-ге жіберу;
- қатарлас жұмыс шеңберінде ҚР БЭЖ ауытқуларын реттеу;
- уәкілетті органды электр станцияларындағы авариялық және негізгі генерациялайтын жабдықтың жай-күйін қалыптандыру шараларын қабылдау қажеттілігі туралы хабардар ету;
- жетіспейтін немесе істен шығатын қуаттардың орнын алмастыру механизмдерін әзірлеу;
- Шарттың талаптары мен НҚА талаптарының бұзылуына жол берген ЭКН субъектілерімен электр энергиясы мен қуатының пайда болған теңгерімсіздіктерін реттеу мақсатында іс-шаралар жүргізу;
- Қазақстан Республикасы электр станцияларының реттеу мүмкіндіктерін барынша пайдалану;
- уәкілетті органды негізгі генерациялайтын жабдықтың пайдаланудан шығуы салдарынан жұмыс істеп тұрған электр станцияларының белгіленген қуатының 100 МВт-тан көп төмендегені туралы хабардар ету;
- Қазақстан Республикасы тұтынушыларының электр энергиясы мен қуатына қажеттіліктерін барынша өтеу үшін Қазақстан БЭЖ-інде генерациялайтын қуаттарды жөндеу кестесін оңтайландыру;
- тапшылық туындаған жағдайда электр энергиясы экспортын шектеу;
- ҚР БЭЖ тұтынушылары үшін электр энергиясын

тұтыну шектеулерін ендіру;

- ҚР БЭЖ-інде электрмен жабдықтау үшін жеткілікті жағдаймен қамтамасыз ететін жаңа генерациялайтын қуатты ендіргенге дейін цифрлы майнингті жүзеге асыратын деректерді өңдеу орталықтарын электр торабына қосуға арналған «Сырттан электрмен жабдықтау схемаларын» келісуді, техникалық шарттарды беру мен келісуді тоқтату.

Сонымен бірге қаржылық есептілікті дайындау процесінде «KEGOC» АҚ тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін негізгі емес, бірақ маңызды болып табылатын «Қаржылық есептілікте дұрыс емес ақпаратты көрсету» тәуекелі бар. Бұл тәуекелдің пайда болу факторлары:

- Компаниядағы персоналдың біліктілігінің жеткіліксіз болуы;
- ҚЕХС және НҚА талаптарының өзгеруіне бақылаудың болмауы;
- есептік жүйеге деректерді қолмен енгізу кезіндегі қателер;
- қызметкерлердің жосықсыз әрекеттері;
- құрылымдық бөлімшелердің бастапқы дұрыс емес құжаттаманы ұсынуы.

Осы тәуекелді азайту мақсатында Компанияда:

- қызметкерлерді оқыту;
- құқықтық ақпарат деректер базасына мониторинг;
- қаржылық есептілік аудиті;
- есепке алу жүйесіне деректердің енгізілуін көп деңгейлі бақылауды қамтамасыз ету;
- «KEGOC» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің және еншілес ұйымдарының бастапқы дұрыс ақпаратты ұсынуын бақылау жүргізіледі.

Бұдан басқа, қаржылық есептілік аудитін жүргізген кезде аудитор:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелдері анықталады және бағаланады;
- осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық

рәсімдер әзірленеді және жүргізіледі;

- аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында ішкі бақылау жүйелері қарастырылады;
- қолданылатын есепке алу саясатының тиісті сипаты және бухгалтерлік бағалаудың және басшылық дайындаған ақпаратты тиісінше ашудың негізділігі бағаланады;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамдарды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасалады;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну тұтастай алғанда, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнына, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынатындығына бағалау жүргізіледі;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Компания туралы қаржылық ақпаратқа қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдер жиналады.

«KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі Компанияда жыл сайынғы негізде ТБКЖ тиімділігіне бағалау жүргізеді.

«KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) Компанияда тәуекелдерге қарай жедел әрекет ете алатын, негізгі және қосалқы бизнес-процестерді және күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыра алатын, сондай-ақ тиісті деңгейдегі басшылықты кез келген елеулі кемшіліктер мен жақсарту салалары туралы жедел түрде хабардар ете алатын басқару жүйесін құруды көздейді.

«KEGOC» АҚ ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмысты ұйымдастыру және орындау жөніндегі регламентке сәйкес, ІБЖ құрамына кіретін органдардың құзыреті олардың ІБЖ әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріндегі рөліне қарай шектеледі. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын жүзеге асыруда «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатында Компанияның

Кепілдік картасына сәйкес ұсынылған «Үш қорғаныс сызығы» моделіне сүйенеді. ІБЖ-ның қатысушылары бұл Директорлар кеңесі, Басқарма, Аудит жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі, құрылымдық бөлімшелер – бизнес-процестердің иелері, бақылау рәсімдерін орындаушылар, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания корпоративтік басқаруды  
жоспарлы және үздіксіз жетілдіреді



## BВВ

Корпоративтік  
басқару  
рейтингі



## 84,72

теңге 2021 жылғы  
1-жартыжылдықта

1 акцияға есептегенде  
дивидендтер  
төленді



## 1 885

теңге

31.12.2021 ж.  
жай-күй бойынша  
акциялардың құны

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару қағидаттары мыналар:

- органдар арасында міндеттерді айқын бөлуге негізделген корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі;
- акционерлердің құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету;
- акционерлер үшін теңдей жағдай жасау;
- тұрақты даму және мүдделі тараптардың корпоративтік басқарудағы рөлі;
- ақпаратты ашу және айқындық;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігі.

Компания Директорлар кеңесі, оның Комитеттері мен Атқарушы органы қызметінің тиімділігін арттыру; тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және тұрақты даму жүйелерін жетілдіру; ашықтық пен акционерлердің құқықтарын сақтауды арттыру жолымен корпоративтік басқаруды жоспарлы және үздіксіз жетілдіріп отырады. 2021 жылы тәуелсіз консультантпен бірлесіп, «Самұрық-Қазына» АҚ жүргізген диагностиканың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ корпоративтік басқару рейтингін «BB» деңгейінен «BBB» деңгейіне дейін көтеру осы жұмыстың нәтижесі болды.

Атап айтқанда, «Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі» бөлімі бойынша 2021 жылы Компания Директорлар кеңесінің отырыстарында CEO және CFO есептерін қарау практикасын жалғастырды, Компанияның перспективалық қызметкерлерімен кездесулер өткізілді, сонымен қатар Директорлар кеңесінде комитеттер төрағаларының, соның ішінде тұрақты даму мәселелері бойынша есептер тұрақты


түрде ұсынылады. Тұрақты стратегиялық сессиялар және инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізіледі. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мен комитеттерге материалдар мен есептерді ұсынудың кешенді регламентін бекітті.

«Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» бөлімі бойынша Компания тәуекелдерді басқару саласындағы Компания қызметкерлерінің кәсіби даму жоспарларына, контрагент банктер бойынша лимиттер мониторингіне және негізгі тәуекел көрсеткіштерін анықтауға байланысты процестерді жетілдірді. Ішкі аудит бөлігінде аудиторлық тексерулерді орындау, аудиторлық есептер мен ұсынымдар жазу, сонымен қатар ұсынымдар мониторингі процестері жақсарды.

«Акционерлердің құқықтары» бөлігінде Компания заңнамада белгіленгеннен аз мерзімде дивидендтер төлеу практикасын енгізді, сол арқылы осы бөлім бойынша компонент бойынша рейтинг деңгейі жоғары көрсеткішке жетті.

Тәуелсіз диагностика қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ компанияның жаңартылған даму стратегиясын, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін іске асыру, сондай-ақ әлемдік үрдістерді және Қазақстан Республикасы алған экологиялық, экономикалық және әлеуметтік иіндеттерді ескере отырып, орнықты даму саласында қойылған өршіл мақсаттарды іске асыру мәселелерін басқаруда Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру бөлігінде корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспарлы жұмысты жалғастырады.

## КОМПАНИЯНЫ БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ





## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ


2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны – 260 000 000 дана, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге

234 000 001 акция (90% плюс бір акция), миноритарлық акционерлерге 25 998 609 акция (9,9995%) тиесілі, қалған 1 390 дана акцияларын (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды.

2-1

### 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ акционерлерінің құрылымы

%



- 1,9 33 451 жеке тұлға
- 7,2 «Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
- 0,9 13 заңды тұлға
- 90 «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

+1 акция


2021 жылы Компанияның орналастырылған акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін акцио-

нерлер мен акциялар бойынша маңызды мәмілелер мен өзгерістер болған жоқ.

2-6

## «KEGOC» в 2021 жылы «KEGOC» АҚ акцияларының нарықтық құнының өзгеруі

теңге


 Дерек көзі – Қазақстан қор биржасы (<https://kase.kz>).

## Акционерлердің жалпы жиналысы

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ «KEGOC» АҚ ЖОҒАРЫ ОРГАНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ӨЗ ҚЫЗМЕТІН «АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА, ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ЖӘНЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРАДЫ.

2021 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруға 6 (алты) рет бастама жасады:

- 2021 жылғы 23 ақпанда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы** өткізілді, онда «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының өкілеттік мерзімдерін белгілеу туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.
- 2021 жылғы 27 сәуірде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы** өткізілді, онда мына мәселелер бойынша шешімдер қабылданды:

- 2020 жылға жылдық қаржылық есептемені, таза кірісті бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау туралы;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелері мен төрағасын тағайындау, сонымен қатар «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары мен мөлшерін белгілеу туралы;
- «Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен оның лауазымдық тұлғаларына қатысты шағымдары және оларды қарау қорытындылары туралы».
- 2021 жылғы 31 мамырда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы** өтті, онда «KEGOC» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және

оның қызметіне төленетін ақы мөлшері туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.

4. **2021 жылғы 30 шілдеде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы** өтті, онда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы мәселе бойынша шешім қабылданды.
5. **2021 жылғы 29 қазанда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы** өтті, онда мына мәселе бойынша шешім қабылданды: «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы 30 маусымдағы жай-күй бойынша және сол күнге аяқталған алты айдағы жартыжылдық қаржылық есептілігін, таза кірісті бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу жөнінде шешім қабылдау, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығына «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту туралы».
6. **2021 жылғы 24 қарашада Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы** өткізілді, онда «KEGOC» АҚ кейбір мәселелері туралы» мәселе бойынша шешімдер қабылданды.

Акционерлердің жалпы жиналысының барлық шешімдері «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің, Басқармасының назарына жеткізілді, тапсырмалар толық көлемде және уақытында орындалуда.

## Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеу кезінде акционерлердің мүдделерін сақтауға, компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мен оны капиталдандыруға, Қазақстан Респуб-

ликасының заңнамасымен көзделген акционерлердің құқықтарын қатаң сақтау мен құрметтеуге негізделеді. дивидендтер төлеу шарттары: компанияда есептік кезеңде таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Акционерлерге дивидендтер төлеу көзі бұл «KEGOC» АҚ-ның ҚЕХС-ға сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде есептелетін тиісті қаржы жылындағы немесе жарты жылдағы таза кіріс немесе бөлінбеген пайда болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржы жылындағы немесе жартыжылдықтағы таза кірісті бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстарды дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге жіберілетін сома таза кірістің кем дегенде 40%-ын құрауы тиіс екеніне сүйенеді. Жыл қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Компанияның жылдық қаржылық есептемесін бекіткеннен кейін қабылдайды. Жартыжылдық қорытындылар бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімді Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептемесіне аудит жүргізгеннен кейін 3 ай ішінде қабылдауы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсынысын қарай келе, өз қарауы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітеді, сонымен қатар дивиденд төлене бастайтын күнді белгілейді.

## Дивиденд тарихы

Дивиденд есептелген кезең	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл
	1-жарты жылдық та	бір жылда	1-жарты жылдықта	бір жылда	1-жарты жылдықта
Бір акцияға есептегенде дивиденд мөлшері, теңге	67,17	48,86	77,09	75,01	84,72
Есептелген дивидендтің жалпы сомасы, мың теңге	30 167 638		39 545 788		22 027 082
ҚЕХС бойынша дивидендті төлеуге жұмсалған таза пайда үлесі, %	77,3%	74,03%	70%	73,9%	80%
Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Акционерлердің жалпы жиналысы				
Дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған, эмитенттің басқару органы өткізген жиналыстың өткізілген күні, хаттама күні мен нөмірі	2019 жылғы 25 қазан № 14	2020 жылғы 29 мамыр № 17	2020 жылғы 23 қазан № 19	2021 жылғы 27 сәуір № 21	2021 жылғы 29 қазан № 24
Дивиденд алуға құқығы бар тұлғалар тізімі жасалған күн	2019 жылғы 4 қараша	2020 жылғы 8 маусым	2020 жылғы 29 қазан	2021 жылғы 11 мамыр	2021 жылғы 8 қараша

## МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

КОМПАНИЯДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ӘДІЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖӘНЕ ТЕҢДЕЙ ҚҰҚЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІНДЕЙ ҚҰРЫЛҒАН. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАҒА САЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРҒЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА, КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРҒЫСЫНДА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІПТЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ АҚПАРАТТЫ УАҚТЫЛЫ АЛУ;

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУ; ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫН, ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІН БЕЛГІЛЕУГЕ, ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ТАҒАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ТОҚТАТУҒА, СОНЫМЕН ҚАТАР СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫН БЕЛГІЛЕУГЕ ҚАТЫСУ; АЙҚЫН ЖӘНЕ АШЫҚ ДИВИДЕНД-ТІК САЯСАТ НЕГІЗІНДЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН БЕЛГІЛЕНЕТІН МӨЛШЕРДЕ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕ ДИВИДЕНД АЛУ КІРЕДІ, БІРАҚ БҰЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ.

## Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ЕСЕП БЕРЕДІ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫМЕН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРҒЫСЫМЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІ ҚОСПАҒАНДА, КОМПАНИЯҒА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ ЕТУДІ ЖӘНЕ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

**2-13**

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Компания қызметінің бағыттарын айқындайды, мақсаттарын, міндеттерін, жобаларын, сондай-ақ оларға қол жеткізу индикаторларын белгілей отырып, Даму стратегиясын бекітеді. Осылайша, 2021 жылғы желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі энергетикалық ауысуға байланысты жаһандық трендтердің әсері және ЖЭК-ті энергетикалық жүйеге интеграциялау есепке алынатын ұзақ мерзімді тұрақты дамуға бағытталған, елде экономиканы карбонсыздандырумен және экономикалық өсуді қамтамасыз етумен байланысты процестерді, сонымен қатар ESG принциптерін ұстану көздейтін «KEGOC» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған жаңартылған Даму стратегиясын бекітті. Даму стратегиясын әзірлеу/жаңарту процесінде Директорлар кеңесі стейкхолдерлердің негізгі топтарымен олардың болжамдары мен қауіптенуін түсіну үшін тұрақты кездесулер мен консультациялар өткізіп тұрады. Компанияның Даму стратегиясын іске асыру, мақсаттар мен индикаторларға қол жеткізу мониторингі, мақсаттар мен индикаторларға, соның ішінде тұрақты даму саласындағыларға қол жеткізу мониторингін Директорлар кеңесі тоқсан сайын стратегияны іске асыру туралы есептерді, өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы есептерді, тәуекелдер жөніндегі есептерді қарау арқылы жүзеге асырады.

**2-12**

Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында кандидаттардың құзыреті,

дағдылары, жетістіктері, іскери беделі және кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның бүкіл құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына жекелеген акционерлердің, Басқарманың және басқа да мүдделі тұлғалардың ықпалынан тыс, тәуелсіз және дұрыс шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби және дербес тәуелсіз директорлар сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан 9 (тоғыз) жылдан артық уақытқа сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда ғана 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне мұндай тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын осы Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау қажеттілігі және мұндай фактордың тәуелсіз шешімдер қабылдаудағы әсері туралы толық түсіндірме бере отырып, өткізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қоғам Жарғысымен айқындалады.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2018 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№8 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларына сәйкес кандидаттардың іріктеу өлшемдеріне, біліктілік талаптарына және өткізілген бенчмаркингке сәйкестігі ескеріле отырып, үш жылға сайланды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

### Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша құрамы:

- **Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы** – Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Тиесов Сүйіншік Әмірхамзаұлы** – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы** – Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Доминик Фаш** – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы** – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы** – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы** – Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.

### 2021 жылғы 27 сәуірде Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды:

- **Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы** – Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **Тиесов Сүйіншік Әмірхамзаұлы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы** – тәуелсіз директор;
- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы** – тәуелсіз директор;
- **Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы** – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.

**2021 жылғы 30 шілдеде** (№ 23 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен тәуелсіз директор ретінде Ульф Вокурка тағайындалды.

**2021 жылғы 24 қарашада** (№ 25 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесі келесі құрамда бекітілді:

- **Тиесов Сүйіншік Әмірхамзаұлы** – Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Егімбаева Жанна Дачерқызы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы** – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші;
- **Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы** – тәуелсіз директор;
- **Бекенов Жанбота Темірғалиұлы** – тәуелсіз директор;
- **Ульф Вокурка** – тәуелсіз директор;
- **Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы** – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша  
Директорлар кеңесінің құрамы)

2-9



### СҮЙІНШІЛІК ӨМІРХАМЗАҰЛЫ ТИЕСОВ

**«KEGOC» АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы**

1946 жылы дүниеге келген, Қазақ-  
стан Республикасының азаматы.

2016 жылғы 28 қазанда (№ 5 ХАТТАМА),  
2018 жылғы 27 сәуірде (№ 8 ХАТТАМА),  
2021 жылғы 27 сәуірде (№ 21 ХАТТАМА)  
және 2021 жылғы 24 қарашада (№ 25  
ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН  
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның  
акцияларына иелік етпейді.**

#### **Білімі:**

Қазақ политехникалық институты,  
«Математикалық және есептеу-ше-  
шуші аспаптар мен құрылғылар»  
мамандығы, «Инженер-электрик»  
біліктілігі бойынша (1968 жыл), Ка-  
рол Мартин Гаттон Бизнес және  
экономика колледжінің Бизнес және  
менеджмент орталығы, Кен-  
тукки университеті, АҚШ, «Мемле-  
кеттік саясат және басқару» тақы-  
рыбына семинар (1996 жыл).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2004–2016 жж.** – «КОРЭМ» АҚ  
Басқарма төрағасы.

«Становление рынка электриче-  
ской энергии в Казахстане» мо-  
нографиясының авторы. ҰЭТ-ты  
қалыптастыруға, бірегей ЭЖЖ мен  
1150-500 кВ қосалқы станцияларды  
және электр энергиясының ірі өн-  
дірушілері – Ақсу МАЭС, Екібастұз  
МАЭС өндіруге қатысушы. Теңіз  
мұнай-газ кен орнын электрмен  
сырттан жабдықтау схемасын; ҰЭТ-  
ты жаңғырту бағдарламасын іске  
асыруды; Қазақстандағы электр  
энергиясы мен қуаты нарығының  
жобасын, 1995 жылғы алғашқы  
Электр энергетикасы туралы заң-

ды; Қазақстанның электр энерги-  
ясы нарығының жұмысына қаты-  
сты барлық нормативтік-құқықтық  
құжаттарды әзірлеу мен өндіруге  
қатысушы.

#### **Ғылыми дәрежесі,**

#### **ғылыми атағы:**

Техникалық ғылымдардың канди-  
даты



### ЖАННА ДАЧЕРҚЫЗЫ ЕГІМБАЕВА

**«KEGOC» АҚ Директорлар  
кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қа-  
зына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Ди-  
ректорлар кеңесінің Тағайында-  
улар және сыйақылар жөніндегі  
комитетінің және Қауіпсіздік және  
еңбекті, қоршаған ортаны қорғау  
жөніндегі комитетінің мүшесі**

1953 жылы дүниеге келген, Қа-  
зақстан Республикасының аза-  
матшасы.

2016 жылғы 28 қазанда (№ 5 ХАТТАМА),  
2018 жылғы 27 сәуірде (№ 8 ХАТТАМА)  
және 2021 жылғы 27 сәуірде (№ 21 ХАТ-  
ТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН  
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның  
акцияларына иелік етпейді.**

#### **Білімі:**

С.М. Киров атындағы Қазақ мем-  
лекеттік университеті «Заңгер» ма-  
мандығы бойынша (1988 ж.).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2017 жылдан бастап осы  
уақытқа дейін** – «Қазақстан ин-  
жиниринг» ҰК» АҚ Директорлар  
кеңесінің мүшесі;
- **2016 жылдан бастап осы  
уақытқа дейін** – «KEGOC» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **2016–2019 жж.** – «Бәйтерек» ұлт-  
тық басқарушы холдингі» АҚ-да  
кеңесші;
- **2016–2019 жж.** – тәуелсіз дирек-  
тор – «ҚазАгро» ұлттық басқа-  
рушы холдингі» акционерлік  
қоғамы Директорлар кеңесінің  
мүшесі;

- **2011–2016 жж.** – Қазақстан Ре-  
спубликасы Премьер-Министрі  
Кеңесі Басшысының орынба-  
сары.

#### **Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:**

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша  
Директорлар кеңесінің құрамы)



### ЖАНБОТА ТЕМІРФАЛИҰЛЫ БЕКЕНОВ

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ  
Директорлар кеңесінің Аудит  
жөніндегі комитетінің төрағасы,  
Тағайындаулар және сыйақылар  
жөніндегі комитетінің мүшесі

1957 дүниеге келген, Қазақстан  
Республикасының азаматы

2020 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕ (№16 ХАТТАМА)  
ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕ (№ 21 ХАТ-  
ТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
ШЕШІМІМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның  
акцияларына иелік етпейді.**

#### **Білімі:**

Алма-Ата халық шаруашылығы  
институты, «Қаржы және кредит»  
мамандығы бойынша (1985жж.),  
әл-Фараби атындағы Қазақ мем-  
лекеттік университеті, «Механика  
және қолданбалы математика» ма-  
мандығы бойынша (1985 ж.)

#### **Соңғы бес жылдағы**

##### **жұмыс өтілі:**

- **2018 жылдан бастап қазіргі  
уақытқа дейін** – «Еуразиялық  
банк» АҚ Директорлар кеңесінің  
мүшесі;
- **2016–2018 жж.** – «Grant Thorn-  
ton» ЖШС-да бірге басқарушы  
серіктесі;
- **2002–2014 жж.** – «Pricewater-  
houseCoopers» ЖШС Аудиторлық  
департаментінің аға кеңесшісі.

#### **Басқа ұйымдардың басқару**

##### **органдарына қатысуы:**

- Қазақстан Республикасы Ау-  
диторлар палатасының мүшесі  
(1994 жылдан бастап)
- Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі жанындағы Консуль-  
тативтік кеңестің мүшесі (1994  
жылдан бастап).



### НҰРЛАН ЗАМАНБЕКҰЛЫ АХАНЗАРИПОВ

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ  
Директорлар кеңесінің Тағай-  
ындаулар және сыйақылар  
жөніндегі комитетінің төрағасы,  
Стратегиялық жоспарлау және  
корпоративтік басқару жөніндегі  
комитетінің мүшесі, Аудит жөнін-  
дегі комитетінің мүшесі

1965 жылы дүниеге келген, Қазақ-  
стан Республикасының азаматы.

2020 ЖЫЛҒЫ 26 МАУСЫМДА (№ 18 ХАТ-  
ТАМА), 2021 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕ (№ 21  
ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
ШЕШІМІМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның  
акцияларына иелік етпейді.**

#### **Білімі:**

КИМЭП университеті, МВА, «Іскери  
әкімшілік магистрі» мамандығы бой-  
ынша (1995 ж.), Шәкәрім атындағы  
Се-мей университеті, «Есепке алу  
және аудит» мамандығы бойынша  
(2009 ж.), Қ.И.Сәтпаев атындағы Қа-  
зақ ұлттық техникалық университеті,  
«Геология және пайдалы қазбалар  
кен орындарын барлау» мамандығы  
бойынша (2015 ж.)

#### **Соңғы бес жылдағы**

##### **жұмыс өтілі:**

- **2021 жылдан (қазан) бастап осы  
уақытқа дейін** – «Қазақстан темір  
жолы» АҚ Директорлар кеңесінің  
мүшесі, тәуелсіз директор;
- **2019 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор;
- **2017 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «iQS Engeeniring» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
тәуелсіз директор;
- **2019–2020 жж.** – «Инжиниринг  
және технологиялар трансферті  
орталығы» АҚ – «Бәйтерек» ҰБХ  
тобы Директорлар кеңесінің мү-  
шесі;

- **2017–2018 жж.** – «Қазақстан Ин-  
жиниринг» ҰК» АҚ Директорлар  
кеңесінің мүшесі, тәуелсіз ди-  
ректоры;
- **2010–2016 жж.** – «АльфаБанк –  
Қазақстан» АҚ Директорлар  
кеңесінің мүшесі, тәуелсіз ди-  
ректор.

#### **Басқа ұйымдардың басқару**

##### **органдарына қатысуы:**

- **2013 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «АНК» Қазақстан Са-  
лық төлеушілер қауымдастығы  
Басқарушы кеңесінің мүшесі;
- **2013 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «КазЭнерджи» Қауым-  
дастығы Сараптамалық кеңесінің  
мүшесі.
- **2006 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – Сертификатталған  
тәуелсіз директор (Cert IoD)  
Institute of Directors, UK.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша  
Директорлар кеңесінің құрамы)



### УЛЬФ ВОКУРКА

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ  
Директорлар кеңесінің Стратеги-  
ялық жоспарлау және корпора-  
тивтік басқару жөніндегі комитеті  
мен Қауіпсіздік және еңбекті, қор-  
шаған ортаны қорғау жөнінде-  
гі комитетінің төрағасы, Аудит  
жөніндегі комитетінің мүшесі

1962 жылы дүниеге келген, Гер-  
мания Федеративтік Республи-  
касының азаматы.

2021 ЖЫЛҒЫ 30 ШІЛДЕДЕ (№ 22 ХАТТАМА)  
«KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ  
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН ТАҒАЙЫН-  
ДАЛДЫ.

### «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

#### Білімі:

Галле-на-Заледегі Мартин Лютер  
атындағы университет, кәметет-  
тік аттестаты (1981 ж.); КСРО СІМ  
Москва Мемлекеттік халықаралық  
қатынастар институты (ММХҚИ)  
«Халықаралық қатынастар» маман-  
дығы бойынша (1989 ж.).

#### Соңғы бес жылдағы

##### жұмыс өтілі:

- **2018–2019 жж.** – «Цеснабанк»  
АҚ Басқарма төрағасы, Астана қ.
- **2018–2018 жж.** – «Қазкоммерц-  
банк» АҚ үш САБК Бақылау  
кеңесінің төрағасы.
- **2017–2018 жж.** – «Қазкоммер-  
цбанк» АҚ Басқарма төрағасы,  
Алматы қ.

#### Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- **2021 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «Қазақстан темір  
жолы» АҚ Директорлар кеңесінің  
мүшесі.
- **2019 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «Нұрбанк» АҚ Ди-  
ректорлар кеңесінің мүшесі,  
Алматы қ., ДК Стратегиялық

жоспарлау жөніндегі комитетінің  
төрағасы.

- **2016 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «АХКО әкімшілігі» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүшесі,  
Нұр-Сұлтан қ.
- **2015 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «KAZAKH INVEST» АҚ  
Директорлар кеңесінің мүше-  
сі, Нұр-Сұлтан қ. (04/2017 дейін  
«KAZNEX INVEST» АҚ), ДК Аудит  
жөніндегі комитетінің төрағасы.



### ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ БЕРДІҒҰЛОВ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің  
мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ  
өкілі, «KEGOC» АҚ Директорлар  
кеңесінің Стратегиялық жоспарлау  
және корпоративтік басқару жөнін-  
дегі комитетінің және Қауіпсіздік  
және еңбекті, қоршаған ортаны  
қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі

1987 жылы дүниеге келген, Қазақ-  
стан Республикасының азаматы.

2021 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДА (№ 25 ХАТ-  
ТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН  
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

### «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның акцияларына иелік етпейді.

#### Білімі:

Marysville Pilchuck High School бо-  
лашақ көшбасшыларды алмасу  
бағдарламасы бойынша (FLEX)  
(2005 ж.); әл-Фараби атындағы Қа-  
зақ Ұлттық университеті, по специ-  
альности «Аймақтану» маман-  
дығы бойынша, Алматы (2007 ж.);  
University of Toronto, «Мемлекеттік  
саясат және халықаралық қатына-  
стар» мамандығы бойынша (бағы-  
ты – Халықаралық экономика)  
(2010 ж.); University of Warwick  
(Ұлыбритания), бизнес-әкімшілен-  
діру магистрі (2018 ж.).

#### Соңғы бес жылдағы

##### жұмыс өтілі:

- **2021 жылдан бастап осы уақыт-  
қа дейін** – «Самұрық-Қазы-  
на» АҚ Стратегия, орнықты даму  
және цифрлық трансформация  
жөніндегі бірлескен басқарушы  
директоры.
- **2019–2021 жж.** – Whiteshield  
Partners халықаралық консал-  
тингтік компаниясында жоба  
жетекшісі (әртүрлі жылдары аға  
аналитик, консультант болып жұ-  
мыс істеді).

- **2018–2019 жж.** – «Самұрық-Қа-  
зына» АҚ Активтерді басқару  
жөніндегі дирекциясының ана-  
литигі.
- **2013–2018 жж.** – «Самұрық-  
Энерго» АҚ Басқарма төраға-  
сының қаржы-экономикалық  
мәселелер жөніндегі кеңесшісі.  
Сонымен қатар әртүрлі жылда-  
ры аналитикалық қолдау депар-  
таментінің директоры, страте-  
гиялық даму департаментінің  
директоры, стратегиялық даму  
департаментінің директоры,  
жобаларды басқару департа-  
ментінің директоры лауазымда-  
рын атқарды.

#### Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

«Самұрық-Қазына» АҚ басқа ен-  
шілес ұйымдарының Директорлар  
кеңестері құрамында бар.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

(2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша  
Директорлар кеңесінің құрамы)



### ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ МОЛДАБАЕВ

**«KEGOC» АҚ**  
**Басқарма**  
**төрағасы**

1963 жылы дүниеге келген, Қазақ-  
стан Республикасының азаматы.

2021 жылғы 27 сәуірде (№ 21 ХАТТАМА)  
және 2021 жылғы 24 қарашада (№ 25  
ХАТТАМА) «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН  
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның**  
**акцияларына иелік етпейді.**

#### Білімі:

Павлодар индустриалды институты,  
«Инженер-электрик» мамандығы  
бойынша (1987 ж.); Қарағанды мем-  
лекеттік техникалық университеті  
«Экономист-заңгер» мамандығы  
бойынша (2002 ж.); Қазақстан  
Республикасы Президентінің  
жанындағы Мемлекеттік қызмет  
академиясы, «Мемлекеттік қызмет  
менеджері» мамандығы бойын-  
ша (2004 ж.); Ресей Федерациясы  
Президентінің жанындағы Ресей  
халық шаруашылығы және мемле-  
кеттік қызмет академиясы, іскери  
әкімшілік ету докторы (Doctor of  
Business Administration) (2020 ж.).

#### Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:

- **2021–2021 жж.** – «Самұрық-Қа-  
зына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ  
Энергетикалық және тау-кен  
активтері дирекциясының ди-  
ректоры.
- **2019–2021 жж.** – «Самұрық-Қа-  
зына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-  
дағы «Энергетика» секторының  
жетекшісі.
- **2018–2019 жж.** – «Қазақстан  
атом электр станциялары» АҚ  
бас директорының орынбасары.

- **2017–2018 жж.** – «Самұрық-  
Энерго» АҚ даму және сату  
жөніндегі басқарушы директо-  
ры, Басқарма мүшесі.
- **2016–2017 жж.** – «Самұрық-  
Энерго» АҚ стратегия және сату  
жөніндегі басқарушы директоры,  
Басқарма мүшесі.

#### Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:



Халықаралық сертификат – IPMA  
Level B.

#### Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:


- «КОРЭМ» АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы.
- «МАЭК-Қазатомпром» ЖШС  
Бақылау кеңесінің төрағасы.

## Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі

%




## Директорлар кеңесінің жас құрылымы



## адам Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы

адам




## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Директорлар кеңесінің мүшелері	Тиесов С. А.	Егімбаева Ж. Д.	Бекенов Ж. Т.	Аханзарипов Н. З.	Вокурка У.	Бердіғұлов Е. К.	Молдабаев Қ. Т.
Саладағы жұмыс тәжірибесі/ жалпы жұмыс өтілі, жыл	53/53	5/50	1,8/36	19/28	5 ай/32	5/11	34/34
<b>Негізгі құзіреттіліктер</b>							
<b>Сала бойынша білімі</b>							
Саладағы өндірістегі жұмыс өтілі	■			■			■
Саланы терең білуі	■	■		■		■	■
Техникалық дағдылар/ тәжірибе	■			■	■		■
<b>Арнайы дағдылары мен тәжірибесі</b>							
Қаржылық сауаттылық	■	■	■	■	■	■	■
Қаржыларды терең білуі			■	■	■	■	■
Маркетингті терең білуі	■	■		■	■	■	■
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі	■	■	■	■			■
<b>Басқару және құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесі</b>							
Корпоративтік басқару	■	■	■	■	■	■	■
Трансформация	■	■			■	■	■
IPO жүргізу тәжірибесі			■	■		■	■
Стратегияны әзірлеу және іске асыру	■	■		■	■	■	■
Халықаралық тәжірибе			■	■	■	■	

2-9, 2-10

## Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік теңгерімі

адам



## ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУ ӨЛШЕМДЕРІ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРДА ЖЕКЕЛЕГЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ, БАСҚАРМАНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛМАЙТЫНДАЙ ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ ДҰРЫС ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ КӘСІБИЛІГІ МЕН ДЕРБЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ АЛАТЫН ҚАСИЕТТЕРІ БОЛУЫ ТИІС.

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық өлшемдеріне сай келеді, олардың мәртебесі, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «KEGOC» АҚ Жарғысының, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің талаптарымен және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және тағайындау қағидаларымен реттелген.

Корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесі мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес директорлар кеңесі құрамы кем дегенде үш адамнан құралуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамынан кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

«KEGOC» АҚ-да директор мына жағдайда тәуелсіз болып танылады, егер ол:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаса және Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде үлестес тұлға болсама (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына келген жағдайды қоспағанда);
- «KEGOC» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмаса;
- «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғаларымен немесе «KEGOC» АҚ ұйымдары болып табылатын үлестес тұлғалармен бағынысты байланыста болмаса және оны Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде аталған тұлғаларға бағынысты болмаған болса;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспаса және оны Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған болса;
- «KEGOC» АҚ органдарының отырыстарында акционердің өкілі болмаса және Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған болса;
- мемлекеттік қызметкер болмаса.

2-9, 2-10

### «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстары

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі 13 күндігі отырыс және 1 сырттай отырыс өткізді.

Қаралған мәселелердің жалпы саны – 128.

2-13

<sup>1</sup> – Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2021 жылғы 24 қарашадағы шешімімен (N°25 хаттама) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

<sup>2</sup> – Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2021 жылғы 30 шілдедегі шешімімен (N°22 хаттама) тәуелсіз директор ретінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

## 2021 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшелері	19.01.2021 ж.	19.02.2021 ж.	19.03.2021 ж.	27.04.2021 ж.	17.05.2021 ж.	31.05.2021 ж.	25.06.2021 ж.	19.08.2021 ж. сырттай	20.08.2021 ж.	24.09.2021 ж.	22.10.2021 ж.	12.11.2021 ж.	30.11.2021 ж.	20.12.2021 ж.	%
<b>Сәтқалиев Алмасадан Майданұлы</b> Директорлар кеңесінің төрағасы	■	■	■	2021 жылғы 27 сәуірден бастап өкілеттігі тоқтатылды										100	
<b>Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы</b> Директорлар кеңесінің төрағасы	●	●	●	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Қажиев Бакытжан Төлеуқажыұлы</b> Басқарма төрағасы	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	●	●	100
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> <sup>1</sup> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, Директорлар кеңесінің төрағасы	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Егімбаева Жанна Дачерқызы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Фаш Доминик</b> тәуелсіз директор	■	■	■	2021 жылғы 27 сәуірден бастап өкілеттігі тоқтатылды										100	
<b>Бекенов Жанбота Темірғалиұлы</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Вокурка Ульф</b> <sup>2</sup> тәуелсіз директор	Директорлар кеңесінің мүшесі болған жоқ							■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	Директорлар кеңесінің мүшесі болған жоқ											■	■	100	


● – Директорлар кеңесінің мүшесі болған жоқ

● – 2021 жылғы 24 қарашадан бастап өкілеттігі тоқтатылды



## Директорлар кеңесінің 2021 жылғы отырыстарында қаралған мәселелер

%



15	Стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық бағыттағы мәселелер
23	Корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері
16	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит мәселелері
22	Кадр саясаты мәселелері
5	Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, трансформациялау мәселелері
12	Еншілес ұйымдар қызметінің мәселелері
7	Басқа да мәселелер

2-13

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛелерді белсенді талқылау алаңын құру және егжей-тегжейлі талдау үшін директорлар кеңесі жанында 4 (төрт) комитет жұмыс істейді:

### Аудит жөніндегі комитет

2-9

Аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі – АК) Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған немесе Директорлар кеңесі Қоғамның атқарушы органының қызметін бақылау тәртібімен зерттейтін мәселелерді тереңдете пысықтау

және Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына төмендегідей мәселелер бойынша қажетті ұсынымдарды әзірлеу үшін құрылған:

- Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.

Аудит жөніндегі комитеттің қызметі жаңартылған және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген (N° 12 хаттама) Аудит жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

АК өз қызметінде Директорлар кеңесіне толық есеп береді. АК мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен тағайындалды. АК төрағасы мен мүшелері жеткілікті білімі және мол тәжірибесі, со-

нымен қатар практикалық тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар болып табылады. АК құрамына Компанияның негізгі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен көзқарастары негізінде АК-ға ұсынымдар беретін дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

АК құрамы 4 (төрт) адамнан тұрады, соның ішінде 3 (үш) тәуелсіз директор және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

## АК мүшелерінің құрамы және 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері	01	02	03	04	05	06	07	08	09	10	11	12	13	%
	18.01.2021 ж.	18.02.2021 ж.	17.03.2021 ж.	26.04.2021 ж.	28.05.2021 ж.	24.06.2021 ж.	19.08.2021 ж.	22.09.2021 ж.	21.10.2021 ж.	29.10.2021 ж.	12.11.2021 ж.	29.11.2021 ж.	20.12.2021 ж.	
<b>Бекенов Ж. Т.</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Фаш Д.</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	2021 жылғы 27 сәуірден бастап өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды								75	
<b>Аханзарипов Н.З.</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Вокурка У.</b> тәуелсіз директор	Комитет мүшесі болған емес						■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Пирмаханов С. Б.</b> дауыс беру құқығынсыз сарапшы	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100

Есептік кезеңде АҚ күндізгі нысанда 13 отырыс өткізді, онда 62 мәселе қаралды.

2-13

Сонымен қатар, 2021 жылы Комитет мүшелері Конкурс комиссиясының «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметінің операциялық және қаржылық аудит бөлімінің комплаенс-офицері мен аудиторы бос лауазымдарына орналастыруға арналған 3 күндізгі отырысына, сондай-ақ «KEGOC» АҚ компаниялар тобы үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін жүргізу үшін Бірыңғай комиссияның 2 күндізгі отырысына қатысты.

Осылайша, «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмасын орындау шеңберінде 2018, 2019 және 2020 жылдардағы қаржылық есептілік аудитінің қорытындылары бойынша сыртқы аудитордың басшылыққа жазған хаттарында көрсетілген ұсынымдардың орындалу мәртебесі және қабылданған шаралар туралы тиісті ақпарат ұсынылды.

2021 жылы АҚ мына мәселелерді қарап, солар бойынша ұсынымдар берді:

#### Ішкі аудит

- Ішкі аудит қызметі басшысының 2021 жылға арналған Мақсат картасы қаралды;
- Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы жылдық және тоқсандық есептер қаралды;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысы мен қызметақыларының бағасы қаралды;
- Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары қаралды.

#### Сыртқы аудит

- сыртқы аудитор «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның 2020 жылғы қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есебі қаралды;
- сыртқы аудитор «RSM Qazaqstan» ЖШС-ның 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есебі қаралды.

#### Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша ішкі нормативтік құжаттар, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар қаралды;
- тәуекелдер жөніндегі тоқсандық есептер қаралды;
- Тәуекелдер тізіліміне, Тәуекелдер картасыны, «KEGOC» АҚ Негізгі тәуекелдерді, төзімділік деңгейін және негізгі тәуекелдер бойынша негізгі тәуекел көрсеткіштерін басқару жөніндегі 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспарына өзгерістер қаралды;
- Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, «KEGOC» АҚ Негізгі тәуекелдерді, төзімділік деңгейін және негізгі тәуекелдер бойынша негізгі тәуекел көрсеткіштерін басқару жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары қаралды.

#### Қаржылық есептілік

- «KEGOC» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігі, таза кірісті бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар қаралды;
- «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы 31 наурыздағы жай-күй бойынша және сол күнге аяқталған үш айдағы аралық қаржылық есептілігі қаралды;
- «KEGOC» АҚ-ның 2020 жылғы 31 наурыздағы жай-күй бойынша және сол күнге аяқталған үш айдағы жарты жылдық қаржылық есептілігі, «KEGOC» АҚ-ның таза кірісін бөлу тәртібі мен «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы бірінші жарты жылдықтағы бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстар қаралды.

#### Комплаенс мәселелер


- Комплаенс-офицердің 2021 жылға арналған Мақсат картасы қаралды;
- Комплаенс-офицердің қызметі туралы тоқсандық есептер қаралды;
- комплаенс-офицердің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар қаралды;

- комплаенс-офицердің міндетін атқарушыны тағайындау мәселесі қаралды;

- комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және қызметақы мөлшерін белгілеу туралы мәселе қаралды.

#### 2021 жылы АҚ отырыстарында қаралған мәселелер

%



- 29 ІАҚ мәселелері
- 19 COMPLAENС-ОФИЦЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ
- 13 ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
- 7 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
- 32 БАСҚАЛАРЫ

2-13

Директорлар кеңесі 2021 жылы Комитеттің келесі мәселелер бойынша ұсынымдарын қабыл алмады:

- «KEGOC» АҚ комплаенс-офицері Ж. Б. Аманбековтің 2019 жылғы 13 мамырдан бастап 2021 жылғы 15 наурызды қоса алғандағы жұмыс кезеңіндегі қызметі туралы есепті қарау, сонымен қатар «KEGOC» АҚ комплаенс-офицерін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, қызметақы мөлшерін белгілеу туралы» – Комитет Директорлар кеңесіне Ж. Б. Аманбековті «KEGOC» АҚ комплаенс-офицері лауазымына бір жыл өкілеттік мерзімімен тағайындауды ұсыну туралы шешім қабылдады, бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері «Самұрық-Қазына» АҚ комплаенс қызметінің қорытындысын назарға ала отырып, Комитеттің шешімімен келіспеді, Директорлар кеңесі Ж.Б. Аманбековтің өкілеттіктерін мерзімінің өтуіне байланысты тоқтату туралы шешім қабылдады.
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімінің (N°10 хаттама) 3-тармағына өзгерістер енгізу және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, корпоративтік хатшыға, омбудсменге және комплаенс-офицерге сыйақы төлеу туралы шешім қабылдады.

және комплаенс-офицерге 2020 жылғы үшінші және төртінші тоқсандардағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу жөніндегі мәселені қарау туралы» – Комитет Директорлар кеңесіне «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешіміне (N°10 хаттама) өзгерістер енгізбеуді және бұрын белгіленген мөлшерді ескере отырып, сыйақы төлеуді ұсыну туралы шешім қабылдады, бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері ішкі әділдік қағидатын, «Самұрық» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің қорытындысын, өзгерістерді есепке алумен сыйақы төлеуге арналған қаражаттың болуын назарға ала отырып, Комитеттің шешімімен келіспеді. Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы (N°10 хаттама) шешімінің 3-тармағына өзгерістер енгізу және 2020 жылғы үшінші және төртінші тоқсандардағы жұмыс қорытындылары бойынша Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне, корпоративтік хатшыға, омбудсменге және комплаенс-офицерге сыйақы төлеу туралы шешім қабылдады.

## Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

2-9

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет (бұдан әрі – ТСК) қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген және жаңартылған Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережемен реттелген.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелерін Директорлар кеңесі тағайындады, Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитет құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы кіреді, ол Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымына негізделген ұсынымдар береді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі және мол әрі практикалық тәжірибесі бар.

Комитет 4 (төрт) адамнан тұрады, оның ішінде 2 (екі) тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ 1 (бір) өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

## СТК құрамы және СТК мүшелерінің 2021 жылы отырыстарға қатысуы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 вирусының таралуы себепті пандемия жариялауына байланысты 2021 жылы Комитет отырыстарының көп бөлігі Microsoft Teams бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс) арқылы өткізілді.

## ТСК құрамы және оның мүшелерінің 2021 жылы отырыстарға қатысуы


Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшелері	18.01.2021 ж.	18.02.2021 ж.	18.03.2021 ж.	26.04.2021 ж.	28.05.2021 ж.	04.06.2021 ж.	24.06.2021 ж.	19.08.2021 ж.	22.09.2021 ж.	21.10.2021 ж.	12.11.2021 ж.	29.11.2021 ж.	20.12.2021 ж.	%
<b>Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы</b> төраға, тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Бекенов Жанбота Темірғалиұлы</b> тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Егімбаева Жанна Дачерқызы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Кәрімов Дәулет Сәбитұлы</b> дауыс беру құқығынсыз сарапшы	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100

Есептік кезеңде Комитет 13 күндізгі отырыс өткізді, онда 49 мәселе қаралды.

2-13

## 2021 жылы ТСК отырыстарында қаралған мәселелер

%



- 31 Тағайындау мәселелері
- 14 Сыйақы мәселелері
- 22 Сабақтастық және бағалау мәселелері
- 33 Кадр саясаты мәселелері

2-13

## Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет

2-9

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 16-бөлімі 117-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Комитеттің ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі 2 (екі) мәселені қабылдамады:

1. грейд жүйесінің авторы болып табылатын компанияның Компанияда ендірілген «KEGOC» АҚ еңбекақы төлеу жүйесіне талдау жүргізу қажеттілігіне байланысты Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, Комплаенс-офицердің, Омбудсменнің және Корпоративтік хатшының қызметақылары схемасын қарау және 2020 жылғы қызметті кешенді бағалау қорытындылары бойынша қызметақыларын көтеру туралы;
2. Ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының және Омбудсменнің 2022 жылға арналған бюджеттерін (жекелеген шығыстар сметасын) 2022 жылға арналған Бизнес-жоспардың (Даму жоспарының) бір бөлігі ретінде – Жекелеген шығыстар сметасына тек еңбекақы төлеу, оқыту, іссапар, әлеуметтік қамтамасыз ету шығындарын ғана енгізу бөлігінде қарау туралы грейдтік жүйенің авторы болып табылатын компания жалпы алғанда «KEGOC» АҚ еңбекақы төлеу жүйесіне талдау жүргізгенінен кейін жоспарланады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – СЖКБК) қызметі Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген және жаңартылған Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті туралы ережемен реттелген.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланды. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, Комитеттің құрамына дауыс беру құқығы жоқ сарапшы кіреді, ол Комитетке Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясатына және пайымына негізделген ұсынымдар береді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитет 4 (төрт) адамнан тұрады, соның ішінде 2 (екі) тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ 1 (бір) өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.



**СЖКБК құрамы және оның мүшелерінің 2021 жылы отырыстарға қатысуы**

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің мүшелері	18.02.2021 ж.	18.03.2021 ж.	26.04.2021 ж.	28.05.2021 ж.	26.06.2021 ж.	19.08.2021 ж.	22.09.2021 ж.	21.10.2021 ж.	12.10.2021 ж.	29.11.2021 ж.	20.12.2021 ж.	%
<b>Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы</b> <sup>2</sup> Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100
<b>Фаш Доминик</b> тәуелсіз директор	■	■	2021 жылғы 27 сәуірде өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды								100	
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	■	■	■	■	■	■	■	■	■	●	●	100
<b>Вокурка Ульф</b> Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	2021 жылғы 30 шілдеде тағайындалды						■	■	■	■	■	100
<b>Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	2021 жылғы 24 қарашада тағайындалды										■	100
<b>Каримов Даулет Сабитович</b> дауыс беру құқығынсыз сарапшы	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	100


● – 2021 жылғы 24 қарашадан бастап өкілеттігі тоқтатылды

Есептік кезеңде Комитет 11 күндігі отырыс өткізді, онда 35 мәселе қаралды.

2-13

Бұл ретте 2021 жылы Директорлар кеңесі мәселелерді қараған кезде Комитеттің жекелеген ұсыныстарын/ұсынымдарын қабыл алмаған жағдайлар тіркелген жоқ.

<sup>2</sup> – Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 20 тамыздағы шешімімен (№ 9 хаттама) Н.З.Аханзариповтың Комитет төрағасы ретіндегі өкілеттігі тоқтатылды.

**2021 жылы СЖКБК отырыстарында қаралған мәселелер**


- 34** ● Стратегиялық және экономикалық бағыттағы мәселелер
- 20** ● Корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері
- 29** ● Инвестициялық жобаларды және трансформациялау бағдарламасын іске асыру мәселелері
- 17** ● Басқа да мәселелер

2-13

**Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет**

2-9

Комитеттің (бұдан әрі – ҚЕКОҚК) қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 30 қарашадағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген және жаңартылған Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережемен реттелген.

Комитет өз қызметінде толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланды. Комитет төрағасы тәуелсіз директор болып табылады, сонымен қатар Комитеттің құрамына дауыс беру құқығы

жоқ сарапшы кіреді, ол Комитетке Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ саясаты мен пайымдарына сүйене отырып, ұсынымдар береді.

Комитеттің барлық мүшелерінің жеткілікті білімі мен мол тәжірибесі, соның ішінде практикалық тәжірибесі бар.

Комитет 4 (төрт) адамнан тұрады, оның ішінде 1 (бір) тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ 2 (екі) өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы бар.

## ҚЕҒОҚҚ құрамы және оның мүшелерінің 2021 жылы отырыстарға қатысуы

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің мүшелері	18.02.2021 ж.	18.03.2021 ж.	19.08.2021 ж.	21.10.2021 ж.	29.11.2021 ж.	20.12.2021 ж.	%
<b>Фаш Доминик</b> төраға, тәуелсіз директор	■	■	2021 жылғы 27 сәуірден бастап өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды				100
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	■	■	■	■	■	●	
<b>Егімбаева Жанна Дачерқызы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	■	■	■	■	■	■	100
<b>Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	2021 жылғы 24 қарашада тағайындалды					■	100
<b>Каримов Даулет Сабитович</b> дауыс беру құқығынсыз сарапшы	■	■	■	■	■	■	100

● – 2021 жылғы 24 қарашадан бастап өкілеттігі тоқтатылды

Есептік кезеңде Комитет 6 күндізгі отырыс өткізді, онда 7 мәселе қаралды.

2-13

2021 жылы Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің отырыстарында өндірістік және ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері және басқа да мәселелер қаралды.

2-13

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 16-бөлімі 117-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет пен Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетті біріктірудің жоспарлануына байланысты Комитеттің ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі 1 (бір) мәселені:

- Е KEGOC АД-207-19-ДК «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» мәселені қараудан алып тастады.

### КӘСІБИ ДАМУ

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне арналған лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Директорларды оқытуға

## Корпоративтік басқару кодексін сақтау

ақпараттық кеңестер, тренингтерге, форумдарға, конференцияларға және жұмыс топтарына қатысу кіреді. Директорларға өз міндеттерін орындауда көмектесу үшін оларға қажетті ақпаратты уақтылы беру рәсімдері көзделген.

2021 жылғы 22 қаңтар мен 17 наурызда Аудит комитетінің мүшелері Сыртқы аудиторды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссияның отырысына қатысты.

2021 жылғы 24 қыркүйекте Директорлар кеңесінің көшпелі отырысы барысында COVID-19 салдарынан болған дағдарыстан кейін электр энергетикасын дамытудың өзгерістері мен мүмкіндіктері бойынша өзекті мәселелер талқыланды, «KEGOC» АҚ Даму стратегиясымен өзара байланыста және Қазақстанда жаңа қуаттардың іске қосылуына байланысты, тәуекелдер және есепке алу мәселелері бойынша энергия жүйесі жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, шығындар мен киберқауіпсіздікті төмендетуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша түрлі сценарийлер қаралды.

2021 жылғы 28 қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, басқарушы директорлардың және инвестициялық қоғамдастықтың қатысуымен «Эмитент күні» өткізілді.

2021 жылғы 25 қарашада «KPMG Такс энд Эдвайзори» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған «Тәуекелдерді басқару» тақырыбында семинар өткізді.

2021 жылғы 28 желтоқсанда Директорлар кеңесі мүшелерінің дарындар пулымен («KEGOC» АҚ кадрлық резервімен) кездесуі өтті.

2-17

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНДЫ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ МАҚСАТЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ, БАСҚАРУДЫҢ АЙҚЫНДЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ТИІСІНШЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ СТАНДАРТТАРЫН САҚТАУДЫ РАСТАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Компаниядағы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау Компанияның есептік жылы Компанияға қолданылатын Корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелерін сақтайтындығын көрсетті. 2021 жылы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеппен тасыну үшін мына сілтеме <https://www.kegoc.kz/for-investors-and-shareholders/raskrytie-informatsii/annual-reports/> арқылы таныса аласыз.

## Атқарушы орган

«KEGOC» АҚ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУДІ «KEGOC» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСҚА ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛМАҒАН МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАЙТЫН АЛҚАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАН – БАСҚАРМА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

2-13

Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату

Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіреді. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін (төрағадан басқа) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады және әлеуетін, кәсіби шеберлік пен құзыретті бағалаудағы ашықтық, әділдік қағидаттарына негізделген. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Басқармасы құрамын 5 адам етіп белгіледі, олардың 100%-ы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.



## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### ҚАНЫШ ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ МОЛДАБАЕВ

«KEGOC» АҚ  
Басқарма  
төрағасы

1963 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

2021 жылғы 2 желтоқсанныан бастап – «KEGOC» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.

#### Білімі:

Павлодар индустриалды институты, «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша (1987ж.); Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (2002 ж.); Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, Мемлекеттік басқарма, «Мемлекеттік қызмет менеджері» мамандығы бойынша (2004 ж.); Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, іскери әкімшілік ету докторы (2020 жж.).

#### Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:

- **2019–2021 жылдары** – «Самұрық-Қазына» АҚ «Энергетика» секторының жетекшісі, Энергетикалық және тау-кен активтері дирекциясының директоры.
- **2018–2019 жылдары** – «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ бас директорының орынбасары.

- **2012–2018 жылдары** – «Самұрық-Энерго» АҚ Инновациялық-технологиялық саясат және даму департаментінің директоры, даму жөніндегі басқарушы директоры, стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

**Саладағы жұмыс өтілі 29 жыл.**

## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### БАҚЫТХАН МЕДЕТАЛИҰЛЫ ЖАЗЫҚБАЕВ

**KEGOC» Басқарма төрағасының орынбасары, 2017 жылғы ақпаннан бастап Басқарма мүшесі.**

**1968 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

**«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.**

**Білімі:**  
Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы «Марке-

тинг және коммерция» мамандығы бойынша (1994 жыл), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Электр энергетикалық жүйелер мен желілер» мамандығы бойынша (2005 жыл); «Нархоз университеті» АҚ, МВА бағдарламасы бойынша оқу, іскери әкімшілік ету магистрі (2017 ж.).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2021 жылғы желтоқсаннан бастап «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.**
- **2018–2021** – өндіріс жөніндегі басқарушы директор.
- **2017–2018 жылдары** – өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор.
- **2015–2017 жылдары** – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу, қызмет көрсету бойынша қызметті жоспарлау; активтерге қызмет көрсету нормативтерін қоса алғанда, активтерді басқару бойынша саясатты және рәсімдерді

әзірлеу; ЖЭТ филиалдарының орта мерзімді даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; Даму жоспарын (Бюджетті және Инвестициялық бағдарламаны) жасау және орындау; іске асырылатын стратегиялық жобаларды басқару жұмысын үйлестіру; пайдаланушыларды электр желісіне қосу бойынша жұмысты үйлестіру және бақылау; күрделі құрылыс объектілері бойынша мердігерлік ұйымдармен жұмыстарды/ қызметтерді сатып алу шарттарын жасау процесін бақылау; мердігерлік ұйымдарды, сонымен қатар қосалқы мердігерлік ұйымдарды іздеу, іріктеу және олармен қарым-қатынастарды дамыту бойынша жұмысты үйлестіру; Ақпараттық-телекоммуникациялық кешенді дамыту және IT, телекоммуникациялар және деректерді басқару саласындағы жобаларды басқару стратегиясын үйлестіру; «KEGOC» АҚ объектілеріндегі жөндеу жұмыстарын үйлестіру.

**Саладағы жұмыс өтілі – 20 жыл.**

## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### ТӨЛЕГЕН ЕСЕНҚҰЛҰЛЫ САФУАНИ

**Құқықтық қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, 2017 жылғы маусымнан бастап Басқарма мүшесі.**

**1979 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

**«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.**

**Білімі:**  
Қазақ мемлекеттік заң академиясы «Құқықтану» мамандығы бойын-

ша (2000 ж.); Қазақ технология және бизнес университеті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша (магистратура, 2013 ж.); «Алматы Менеджмент Университеті» БМ, іскери әкімшілік ету магистрі (2018 ж.).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2017 жылғы мамырдан бастап** – «KEGOC» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры.
- **2012–2017 жылдары** – «KEGOC» АҚ Заң департаментінің директоры.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

құқықтық мәселелер, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, қызметтің үздіксіздігі жүйелерін ендіру мен жетілдіру; экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерін жетілдіру; стратегиялық объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және лаңкестікке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды қалыптастыру;

кінәраттық-талап ету жұмысын үйлестіру; қызметтегі заңдылықтың сақталуын және оның құқықтық мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету.

#### **Қоса атқарған жұмысы және ДК-дегі мүшелігі:**

«Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

**Саладағы жұмыс өтілі – 16 жыл.**



## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### АЙБЕК ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ БОТАБЕКОВ

Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор, 2009 жылғы қазаннан бастап Басқарма мүшесі.

1976 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

**«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.**

#### Білімі:

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша (1997 ж.), «Назарбаев университеті» ДБҰ, іскери әкімшілік ету магистрі (2016 ж.).

#### Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:

- **2017 жылғы ақпаннан бастап** – «KEGOC» АҚ қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директоры.
- **2009–2017 жылдары** – «KEGOC» АҚ экономика жөніндегі басқарушы директоры.

#### «KEGOC» АҚ-дағы функциялары:

қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, «KEGOC» АҚ бағалы қағаздарының KASE ресми тізімінде болу процесіне басшылық ету және үйлестіру; «KEGOC» АҚ миноритарлық акционерлерімен және бағалы қағаздардың басқа да ұстаушыларымен өзара іс-қимыл; «KEGOC» АҚ қызметтеріне тари-

фтерді және тарифтік сметаларды өзгерту, түзету және бекіту бойынша қызметті үйлестіру; «KEGOC» АҚ шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есебін дайындау, қаржы институттарымен, аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, басқарушылық есептілік және қызметтің процестік көрсеткіштері жүйесі.

#### Қоса атқарған жұмысы және ДК-дегі мүшелігі:

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы, «Батыс транзит» АҚ қауымдастырылған ұйымы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

#### Саладағы жұмыс өтілі – 24 жыл.


2-11

## БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, әділдік, жауапкершілік, кәсібилік, байқампаздық, шыншылдық және тұрақтылық болып табылады.

2021 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 35 отырысы өткізілді, онда 184 мәселе қаралды.

### «KEGOC» АҚ Басқармасы қараған мәселелер құрылымы



%

- 16 ІНҚ
- 3 Бизнесті трансформациялау мәселелері
- 9 Мәмілелер
- 7 ТБЖ мәселелері
- 15 Кадр саясаты мәселелері
- 9 Корпоративтік басқару
- 12 Стратегиялық мәселелер
- 10 Еншілес және қауымдасқан компаниялар
- 19 Басқалары

2-13

### БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Алқалық шешімдерді алдын ала қарау, қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау үшін Компанияда консультативтік-кеңесу органдары құрылды:

- Инвестициялық комитет
- Тәуекелдер жөніндегі комитет
- Бюджет комитеті
- Кадрлық даму жөніндегі комитет
- Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет

- Тауарлы-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

Сонымен қатар, Компанияда тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері бойынша, «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) әзірлеу, ендіру, оның жұмыс істеуі бойынша және менеджмент жүйелерінің нәтижелігін үнемі жақсарту бойынша жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін Компанияда «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы басшылық

ететін консультативтік-кеңесу органы – Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды.

Үйлестіру кеңесінің құрамына барлық басқарушы директорлар, еншілес ұйымдардың басшылары кіреді. Үйлестіру кеңесінің тұрақты даму мәселелеріндегі негізгі міндеттері тұрақты даму саласындағы қағидаттарды ілгерілету және сақталуын қамтамасыз ету, жоспарлаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері жөніндегі іс-шаралар мониторингіне жауапкершілік белгілеу, сонымен қатар стейкхолдерлерге ұсынылатын тұрақты даму саласындағы ақпараттың мазмұнын анықтау болып табылады.

### Мүдделер қайшылығы

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері 2021 жылы мүдделер қайшылығына жол берген жоқ, Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделілігі олардың өз міндеттерін тиісінше орындауына ықпал етуі мүмкін болатын жағдайлар туындаған жоқ; шешімдердің аламамай қабылдануына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін мүдделер қайшылығы болған жағдайлардың туындағаны тіркелмеді, мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшелері мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспады.

2-15

### Мүдделілігі бар мәмілелер

2021 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы жасалуында мүдделілік бар 40 мәміле (соның ішінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 10 мәміле, «KEGOC» АҚ Басқармасының шешімімен 30 мәміле) жасау туралы шешім қабылдады. Ірі мәмілелер жасалған жоқ.

Есептік жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ филиалдары және «Батыс транзит» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС, «Каспий құбыр консорциумы-К» ЖШС, «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ, «СП Казгермунай»

ЖШС, «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС, «Казахстанско-французское совместное предприятие «Катко» ЖШС арасында ҚҚС-ны есепке алғанда 303 250 157,19 теңге жалпы сомасына жабдықтарға жедел және пайдалану қызметін көрсету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша 10 (он) шартқа қол қою арқылы жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдады.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес осы мәселелер бойынша талқылауға және дауыс беруге тәуелсіз директорлар ғана қатысты.

2021 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасы 57 991 228,7 теңге (ҚҚС-ны есепке алғанда) жалпы сомасына жасалуында мүдделілік бар 29 мәміле, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдарға уақытша бос үй-жайларды жалға беру бойынша, сондай-ақ жабдыққа жедел және пайдалану қызметін көрсету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша мәміле жасау туралы шешім қабылдады.

2-15

## Менеджментті бағалау және сыйақы

«KEGOC» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ, МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУДЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ӨЗ КҮШІМЕН ЖЫЛЫНА БІР РЕТ ЖӘНЕ БАСҚА ТАРАПТЫ ТАРТУМЕН КЕМ ДЕГЕНДЕ ҮШ ЖЫЛДА БІР РЕТ ЖҮРГІЗЕДІ. БАҒАЛАУ (ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ НЕМЕСЕ ТӘУЕЛСІЗ ТАРАПТЫ ТАРТУМЕН) «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ӨЗІРЛЕГЕН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. БҰЛ ӘДІСТЕМЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯНЫ АЙҚЫНДАУДАҒЫ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДАҒЫ, ТИІМДІЛІКТІ БАСҚАРУДАҒЫ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ БИЗНЕС-ШЕШІМДЕРГЕ ӘСЕР ЕТУДЕГІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУДЕГІ:

- Компания үшін тұрақты даму қағидаттары мәнін айқындаудағы және барлық мүдделі тараптармен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз етудегі;
- тұрақты даму саласындағы іс-шараларды Компанияның стратегиялық мақсаттарына нақты байланыстыруды қамтамасыз етудегі;
- тұрақты даму саласындағы іс-шараларға қатысты көтерген шығыстар бойынша есептерді бекіту, бақылау мен алудағы;
- бүкіл Топ бойынша тұрақты даму саласындағы бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу саласындағы рөлін бағалау критерилерін қарастырады.

2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз консультанттарын тарта отырып, корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностика жүргізді.

Тәуелсіз диагностика нәтижелері бойынша 2021 жылы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімділігін, соның ішінде Даму стратегиясын, тұрақты даму стратегиясын, кадр саясатын басқару және іске асырылуын қадағалау процестеріндегі тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсынымдар алынды. Бұл ұсынымдар Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жоспарда есепке алынды.

2-18

ВАкционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарын өтеу қағидаларына сәйкес Директорлардың сыйақысы екі бөліктен тұрады: жылдық тіркелген сыйақы және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарында төрағалық еткені немесе қатысқаны үшін қосымша сыйақы. Акционерлердің жалпы жиналысының 2020 жылғы 26 маусымдағы шешіміне сәйкес директорларға Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін төленетін қосымша сыйақылар төлеу алынып тасталды.

Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына, тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерлер-

де өткізілетін жиналыстарға баруына байланысты шығыстары өтеледі: (жол жүру, соның ішінде трансфер, қонақ үйде тұру, тәуліктік шығыстар, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (ұялы байланыстан басқа), құжаттарды сканерлеу, көшірмелеу, факс, принтерден шығару, құжаттарды компьютерде теру, Қазақстан Республикасында Интернетке шығу, курьерлік және почта қызметтері).

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес 2020 жылы Директорлар кеңесінің бірде-бір мүшесі өздерінің сыйақыларына байланысты шешімдер қабылдауға қатысқан жоқ.

2-20

Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі қызметкерлерден және бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыдан тұрады. «KEGOC» АҚ-ның бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бекітілгеннен кейін «KEGOC» АҚ-ның бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді. Есептік жылда шоғырландырылған қорытынды табыстың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау кезінде «KEGOC» АҚ стратегиялық мақсаттарын «KEGOC» АҚ Басқармасының әрбір мүшесіне арналған ҚНҚ карталары түрінде «KEGOC» АҚ бизнес-процестері/қызметінің бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге жатқызу арқылы әзірленетін қысқа мерзімге және ұзақ мерзімге арналған мотивациялық ҚНҚ қолданылады. Қысқа мерзімді кезеңге арналған мотивациялық ҚНҚ корпоративтік және функционалды ҚНҚ болып бөлінеді.

Корпоративтік ҚНҚ-ны және басшы қызметкерлердің ҚНҚ-сын Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Осылайша, 2020 жылғы 15 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің корпоративтік ҚНҚ-ларын және олардың 2021 жылға арналған нысаналы мәндерін бекітті.

## Негізгі мотивациялық ҚНҚ

1-стратегиялық мақсат		2-стратегиялық мақсат		3-стратегиялық мақсат	
WWP	▲	EBITDA	▲	Корпоративтік басқару рейтингі	▲
Электр энергиясының технологиялық шығысы желіге босату көлемінен %-бен	▼	Таза активтердің құны (NAV)	▲	Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іс-шараларын орындау	▲
ЭЖЖ-дегі технологиялық бұзылыстардың саны	▼	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу	▲	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	▲
Толымсыз жеткізілген электр энергиясы немесе Energy Not Supplied (ENS)	▼				
Қазақстан ҰЭТ-те WAMS жобасын іске асыру	▲				

Есептік кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алу құқығы есептік кезеңде кем дегенде 5 ай нақты жұмыс істеген Басқарма мүшелерінде бекітілген ҚНҚ-ның есептік кезеңде орындалу қорытындылары бойынша болды.

Корпоративтік ҚНҚ мен басшы қызметкерлердің ҚНҚ-сының орындалу мониторингі жыл ішінде мерзімді түрде жүзеге асырылады. Есептік жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейлердегі ҚНҚ нақты мәндерін есептеу жүзеге асырылады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік ҚНҚ-ның мақсатты мәндеріне қол жеткізілді.

2021 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылардан немесе болашақ сыйақылардан бас тартуы немесе бас тарту туралы келісімдері болған жоқ. Осылайша, негізгі басқарушы персоналға (Директорлар

кеңесі мен Басқарма мүшелеріне) сыйақы төлеу және онымен байланысты аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, еңбекке жарамсыздық, демалыс ақылары, материалдық көмек және басқалары) 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 313,9 млн теңгені құрады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ  
ДАМУ ТУРАЛЫ  
ЖОСПАРЛАР

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Компания мыналар үшін бұдан әрі де күш салуды жалғастыратын болады:

- отырыстарды оңтайлы жоспарлау, отырыстарға арналған материалдардың сапасын арттыру, Ди-

- ректорлар кеңесі мен комитеттерді мәмілелер мен инвестицияларды мониторингтеу, тұрақты даму мәселелеріне көбірек тарту арқылы Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімділігін арттыру үшін;
- қызметкерлерді оқыту және тәуекел-мәдениетін арттыру жолымен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, екінші қорғаныс желісінің бөлімшелері мен ІАҚ арасындағы қызметті үйлестіру жолымен ІАҚ қызметін тиімді жоспарлау үшін;
- Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттағы тиімді саясаты арқылы тұрақты даму саласындағы қызметтің тиімділігі, еңбекті қорғау, іскери этиканы сақтау жүйесін бұдан әрі жетілдіру үшін;
- корпоративтік сайттың мазмұны мен дизайнын қайта қарау, Компанияның қызметін жариялауда мүдделі тараптардың пікірлерін есепке алу, корпоративтік есептілікті жетілдіру арқылы ашықтықты арттыру үшін бұдан әрі де күш салуды жалғастыратын болады.

## КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Корпоративтік этика – бұл біздің қызметкерлерімізді біріктіретін негізгі элемент.

Корпоративтік этиканың мақсаты – қызметкерлердің бір ұжым шеңберіндегі өзара қарым-қатынасын реттеуде болып табылады және жалпы қабылданған адами құндылықтар негізінде қалыптасады:

- құзыреттілік және кәсібилік (Компания қызметкерлерінде сапалы білімнің, жұмыс тәжірибесінің, шешім қабылдау қабілетінің, өзінің кәсіби деңгейін арттыруға талпынысының болуы);
- адалдық және әділдік (ұйым қызметіндегі, оның іскерлік беделін сақтаудағы және жеке мүдделер мен кәсіби қызмет арасындағы қайшылықтарды болдырмаудағы маңызды аспект);
- жауапкершілік Компания қызметінің сапасына кепілдік ретінде;

- адамның жеке басын құрметтеу (Компанияның әрбір қызметкері нәсіліне, тіліне, саяси және діни сенімдеріне, жынысына, ұлттық және мәдени ерекшеліктеріне қарамастан өзіне адал және әділ қарым-қатынас жасауға құқылы);
- коммерциялық құпияны сақтауға тырысумен, зиянсыз және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен сипатталатын қауіпсіздік.

Әрбір қызметкер өзінің күнделікті қызметінде басшылыққа алуы тиіс практикалық қағидалар жиынтығынан тұратын Мінез-құлық (іскери этика) кодексі жоғары буын басшыларын қоса алғанда, Компанияның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады. Мінез-құлық кодексі корпоративтік этика мен іскерлік мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормалары және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін айқындайтын құжаттар негізінде әзірленді. Мінез-құлық кодексі Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарына қолданылады. Омбудсмен Мінез-құлық кодексінің ережелерімен Компанияның барлық қызметкерлерін, соның ішінде лауазымды тұлғаларды жұмысқа қабылдаған кезде, оған өзгерістер енгізілген кезде таныстыруды тұрақты жүргізіп отырады.

2-23

Компанияда Директорлар кеңесіне есеп беретін Омбудсмен жұмыс істеуді жалғастыруда, оның міндеттерінің бірі қызметкерлердің және лауазымды тұлғалардың Мінез-құлық кодексін сақтауын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру болып табылады. Омбудсмен жұмысының негізгі қағидалары бұл тәуелсіздік, бейтараптық пен әділдік, құпиялық пен бейресмилік болып табылады.

Қызметкерлердің өтініштерін қарау тәртібі «KEGOC» АҚ омбудсмені туралы ережемен реттеледі, соған сай омбудсменнің белгіленген тәртіппен қызметкерлерден, лауазымды тұлғалардан, ІАҚ басшыларынан, комплаенс-офицерден қажетті ақпаратты, материалдар мен түсіндірмелерді сұратуға және алуға құқығы бар. Өтінішті қарауға қабылдау 5 жұмыс күні ішінде

өтініш берушінің өз құқықтарын қорғау және/немесе мінез-құлық нормаларының бұзылуын және/немесе мінез-құлық нормаларын бұза отырып, қабылданған шешімдерді немесе әрекеттерді (әрекетсіздікті) жою үшін пайдалануға құқылы тәсілдер мен құралдар түсіндіріледі. Сонымен қатар омбудсмен өтінішті Компанияның осындай өтініштерді шешуге құзыретті органына беруге міндетті.

2021 жылы омбудсмен ұжымдармен кездесу үшін Оңтүстік, Сарыбай, Алматы («Энерготехкісәподақ» ҚБ Басқарма төрағасымен бірге), Ақтөбе және Батыс ЖЭС филиалдарында болды. Қызметкерлердің назарына мінез-құлық кодексінің мақсаттары мен міндеттері, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің және Ұжымдық шарттың негізгі ережелері туралы, коммуникация арналары (жедел желі, «Нысана» байланыс орталығы, омбудсмен телефондары) туралы ақпарат жеткізілді, Компания қызметкерлерінің міндеттері және Мінез-құлық кодексін (іскерлік этика) бұзудың салдары туралы түсіндірілді. Омбудсмен ниет білдірушілермен жеке қабылдау өткізді.

Ықтимал шиеленістердің алдын алу және ескерту мақсатында тұрақты негізде Компания қызметкерлерімен Компанияның ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдерін түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

2021 жылы «KEGOC» АҚ Омбудсменіне, соның ішінде «нысана» байланыс орталығы арқылы және филиалдарға барып, жеке қабылдау кезінде 8 өтініш түсті. Әрбір өтініш бойынша өтініш иелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауап берілді. Өтініштерде әлеуметтік-еңбек қатынастары (еңбек демалысын беру тәртібі, еңбекақы төлеу мәселелері және т.б.) мәселелері қозғалды.

Бұл ретте адам құқықтары бұзылған жағдайлар болған жоқ, 2021 жылы Компания қызметкерлері тарапынан еңбек заңнамасы бойынша өндіріп алу туралы талап-арыздар қатары болмады.

Омбудсмен барлық өтініштерде және осы өтініштер бойынша қабылданған шараларда Директорлар кеңестерін апта сайынғы есептер шеңберінде хабардар етеді.

2-16, 2-24, 2-26

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

«KEGOC» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасыруда оның кез келген көріністерінде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын ұстанады. Компания жемқорлықтың кез келген түрін, соның ішінде ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы қызметтер түріндегі ұсыныстарды немесе пайда алуды болдырмайды. Алдағы уақытта тараптардың қандай да бір міндеттемелеріне әкелуі мүмкін қонақжайлық белгілерін танытпайды немесе сыйлықтарды қабылдамайды. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жұмыстан шығарылуға және жауаптылыққа тартылуға жатады.

«KEGOC» АҚ өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтайды және сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерінде сыбайлас жемқорлыққа ымырасыз күресуге бағытталған ұйымдастыру және практикалық қадамдарға бар күшін салады.

Атап айтқанда, Директорлар кеңесі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, бастамашылықпен ақпараттандыру саясатын бекітті. Компанияның барлық қызметкерлері көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен танысты. Компанияның лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын сақтау туралы міндеттемелерге қол қою арқылы өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды. От-

ставка институтын іске асыру және қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін басшыларды жауапкершілікке тарту бойынша іс-қимыл алгоритмін сақтау жұмысы жүргізілуде.

«KEGOC» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған алдын алу-профилактикалық жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. 2021 жылы комплаенс-офицер қызметкерлерімен кездесулер барысында Компанияда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін дамыту, қызметкерлердің комплаенс саласындағы саясат туралы хабардар болуының талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама ережелерін жариялай отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту тренингтерін өткізді.

Отставка институтын іске асыру және қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін басшыларды жауапкершілікке тарту жөніндегі іс-қимыл алгоритмін сақтау бойынша жұмыс жүргізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-да портфельдік компаниялардың, соның ішінде «KEGOC» АҚ-ның стейкхолдерлерімен жедел желі жұмысы ұйымдастырылды. «KEGOC» АҚ барлық мүдделі тұлғаларына заңнаманың, реттеу талаптарының нақты бұзылауына немесе бұзылуы мүмкіндігіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен этика мәселелері бойынша ішкі саясаттар мен рәсімдерге қатысты өзінің алаңдаушылығы туралы хабарлау мүмкіндігі беріледі. Оларға құпия және жасырын түрде хабарлама жіберу мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте өтінімдердің құпия әрі жасырын болатынына, 100% қаралатынына кепілдік беріледі. Жедел желінің жұмыс уақыты тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн.

2-16, 2-26

2021 жылы «KEGOC» АҚ жедел желісіне 6 өтініш түсті. Барлық шағымдар бойынша мұқият тергеулер жүргізілді: өтініштерде баяндалған фактілер расталмады. Комплаенс-офицер осы өтініштер бойынша барлық өтініштер мен қабылданған шаралар туралы тоқсан сайынғы есептер шеңберінде Директорлар кеңесін хабардар етіп отырады.

## Ішкі аудит қызметі

2-26

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ (БҰДАН ӘРІ – ІАҚ) 2006 ЖЫЛЫ «KEGOC» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІМЕН ҚҰРЫЛДЫ. 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША ІАҚ БЕКІТІЛГЕН ШТАТЫ 8 АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ АУДИТІ БӨЛІМІНІҢ АУДИТОРЫ БОС ЛАУАЗЫМЫ БОЛДЫ.**

Қызметтің миссиясы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен атқарушы органына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсетуде болып табылады. Қызметтің жұмысының негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруде жүйелік тәсілдерді енгізе отырып, Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және дұрыс ақпарат беру болып табылады.

2021 жылы Қызметтің жұмысы мына құжаттармен реттелді:

- Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалар;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы бекіткен Қызмет қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.



Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудит қызметі қызметінің негізгі мақсаты мен миссиясы есепке алына отырып, жоспарланды. Ішкі аудитті жоспарлаған кезде тәуекелге бағытталған тәсіл қолданылды, яғни жоспарға енгізу үшін басымдылық теріс оқиғалардың туындауына көбірек ұшырайтын бизнес-процестерге берілген.

ІАҚ 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№13 хаттама) бекітілді. Жоспарда 15 тапсырма қарастырылған. Қызметтің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес орындаған аудиторлық тапсырмаларының тақырыбы Қоғам филиалдарын кешенді тексеруді, жеткізілім тізбектерін жоспарлау, дамыту және басқару бойынша бизнес-процестер аудитін, HR-процестері аудитін, IT-инфрақұрылымы аудитін мене трансформациялау бағдарламасының IT-жобаларын, ТМҚ/ТМҚ мониторингі және есептен шығару аудитін, инвестициялық бағдарламаны құру және оның орындалуын мониторингтеу аудитін, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің аудитін, «Энергоинформ» АҚ ІАҚ жүргізген «Энергоинформ» АҚ Корпоративтік басқару диагностикасы нәтижелерінің талдауын қамтыды. Барлық тапсырмалар орындалды.

2021 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Қызмет Қоғамға 104 ұсыным берді, олардың ішінде аудит объектілері 6 ұсыным ендірі, 98 ұсыным ендірілу сатысында тұр. Аудит объектілері Қызметпен бірлесіп, Түзету іс-қимылдарын жоспарларын әзірледі. Қызмет тоқсан сайынғы негізде берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізіп отырады.

## Сыртқы аудитор

«KEGOC» АҚ КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУҮҮШІН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУДЫ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ БОЙЫНША БІРЫҒАЙ КОМИССИЯ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУШІ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕЛУДЕН КӨП ПАЙЫЗЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ) «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-ҒА МЕНШІК НЕМЕСЕ СЕНИМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНДА ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТИЕСІЛІ ҰЙЫМДАР ҮШІН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАЛАРҒА САЙ ЖӘНЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ (2021 ЖЫЛҒЫ 31 МАМЫРДАҒЫ № 22 ХАТТАМА) НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУДИТОРЛАР ПАЛАТАСЫНЫҢ КӘСІБИ ҰЙЫМЫНЫҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ – «RSM QAZAQSTAN» ЖШС-МЕН ШАРТ ЖАСАЛДЫ. 2021-2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН СЫЙАҚЫ СОМАСЫ ҚҚС-НЫ ЕСЕПКЕ АЛҒАНДА 116,22 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ – 35,98 МЛН ТЕҢГЕ, 2022 ЖЫЛЫ – 38,55 МЛН ТЕҢГЕ, 2023 ЖЫЛЫ – 41,69 МЛН ТЕҢГЕ.

Тәуелсіздікті сақтау мақсатында және «KEGOC» АҚ Сыртқы аудит жөніндегі саясатына сай бір аудиторлық ұйым бес жыл қатарынан аудит жүргізген кезде аудит бойынша серіктес ауыстырылып отырады. «RSM Qazaqstan» ЖШС 2021 жылы «KEGOC» АҚ аудиторлық емес қызмет көрсетпеді.



# АДАМИ РЕСУРС

Кадрлық әлеует Компанияның даму табысын айқындайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады



## 85%

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі



## 8,22%

Кадрлардың тұрақтамауы



## 0,15

LTIFR



## Кадр саясаты

«KEGOC» АҚ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ ТАБЫСЫН АНЫҚТАЙТЫН МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ФАКТОР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. «KEGOC» АҚ АДАМИ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖМЕНТІ КОПРОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІСКЕРИ ЭТИКА) КОДЕКСІНІҢ, БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ, КАДР САЯСАТЫНЫҢ, «KEGOC» АҚ ПЕРСОНАЛЫН МОТИВАЦИЯЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

«KEGOC» АҚ Кадр саясаты жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және меритократияға бағытталған тиімді корпоративтік мәдениет арқылы «KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін зияткерлік және кәсіби ресурс ретінде кадрлық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған.

Кадр саясаты «Самұрық-Қазына» АҚ мен «KEGOC» АҚ Даму стратегиялары, «KEGOC» «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр саясатының тұжырымдасы, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Адами ресурстарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарты, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Еңбек ресурстарын жоспарлау жөніндегі корпоративтік стандарты; «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін адами ресурстарды басқару жөніндегі референстік модель негізінде әзірленген.

Кадр саясаты бұл «KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды қолдауға бағытталған адами ресурстарды басқару саласындағы стратегиялық құжат болып табылады, оның негізгі стратегиялық мақсаттары:

1. Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмысын қамтамасыз ету;
2. «KEGOC» АҚ тиімді қызметін қамтамасыз ету;
3. корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму.


«KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыру үшін Кадр саясатының алдында мынадай мақсаттар тұр:

- қызметкерлерді іздестіру мен іріктеуді, оқыту мен дамытуды, қызметкерлердің қызметін бағалау мен сыйақыларды басқаруды қоса алғанда, меритократия қағидаттарына берілгендігін қамтамасыз ету;
- нысаналы корпоративтік мәдениетті дамыту;
- дарындарды және мәнсап жоспарын басқару жүйесін жетілдіру;
- Компанияның табысты қызмет етуіне себеп болатындай әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу;
- білім сабақтастығы және білім алмасу саясатын сақтау;
- мамандарды цифрлық технологияларды қолдануға үйрету.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания қызметкерлерінің (ЕҰ есепке алғанда) тізім бойынша саны 4 400 адамды құрады. **2-7**

«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қолдайды және құрметтейді. 2021 жылы «KEGOC» АҚ-да адам құқықтарын бұзуға, нәсілі, жынысы, тілі, діні, жыныстық ұстанымы немесе гендерлік ерекшелігі бойынша кемсітуге байланысты бір де бір жағдай тіркелген жоқ. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалар еңбегі мен мәжбүрлі еңбекті қолданбайды.

### Қызметкерлер саны




адам

### Қызметкерлердің санаттар бойынша құрылымы




%

### Жұмыс түрі бойынша қызметкерлер саны










%

### Қызметкерлердің гендерлік белгілері бойынша құрылымы



%

**Қызметкерлердің жасы бойынша құрылымы**

**Қызметкерлердің білімі бойынша құрылымы**

**Қызметкерлердің жұмыс өтілі бойынша құрылымы**

**Қызметкерлердің ұлты бойынша құрылымы**

**Қызметкерлердің өңірлер бойынша құрылымы**

**ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ**

	Көрсеткіш	Барлығы	Үлес, %	ӘБП	ӨП	Басшы лауазымдар	Басшылықтағы үлесі, %
<b>Тізім бойынша саны</b>		<b>4 400</b>	<b>100</b>	<b>658</b>	<b>3 742</b>	<b>632</b>	<b>100,0</b>
Жынысы	Ерлер	3 377	76,8	254	3 123	562	88,9
	Әйелдер	1 023	23,2	404	619	70	11,1
Ұлттық белгілері бойынша топтар	Қазақтар	3 151	71,6	564	2 587	451	71,4
	Орыстар	839	19,1	61	778	125	19,8
	Украиналықтар	130	3,0	6	124	18	2,8
	Татарлар	69	1,6	8	61	12	1,9
	Немістер	59	1,3	5	53	7	1,1
	Басқалары	152	3,5	14	139	19	3,0
Жасы бойынша топтар	30 жасқа дейін	783	17,8	72	711	47	7,4
	30-дан 50 жасқа дейін	2 380	54,1	441	1 939	360	57,0
	50 жастан жоғары	1 237	28,1	145	1 092	225	35,6



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ


Компанияның кадр саясаты қағидаттарының бірі құзыреттілік моделі мен лауазымға қойылатын талаптарға негізделген іріктеудің айқын және ашық өлшемдері, конкурстық рәсімдердің сақталуы, қабылданатын шешімдердің негізділігі, персоналды жалдаған кезде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әрбір лауазым үшін релевантты кандидаттарды бағалау әдістемесін қолдану, қысымшылықтың болмауы, барлық кандидаттарға кәсіби, ашық және құрметпен қарау арқылы меритократия қағидаттары негізінде ашықтық пен айқындық болып табылады. Бос лауазымға орналасу кезінде ішкі кандидаттар сабақтастық бағдарламаларын іске асыру, дарын-

дарды басқару және кадрлық резерв негізінде басымдыққа ие.

«KEGOC» АҚ барлық үміткерлерге олардың ұлттық және нәсілдік тегіне, жынысына, жасына, отбасылық және әлеуметтік жағдайына немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынады.

Жергілікті тұрғындардан (Қазақстан Республикасының азаматтары) жалданған жоғары деңгейдегі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері) үлесі 2021 жылы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 90,9%-ды құрайды.

### Кадрлардың тұрақтамауы




«KEGOC» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауының қорытынды мәні белгіленген бастапқы мәні «10%-дан аспайтын» кезде 2021 жылы 8,22% құрады. Сонымен қатар, кадрлар тұрақсыздығы ерлер арасында 7,97%-

ды, әйелдер арасында 9,08%-ды құрады. Компаниядан кеткен ерлердің орташа еңбек өтілі 2021 жылы 14,8 жыл (438 адам), әйелдер – 12,9 жыл (310 адам) болды.


401-1

## 2021 жылы Компаниядан кеткен қызметкерлердің «KEGOC» АҚ-да жұмыс істеу ұзақтығы



## 2021 жылы персоналдың динамикасы

адам



## 2021 жылдың соңындағы жай-күй бойынша перспективада зейнетке шығуға мүмкіндігі бар қызметкерлер, персонал санынан %

ЕУ15

Көрсеткіш	Барлығы	ӘБП	ӨП
2021-2025 жылдар аралығы кезеңінде зейнетке шыға алатындар (жуық арадағы 5 жылда)	11,9%	6,08%	11,97%
2021-2030 жылдар аралығы кезеңінде зейнетке шыға алатындар (жуық арадағы 10 жыл ішінде)	20,98%	11,85%	22,58%

## МОТИВАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйақы беру бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Компания қызметкерлерінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша қызметкерлері/тарифтік мөлшерлемелері орта есеппен 6%-ға көтерілді.

### «KEGOC» АҚ-дағы еңбекақы төлеу жүйесі

Материалдық сыйақы		Материалдық емес сыйақы
Базалық бөлігі	Айнымалы бөлігі	Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау
(жалақы, қосымша ақы және үстеме ақы)	(қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар, бір реттік сыйақылар, басшы және басқарушы қызметкерлердің сыйақылары))	

Компанияда ерлер мен әйелдердің еңбектері үшін теңдей сыйақы төлеу, сонымен қатар «KEGOC» АҚ-ның еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан филиалдарында ерлер мен әйелдерге еңбекақы белгілеген

кезде бірыңғай тәсіл көзделген. 2021 жылы «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасында белгіленген ең аз жалақыдан артық болды.

### «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің бастапқы деңгейдегі қалыпты жалақысының Қазақстан Республикасында 2020 жылға белгіленген ең аз жалақыға қатысы

2021 жылы Қазақстан Республикасындағы ең аз жалақы мөлшері, теңге	2021 жылы «KEGOC» АҚ-дағы ең аз жалақы мөлшері*, теңге	Ауытқу, %
42 500 *	65 500 **	152,5%

\* «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы N° 379-VI заңына сай 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген ең аз жалақы мөлшері.

\*\* жалақының ең төменгі деңгейі дегеніміз бұл еншілес ұйым «Энергоинформ» АҚ өндірістік және қызметтік үй-жайларын тазалаушының қызметкерін білдіреді.

2021 жылы Қазақстан Республикасының өнеркәсібіндегі жалақының орташа мөлшері, теңге

364 823 \*

2020 жылы «KEGOC» АҚ-дағы\* жалақының орташа деңгейі, теңге

415 949 \*\*

Ауытқу, %

114,0%

\* «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің Ұлттық статистика бюросы» ақпаратына сай.

\*\* «KEGOC» АҚ 2021 жылғы орташа айлық жалақысы.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Компанияның қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қызметі мына ішкі құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты;
- Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы;
- Қызметкерлердің еңбегін марапаттау және тану қағидасы.

Осы құжаттарға сәйкес «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау түрлерін ұсыну көзделген:

1. материалдық көмек;
2. өтемақы төлемдері;
3. тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек.

Жоғарыда көрсетілген саясат Компанияның барлық қызметкерлеріне, соның ішінде уақытша жұмысқа қабылданған және толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істейтін қызметкерлерге қолданылады.

401-2

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, бейілділікті арттыру мақсатында Компания қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді: жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған материалдық көмек, мерейтойлық күнге, бала тууына байланысты, қызметкердің, қызметкердің отбасы мүшелерінің және «KEGOC» АҚ есебінде тұрған зейнеткердің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек, қызметкердің және

мүгедек балаларының, бала күнінен мүгедек қызметкердің мүгедектік тобы мен жасына қарамастан, медициналық емделуіне ақы төлеу.

Сонымен бірге Компания қызметкерлерге жүктілігі мен босануына байланысты, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жүктілік пен бала тууына байланысты, жаңа туылған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты кірісін жоғалтқан жағдайға әлеуметтік төлемдер сомасын алып тастағанда орташа жалақысы сақталатын демалыс үшін ақы төлейді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Компания қызметкерге баласы үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс береді: ата-аналарының таңдауы бойынша – баланың анасына немесе әкесіне; баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анасына; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысына немесе қамқоршысына; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерге. Қызметкер бала күтімі бойынша демалысты баласы үш жасқа толғанға дейін толық немесе бөліп пайдалана алады. Демалыс уақытында қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Баласы үш жасқа толғанға дейін алған демалысы

аяқталмай жұмысқа шыққан жағдайда, қызметкер жұмыс берушіге өзінің ниеті туралы жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын ескертеді. Осылайша, 2021 жылы мұндай демалыс Компанияның 60 қызметкеріне (2 ер адам және 58 әйел адам) берілді. 2021 жылы 24 әйел бала күтімі демалысынан жұмысқа шықты.

**401-3**

«KEGOC» АҚ қызметкерлерге тұрғын үй мәселесін шешуге жыл сайын бекітілетін кірістер мен шығыстар бюджетінен осы мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде көмек көрсетеді.

Зейнеткерлік жастағы қызметкерлерге зейнетке шығар кезде өтемақы төленеді, сонымен қатар Компанияның есебінде тұрған зейнеткерлерге жыл сайын «Энергетик күні» кәсіби мерекесіне біржолғы материалдық көмек төленеді.

**3-3, 401**

2021 жылы Компания 121,7 млн теңге сомасына үйді жалға алу шығыстарын ішінара төлеп беру жолымен 123 қызметкердің баспана мәселесін шешуге көмектесті.

2021 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ-ның 223 қызметкері сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттік және салалық наградалармен ынталандырылды.

2021 жылы Компания қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға бөлінген қаражат көлемі мерейтойға, емделуге, жерлеуге және басқаларға материалдық көмек төлемін қосқанда 374,2 млн теңгені құрады.

«KEGOC» АҚ-ның кадрлық саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі бұл персоналды тарту (ӘБП қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама және онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша есептелетін) және өндірістік персонал қызметкерлері арасында анықталатын әлеуметтік тұрақтылық индексі болып табылады. 2021 жылы персоналды тарту деңгейі және әлеуметтік тұрақтылық индексі 85%-ды құрады, бұл жалпы алғанда Компанияда жүргізіліп жатқан әлеуметтік

саясаттың табыстылығы мен әлеуметтік жағдайдың қолайлы екені туралы дәлелдейді.

**3-3, 401**

## ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

«KEGOC» АҚ персоналды оқыту мен дамыту процесіне үлкен мән береді және мына қағидаттарды басшылыққа алады:

- оқытудың тиімділігі және нәтижелілікке бағыттану, Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешу;
- оқыту мен дамудың озық сипаты – Компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын қолдау;
- мақсатқа лайықтығы – оқыту бағдарламаларын таңдау қызметкерлердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді;
- даму жүйесінің біртұтастығы, оқытудың үздіксіздігі және жүйелілігі.

«KEGOC» АҚ-да процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін персоналды оқытудың мына негізгі түрлері қолданылады:

- өз бетінше оқу (өздігінен білім алу);
- өндірісте ұйымдастырылған оқыту (өндірістік-техникалық оқу);
- мамандандырылған оқу орындарының біліктілікті арттыру курстарында өндірістен қол үзіп, қысқа мерзімді оқу.

**3-3, 401**

Персоналды оқыту қазіргі заманғы оқыту әдістерінің бүкіл спектрін – бизнес-практикумдар, семинарлар, тренингтер, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру, кәсіби даярлау мен қайта даярлау бағдарламалары, форумдар, конференциялар түрлерін қолданумен өткізіледі. Есептік жылы 2 113 қызметкер оқыды, бұл қызметкерлердің тізімдік санынан 54,18%-ды құрайды. «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылы оқуға жұмсаған нақты шығындары 116,8 млн теңгені немесе жоспардың 35,9%-ын құрады, бұл 2020 жылы орындалғаннан 21,1%-ға төмен.

Оқытудың орташа жылдық саны 1 қызметкерге 22,3 сағатты құрады, соның ішінде ӘБП қызметкерлері үшін – 21,5 сағат, ӨП қызметкерлері үшін – 22,4 сағат.

Бір ер қызметкерге оқыту сағаттарының орташа саны – 21,9 сағат, әйел қызметкер үшін – 25,5 сағат.

Жалпы оқыту сағаттарының саны 94 198,0 сағатты құрады, соның ішінде ер қызметкерлер үшін – 82 879,0 сағат, әйел қызметкерлер үшін – 11 319,0 сағат; ӘБП – 12 526,0 сағат, ӨП – 81 672,0 сағат.

**401-1**

Өндірістік құрамдағы жас кадрлардың кәсіби білімдері, білігі мен дағдылары деңгейін көтеру, олардың кәсіби дамуына көмектесу, өндірістік құрамдағы тәжірибелі қызметкерлердің құзыреттерін сақтау, корпоративтік мәдениетке бейімдеу, дәстүрлер мен мінез-құлық қағидаларын игеруі үшін «KEGOC» АҚ-да тәлімгерлік жүйесі енгізіліп, жұмыс істеуде.

«KEGOC» АҚ-ның дарындар пулын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде – 255 адамнан тұратын мирасқорлардың функционалдық және басқару пулы бекітілді.

## ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ

Жұмыс нәтижелеріне қойылатын талаптарды анықтау, алынған нәтижелерге қол жеткізуді бағалау және қызметкерлерге сындарлы кері байланыс ұсыну арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында персоналдың қызметі бағаланады.

Қызметкердің қызметін бағалау меритократия қағидаттарына негізделген, тұрақты түрде (тоқсан сайын, жылда) жүзеге асырылады және ҚНҚ/ мақсаттар мен құзыреттер (кәсібилік пен әлеует) бойынша бағалауды қамтиды. Қызметкерлердің қызметін бағалау сонымен қатар Дарындарды бөлу картасы бойынша калибрлеуді қамтиды (тоғыз ұялы тор).

Қызметті бағалау нәтижесіне қарай мынадай басқару және дамытушылық шешімдер қабылдануы мүмкін:


- жалақы деңгейін қайта қарау туралы;
- тоқсан/жыл қорытындылары бойынша сыйлықақы/сыйақы төлеу туралы;
- таланттар пулына (кадрлық резервке) енгізу үшін қызметкердің кандидатурасын қарау туралы;
- қызметкердің бұдан әрі дамуы туралы.

2021 жылы 2020 жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметкерлерінің қызметіне жүргізілген кешенді бағалаудан өткен «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің саны 2 046-ны немесе Компания персоналының тізім бойынша санының 52,5%-ын құрады: 1 349 ер адам және 697 әйел адам; 521 ӘБП қызметкері және 1 525 ӨП қызметкері.

**404-3**

## Аттестаттаудан өткен қызметкерлердің гендерлік құрылымы


%


**65,9**
**34,1**

 Ерлер  
Әйелдер



### Атестаттаудан өткен қызметкерлердің санаттары бойынша құрылымы



74,5  
25,5

ӨП  
ӘБП

### ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІ

«KEGOC» АҚ бірлестік еркіндігін қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттарды жасау құқықтарын таниды.

«KEGOC» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2021-2025 жылдарға арналған ұжымдық шарт оған қосылу рәсімін, еңбек тәртібін, соның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік демалыс кезіндегі демалыс уақытын, еңбекақы төлеу, еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдер мен өтемақылар беруді реттеу мәселелерін көздейді, қызметкерлерді қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту, қызметкерлерді медициналық сақтандыру және мәдени-көпшілік бос уақыттарын қолдау жөніндегі шараларды нақтылайды. Оған Компания қаражаты есебінен қызметкерлерді

арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бөлігінде жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сонымен қатар онда Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңдестірілген адамдарға, Компанияның есебінде тұрған ардагер-энергетиктерге қатысты мәселелер көрсетілді.

Ұжымдық шарт жұмыспен қамтылу түріне қарамастан, «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне (100%) қолданылады

403-4

Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес жұмыс беруші қызметкерді еңбек жағдайының өзгергені туралы кем дегенде он бес күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етуі тиіс. Қызметкерлердің саны немесе штаты қысқаруына байланысты еңбек шартын бұзған кезде қызметкерлерді ескертудің ең аз мерзімі Компанияның Ұжымдық шартында көрсетілген және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды.

2-30

2003 жылы «Энерготехкәсіподақ» ҚБ Энергетикалық сала қызметкерлерінің кәсіби одағы құрылды, негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- өз мүшелері мен мүшелік ұйымдардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау;
- салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға көмектесу;
- салалық келсім мен ұжымдық шарт жасаған кезде әлеуметтік әріптестік тарабында болу.

Кәсіподақ сонымен қатар еңбекақы төлеу шарттарына, қызметкерлерді материалдық ынталандыру нысандарына, тәртіптік жазалау шараларын қолданғанға дейінгі еңбек тәртібін сақтауға ықпал етеді.

Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманы сақтауды бақылауға, кепілдіктер мен өтемақыларды, жеңілдіктер мен т.б. сақтауға және іске асыруға арналған.

2020 және 2021 жылдары «Энерготехкәсіподақ» ҚБ қызметкерлерді, соның ішінде COVID-19 пандемиясымен байланысты қолдауға бағытталған әлеуметтік бастамалар мен іс-шараларға белсенді қатысты. Осылайша, қорғаныс құралдары (антисептиктер, қорғаныс маскалары) сатып алынды, үй-жайлар өңделді, вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмысшылардың тестілеуден өтуі үшін ақы төленді. Жыл ішінде кәсіподақ мүшелері мен зейнеткерлерге емделуге, дәрі-дәрмек сатып алуға берген өтініштері бойынша материалдық көмек көрсетілді, санаторий-курорттық путевкалар мен демалыс үйлерінде демалғаны үшін өтемақы төленді.

«Энерготехпрофсоюз» ҚБ ҚЕК РКБ-ның мүшесі бола отырып, 2021-2023 жылдарға арналған Бас келісімнің, 2022-2024 жылдарға арналған Салалық келісімнің жобаларын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Кәсіби одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу бойынша жұмыс топтарына белсенді қатысты.

### ВОЛОНТЕРЛІК

«KEGOC» АҚ волонтерлері ел өңірлері бөлігінде әртүрлі ыріктілік акцияларына қатысуды жалғастыруда.

2021 жылы жалғасқан карантиндік шектеулерді, инфляцияның жоғары деңгейі, ковид кезеңінде ауруға байланысты туыстары мен жақын жандардан айрылуы сияқты бірқатар жағдайларды ескере отырып, волонтерлердің акцияларға қатысу саны азайды, бірақ соған қарамастан Компанияның энергетиктері әрдайым қиын жағдайларда ел азаматтарына мүмкіндігінше көмектесіп отырады. Бұл ретте Волонтерліктің барлық акциялары өз қаражаты мен «Энерготехкәсіподақ» ҚБ қаражатын жинау есебінен өткізіледі.

«KEGOC» АҚ волонтерлары Рудный қаласы әкімдігінің «Зеленстрой» МКК-мен бірлесіп, қаланы көгалдандыру бойынша экологиялық бағдарламаға қатысты.

Жеңіс күніне (9 мамыр) еліміздің барлық қалалары бойынша «Жүйеаралық электр желілері» филиалдары орналасқан жерлерде «Энерготехкәсіподақ» ҚБ-мен бірлесіп, ҰОС ардагерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға 56 адамға азық-түлік көмегі көрсетілді.

Компания қызметкерлері Алматы қаласының «Тағдыр» мүгедек балалардың отбасылық клубына Наурыз мейрамына арналған мерекелік дастарханға сыйлықтар түрінде қайырымдылық көмек көрсетті. Сонымен қатар, «Қайырымдылық істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында өткізілген «Донор күні» астаналық акциясына қатысты. Бұл акцияны Компания қызметкерлері еліміздің өңірлері бойынша қолдады. Айта кету керек, біздің Компания 2007 жылдан бастап донорлық акцияларға тұрақты қатысып келеді.

Балаларды қорғау күнін мерекелеу қарсаңында «Менің тамаша Отаным – Қазақстан» тақырыбында конкурс өткізілді, онда 47 балаға мектепке қажетті заттар түріндегі сыйлықтар табыс етілді, Атырау қаласында 30 ағаш отырғызумен «Таза Қала» акциясында сенбілікті ұйымдастыру мен өткізуге қатысты.

Жыл сайын өткізілетін «Жақсылық жасауға асық!» қайырымдылық марафоны аясында «Екібастұз» балалар қорына материалдық көмек көрсетілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қарағанды қаласының 200 аз қамтылған отбасыларына азық-түлік жинап, жеткізу бойынша өткізілген «АЯЛА» акциясына қатысты.

Компания қызметкерлері «Энерготех кәсіподақ» ҚБ қолдауымен «Жүрек Нұры» қоғамдық қорының «Бақытты балалық шақ» бағдарламасы бойынша «Мектепке жол» акциясына қатысты, бұл іс-шапра аясында Шымкент, Алматы және Ақтөбе қалаларында аз қамтылған отбасылардың балалары қамтылды. Жиналған қаражатқа ең қажетті заттар, сондай-ақ оқуға арналған тауарлар – кеңсе тауарлары, мектеп формасы, аяқ киім сатып алынды.

Дәстүр бойынша «KEGOC» АҚ волонтерлары «Бақытты отбасы» жобасын іске асыруға қатысып, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті заттарды сатып алуға 10 сертификат сатып алып, «Баланы мектепке жинаймыз» акциясын іске асыруға көмек көрсетті. Осындай акцияға Компания филиалдарының еріктілері де белсенді атсалысып, көп балалы және жағдайы нашар 100-ден астам отбасын қамтыды.

Құрбан айт мерекесі аясында Нұр-Сұлтан қаласының әйелдер медресесіне 300 000 теңге сомасына және Компанияның Атырау қаласындағы филиалы қызметкерлерінің аса мұқтаж 30 отбасына жыл сайын қайырымдылық көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ ұжымы кезекті рет Ақтөбе қаласындағы қарттар үйіне барып, Қарттар күніне орай өткізілетін акцияға, соның ішінде «Қамқорлық пен назар аудару» акциясы аясындағы акцияға қатысты. «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы портфельді компаниялармен бірлесіп, Нұр-Сұлтан қаласында «Халықаралық қарттар күні» мерекелеуге орай ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету акциясын өткізді. Еріктілер барлығы 43 азық-түлік пакетін жинастырып, мекенжайларына жеткізді.

«Игі істер марафоны» аясында Компания еріктілері «KEGOC» АҚ есебінде тұрған зейнеткерлер мен ардагерлердің үйлерінің қоршауларын абаттандырумен, үй жанындағы учаскелерде көшет отырғызумен, ауласын қардан тазартумен айналысты.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Өскемен қ. ЖОО студенттері үшін Компания филиалының қосалқы станциясында Ашық есік күнін өткізді және мүгедек балалары мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балалары бар көп балалы және жағдайы нашар отбасылардан шыққан 21 балаға сыртқы киім сатып алу үшін қаражат жинау бойынша үлкен қайырымдылық акциясы өткізілді.

## Еңбекті қорғау

**ЕҢБЕКТІ ҚАУІПСІЗДІГІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КОМПАНИЯДА ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАСАУ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ЖАРАҚАТ АЛУДЫ АЗАЙТУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ, СОНЫМЕН ҚАТАР ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ҚОЛАЙСЫЗ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІН АЗАЙТУ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗЕДІ.**

Компанияда Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ қызметіне тараған Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі қызмет атқарады. Жүйенің мақсаты нәтижелілікті қамтамасыз ету және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді жақсарту, сонымен қатар Компания қызметінің ерекшелігіне байланысты тиісті тәуекелдерді басқару болып табылады. Жыл сайын қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы бағдарлама жасалып отырады, онда қажетті шаралар, шығындар және оларды іске асыру мерзімдері белгіленеді. Компания ISO 45001:2018 халықаралық стандартына сәйкестік сертификатынан өтіп, сәтті енгізді. **403-1, 403-8**

ВҚазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру жүзеге асырылды. Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын жазатайым оқиғалардан және еңбек қызметіне байланысты емес (аптасына 7 күн, 24 сағат бойы) жазатайым жағдайдан, соның ішінде COVID-19 салдарынан сақтандыру қосымша жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әрбір филиалда Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік қызметі құрылды, оның міндеті қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ұйымдастыру-техни-

калық шараларды өткізу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды, қызметкерлердің қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

«KEGOC» АҚ мен филиалдарында еңбек қауіпсіздігі жағдайын жақсарту бойынша қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында байланыс орнату үшін жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең негізде қатысуымен жұмыс орындарында қауіпсіз жұмыс жүргізу мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс беруші мен қызметкерлердің күшін біріктіру мақсатында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылды.

Өндірістік кеңес тоқсанына кем дегенде бір рет қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту бойынша қызметкерлердің ұсыныстарын қарайды және жұмыс беруші мен қызметкерлер үшін міндетті болып табылатын шаралар көзделген.

**403-3, 403-4**

Жыл сайын жұмыс орындарында орын алатын тәуекелдерді сәйкестендіріп, бағалап отырады, бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдер тізілімі, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы маңызды тәуекелдер тізбесі жасалады, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау, сонымен қатар оларды басқару кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты қорғау менеджменті саласында мақсаттар қою және өндірістік-шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға және «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне әсерінің қолайлы деңгейіне қол жеткізу үшін жүзеге асырылады.

Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау нәтижелері мақсатты және жоспарлы көрсеткіштерді әзірлеу үшін кіріс деректері болып табылады. Қауіптер мен тәуекелдерді бағалау және талдау географиялық жер мен климатты ескере отырып, «KEGOC» АҚ қыз-

метіне қолданылатын қызмет түрлерінің, қауіптердің жіктеуіштері негізінде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- жіктеуіштер негізінде қауіптер мен тәуекелдерді сәйкестендіру;
- жергілікті жерде қолданылып жүрген басқару шараларымен тәуекелдерді бағалау;
- тәуекелдерді басқару бойынша барлық қажетті қосымша шараларды анықтау;
- тәуекелдерді басқару шараларының тәуекелді рұқсат етілген деңгейге дейін төмендету үшін жеткілікті немесе жеткіліксіз екенін бағалау.

Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс орындары ұшырайтын әсер ету факторларын сәйкестендіргеннен кейін FMEA әдісін пайдалана отырып, тәуекелдер тізілімі толтырылады. Бағалау нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ бойынша кәсіптік қауіпсіздік және денсаулық сақтау саласындағы маңызды тәуекелдер тізбесі қалыптастырылады. Тәуекелдер деңгейін төмендету үшін жыл сайынғы Бағдарламалар түрінде ресімделетін қажетті іс-шаралар айқындалады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлері кем дегенде үш жылда бір рет қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша міндетті оқудың барлық түрлерінен, электр энергетикасы саласындағы нормативтік актілерді білу деңгейіне біліктілік тексерулерден өтеді. 2021 жылы ISO 45001:2018 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі», «Пайдалану бойынша талаптар мен нұсқаулық», «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» халықаралық стандарттары бойынша қосымша оқу өткізілді.

**403-2, 403-5**

Ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерге міндетті ауысым алдындағы медициналық тексеру, жүргізушілерге рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру жүргізіліп отырады.

2021 жылы Компания қызметкерлерінен кәсіби аурулар анықталған жоқ. **403-10**

«KEGOC» АҚ-да коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу бойынша жұмыс жалғасуда, Компания объектілеріне мобильді көшпелі медициналық бригадаларды тарта отырып, қызметкерлерді вакциналау, қызметкерлерге қолдарын өңдеу үшін спирттік медициналық және дезинфекциялау құралдарын беру бөлігінде.

403-6

Құрылған жедел штаб жағдайға тұрақты негізде мониторинг жүргізеді және эпидемиологиялық жағдайға байланысты профилактикалық іс-шараларды қолданады.

403-3

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ 2021 жылы қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру және қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүзеге асырылды.

«KEGOC» АҚ-да қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру деңгейін бағалау үшін Lost Time Injury Frequency Rate (LTIFR) коэффициенті немесе уақытша еңбекке жарамсыздықпен жарақат алу, соның ішінде еңбек қызметіне байланысты өлім

жағдайлары жиілігінің коэффициенті қолданылады. Әлемдік тәжірибеде LTIFR бұл еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы компаниялардың жұмыс істеу тиімділігінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Көрсеткіш компаниядағы жиынтық атқарылған жұмыс уақытына (Work Hours, WH) жатқызылған және 1 млн адам/сағ нормаланған жұмыс уақытының (LTI) ысыраптары жағдайларының санын көрсетеді. LTIFR мәні 2021 жылы 0,15 құрады (2020 жылы – 0).


403-9

Компания қызметкерлерінің 2021 жылы еңбек қызметіне байланысты 1 (бір) жазатайым жағдай орын алды.

2021 жылғы 9 тамызда «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ» филиалының 500 кВ «Өлке» ҚС-да 10 кВ 1 СШ ұяшықтарына техникалық қызмет көрсету кезінде қызметкер кернеудегі ток өткізгіш бөліктерге рұқсат етілмеген қашықтыққа жақындап, электр доғасы нәтижесінде ауыр жарақатқа жататын электр жарақатын алды (қолдардың 1-2-дәрежелі күйіктері). Қызметкер жарақат алғаннан кейін екі айдан аз уақыт ішінде еңбек міндеттерін атқаруға кірісті.

Осы жазатайым оқиғаны тергеу нәтижелері бойынша осындай оқиғалардың алдын алу бойынша түзету іс-шаралары белгіленді.

## Еңбекке қабілеттілікті жоғалтатын жарақаттардың жиілік коэффициенті LTIFR



## МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС

«KEGOC» АҚ объектілерінде мердігерлік ұйымдар жұмыс жүргізген кезде Компания қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алады. «KEGOC» АҚ мердігерлік ұйымдарымен жасалатын шарттарына Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының және «KEGOC» АҚ жұмыстарды орындау және қызмет көрсету саласындағы ішкі құжаттары талаптарының толық сақталуы бойынша міндеттемелер енгізіледі.

Жұмыс басталар алдында мердігерлік ұйымдардың өкілдерімен нұсқамалық кеңес өткізіледі. Жұмысқа кіргізу жұмыс орнында жүргізіледі. Мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін жұмысқа кіргізер алдында нұсқама жүргізіледі. Атап айтқанда, жұмыстарға жауапты жетекшілер электр қондырғыларының схемалары бойынша нұсқама өткізеді. Күнделікті кіргізген кезде нысаналы нұсқама жүргізіледі, онда қауіпсіздік шаралары, Компания объектілерінде бар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар көрсетіледі.

«KEGOC» АҚ Компанияның өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындаған, қызмет көрсеткен кезде мердігерлік ұйымдар персоналының Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен «KEGOC» АҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы бойынша ішкі бақылау жүргізеді және мердігерлік ұйымдардың қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы қызметін бағалайды. Осылайша, Компания объектілерінде жұмыс істеген мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері (100%) «KEGOC» АҚ-ның Денсаулық сақтау менеджменті жүйесімен және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қамтылған, олардың арасында жарақаттар мен жазатайым оқиғалар 2021 жылы тіркелмеді.

403-7, 403-8, 403-9, EU17, EU18

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ АПАТ КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

2-26

Компанияда қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету (бұдан әрі – ҚҮҚ) жүйесі енгізілді, оның аясында ҚҮҚ жоспарларын әзірлеуді талап ететін бизнес-процестер/қосалқы процестер анықталады. 2021 жылы ҚҮҚ жоспарлары әзірленген және сынақтан өткен, атап айтқанда техникалық диспетчерлендіру бойынша жүйелік оператордың қызметтерін ұсыну үшін, еңбекті қорғау мен жабдықтың жұмыс істеу сенімділігі саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, ақпараттық-телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну мен қолдау үшін, ТЖ болған жағдайда «KEGOC» АҚ қызметін жүзеге асыру және ақпараттық қауіпсіздік оқиғасын басқару үшін Компанияның күрделі бизнес-процестерін/қосалқы процестерін анықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

Өндірістік қызметтің бизнес-процестері үшін ҚҮҚ жоспарлары ретінде аварияларды жою жоспары, ірі көлемді ТЖ жою үшін АД мен оның филиалдарына тән ТЖ жою бойынша іс-қимылдар жоспары, қалған қызмет бағыттары үшін әрбір күрделі бизнес-процесс бойынша ҚҮҚ жоспарлары қабылданады.

Аварияларды жою жоспары авариялық жағдай туындаған кездегі іс-қимылдардың объектісін, көлемін және бірізділігін, сонымен қатар оларды қамтамасыз ету мен өткізу жауапкершілігін белгілейтін ұйымдық-өкімдік құжатты білдіреді. Бұл жоспарды тестілеу тұрақты өртке қарсы және аварияға қарсы жаттығулар түрінде өткізіледі.

ТЖ жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарында жұмыстың орындалу мерзімі мен уақыты көрсетіле отырып, ТЖ туындау қаупі мен салдарын жою кезінде өткізілетін іс-шаралар көрсетіледі. Компания объектілерінде



ТЖ-ның ең көп таралған түрі бұл өртке қарсы іс-шаралардың сақталмауы, штаттан тыс жағдайлардың туындауы болуы мүмкін. Сонымен қатар ТЖ жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарына адамдар үшін өлім қаупін тудыратын, айтарлықтай мүлктік залал келтіретін немесе басқа да ауыр салдарға әкелетін террористік актілер қаупі туындаған кездегі іс-шаралар кіреді. Компания қызметкерлерін ТЖ және оны жою кезінде уақтылы хабардар ету үшін ТЖ жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының бөлігі болып табылатын Байланыс және ескерту жоспарлары, Өрт сөндіру жоспары күшіне енеді.

Ықтимал ТЖ жою бойынша іс-қимылдарға дайындығын тексеру үшін Компания жыл сайынғы республикалық командалық-штабтық оқуларға қатысады, объектілік жаттығулар мен сейсмикалық жаттығулар (Оңтүстік, Шығыс, Батыс) жүргізеді. Бұл жаттығуларда Жоспарларды әзірлеудің толықтығы, азаматтық қорғаныс құрылымдарының үйлесімділігі, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген кезде күштер мен құралдар іс-қимылы тексеріледі.

Сонымен қатар АД құрылымдық бөлімшелерінде ай сайын оқулар өткізіліп, жылдың соңында алған білімдерін бекітуге арналған тестілеу жүргізіліп отырды.

### Компанияның 2021 жылғы азаматтық қорғаныс және ТЖ саласындағы іс-шаралары

Іс-шараның атауы	Нақты орындалғаны
Республикалық командалық-штабтық жаттығулар	2
Штабтық жаттығулар	2
Объектілік жаттығулар	2
Азаматтық қорғаныс құрамаларымен тактикалық-арнайы оқулар	3
Сейсмикалық жаттығулар	4
АҚ және ТЖ бойынша республикалық, облыстық онлайн оқытулар	36





# ҚОРШАҒАН ОРТА

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау – «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты



## 16%

Жаппай  
шығарындылардың  
төмендеуі



## 5,6%

Техникалық  
ысыраптар



## 4,392

млн кВт·сағ

Электр энергиясы  
шығынының  
төмендеуі



## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау қызметін өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарайды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау – «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты.

«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты бұл қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, экологиялық қауіпсіздіктің деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ-ын дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергияны үнемдеу және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. «KEGOC» АҚ басшылығы өзіне Экологиялық саясатқа сәйкес қабылданған тұрақты түрде жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерін іске асыру, сонымен қатар «KEGOC» АҚ-ның қатысы бар өз экологиялық аспектілері бөлігіндегі қолданылатын заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкестік үшін жауапкершілік қабылдайды. Компанияның әрбір қызметкері, сонымен қатар Компания мүдделеріне жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатымен таныстырылды.

2-23

Компанияда «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін экологиялық менеджмент жүйесі ендіріліп, «Экологиялық менеджмент жүйесі» ISO 14001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігіне сертификатталды. Компанияның өндірістік және шаруашылық қызметінің экологиялық аспектілеріне әсерін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа басқару тәсілдерін қолдану оны ендіру мен жұмыс істеуінің негізгі мақсаты болып табылады. Экологиялық аспектілерді басқару «KEGOC» АҚ-да тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің элементі болып табылады

Тиімді басқару үшін «KEGOC» АҚ 2021 жылға арналған экологиялық аспектілер тізілімдері әзірленді. Аспектілерді анықтаған кезде Компания қызметінің барлық экологиялық әсерінің компоненттері (энергия үнемдеу, су, топырақ, шығарындылар, қалдықтар) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2020 жылға арналған экологиялық бағдарламасымен белгіленген. 2021 жылғы маңызды экологиялық аспектілер ретінде «құрамында ПХД бар ықтимал полихлорландырылған дифенилдер», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» анықталды. «Құрамында ПХД болуы мүмкін қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы бұл полихлорландырылған дифенил Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай зиянды зат (қауіпсіздіктің қызыл деңгейі) болуымен негізделген. «Пайдаланылған трансформатор майы» және «трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуына байланысты.

2021 жылы «KEGOC» АҚ-ға қатысты қаржылық және қаржылық емес санкциялар, сонымен қатар экологиялық заңнама мен нормативтік талаптардың орындалмағаны үшін салынған айыппұлдар болған жоқ.

2-27

Компанияға қоршаған ортаға әсерге байланысты шағымдар келіп түскен жоқ.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Нормативтерге сай, ЖЭТ филиалдарында зиянды заттар шығарындыларының (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) стационарлық көздері белгіленген. Стационарлық көздерден болатын шығарындыларды мониторингтеу мақсатында ЖЭТ филиалдарында 2021 жылы операциялық мониторинг (өндірістік процесс мониторингі) – жабдықтың әрбір бірлігінің жұмыс уақыты сағаттарының саны және материалдар шығысы есепке алынды. Мамандандырылған ұйымдар өндірістік экологиялық мониторинг жүргізген кезде есептеу жолымен немесе зертханалық өлшемдер жүргізумен стационарлық көздерден болатын шығарындылар айқындалады.

2021 жылы стационарлық көздерден болатын заттардың жаппай шығарындылары көлемі 9,79 т (белгіленген норматив – 11, 63 т) құрады.

### 2021 жылы стационарлық көздерден болған шығарындылар

«KEGOC» АҚ «ЖЭТ» филиалдарының атауы	Тұрақты көздерден болған шығарындылар, т/жыл	
	норматив	факт
«Ақмола ЖЭТ»	0,93	0,52
«Ақтөбе ЖЭТ»	0,31	0,07
«Алматы ЖЭТ»	0,73	0,73
«Шығыс ЖЭТ»	1,42	2,38
«Батыс ЖЭТ»	0,84	0,01
«Сарыбай ЖЭТ»	0,68	0,68
«Солтүстік ЖЭТ»	1,23	0,15
«Орталық ЖЭТ»	5,18	5,18
«Оңтүстік ЖЭТ»	0,30	0,09
<b>Барлығы</b>	<b>11,63</b>	<b>9,79</b>

Осылайша, стационарлық көздерден болатын ластайтын заттардың жаппай шығарындылары (нормативтерге қатысты) 16%-ға азайды. Шығарындылардың азаюы («Ақмола ЖЭТ», «Ақтөбе ЖЭТ», «Алматы ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдары) мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен расталды.

«Климаттың өзгеруі туралы» БҰҰ Негіздемелік конвенциясының, Киот хаттамасының, Париж келісімінің және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, 2020 жылы ЖЭТ филиалдарында Компанияның қызметі шеңберінде қоршаған ортаға шығарылған парниктік газдарға түгендеу жүргізілді. Стационарлық көздерден, стационарлық көздерге теңдестірілген мобилдік көздерден болған шығарындылар есебі жасалды. Аймақтық экология

департаменттеріне 2020 жылғы парниктік газдарды түгендеу туралы есептер жіберілді және тіркелді.

2-23

«Мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес көміртектің қос тотығы (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>), азоттың шала тотығы (N<sub>2</sub>O), перфторкөміртектен (ПФК) осындай болып табылады. Стационарлық көздерден шығарылған парниктік газдарды түгендеу нәтижелері бойынша шығарындылар жылына көміртектің қос тотығы баламасында 138,02 тоннаны құрайды (2020 жылға қарағанда 16,45 тоннаға кем), осыған байланысты «KEGOC» АҚ Парниктік газдардың шығарындыларына квота бөлу жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарға сай парниктік газдарды квоталау бойынша талаптарға ілінбейді.

305-5

## 2021 жылы «KEGOC» АҚ-ның тұрақты көздерден болған парниктік газдар шығарындылары көлемі, тонна

CO <sub>2</sub>	CH <sub>4</sub> , көміртек қостотығы тоннасы баламасымен	N <sub>2</sub> O, көміртек қостотығы тоннасы баламасымен	Шығарындылардың жалпы көлемі, көміртек қостотығы тоннасы баламасымен
137,97	0,0016	0,04638	138,02

2-24, 305-7

Стационарлық көздерден болатын парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы 2021 жылы жеткізілген электр энергиясының 1 млн кВт-сағ-қа 0,0025 тоннаны құрады.

305-4

«Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сай жылжымалы көздерден болған шығарындылар есептелмейді, есептемеде пайдаланылған отын көлемі көрсетіледі. Автокөлік атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдарының улылылығы мен түтіндігіне тексерілді.

305-1

2021 жылы Компания Көміртегі ізін төмендетудің 2060 жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеуге кірісті. «KEGOC» АҚ өз қызметінен болатын көміртегі ізін азайту Бағдарламаның бұдан кейінгі іс-шараларын талдау және пысықтау мәні болып табылады. Даму есебінен экономиканы карбонсыздандыруды қамтамасыз ету, ЖЭК-ті Қазақстанның энергия жүйесіне интеграциялау Жүйелік оператор ретіндегі «KEGOC» АҚ негізгі қызметінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттері болып табылады және «KEGOC» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген.

Бағдарламаны әзірлеу шеңберінде ағымдағы жағдайды талдау жүзеге асырылды және CO<sub>2</sub> (Score 1 және 2) тікелей және жанама шығарындыларының негізгі көздері мен көрсеткіштері айқындалды, өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компанияның көміртегі ізін төмендетуге арналған негізгі іс-шаралары белгіленді

және «KEGOC» АҚ көміртегі ізін төмендетуді мониторингтеу үшін негізгі индикаторлар айқындалды.

«KEGOC» АҚ климаттық амбицияларын іске асырудағы негізгі құралдар қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы іс-шараларды таңдады:

- ақпаратты жинау және мониторингтеу процесін ұйымдастыру, сонымен қатар тұтынылатын отын-энергетикалық ресурстар көлемінің ықтимал төмендеуі;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;
- «KEGOC» АҚ желісіндегі шығындарды өтеу үшін ЖЭК-тен «жасыл» электр энергиясын сатып алу үлесін біртіндеп арттыру.

Осылайша, бағдарламада төмен көміртекті дамытуға қол жеткізу 2031 жылға дейінгі индикаторлары бекітілді:

- Score 1 бойынша (тікелей шығарындылар) – шығарындылар деңгейін 2030 жылға қарай 2%-ға төмендетуге қол жеткізу үшін іштен жану қозғалтқыштары бар жеңіл автокөлікті электр қозғалтқыштары бар ұқсас көлік түрлеріне біртіндеп ауыстыру жолымен;
- Score 2 бойынша (жанама шығарындылар) – «KEGOC» АҚ желісіндегі шығындарды өтеу және 2031 жылға қарай оған 20% деңгейінде қол жеткізу үшін ЖЭК-тен «жасыл» электр энергиясын сатып алу үлесін біртіндеп арттыруды жүзеге асыру жолымен.

201-2, 305-2

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттарды шығаруды жүзеге асырмайды.

305-6, EU5

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Өндіріс қалдықтары ҚС жабдықтарын пайдалану, жөндеу және жаңғырту кезінде пайда болады. «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару» ұйым стандартына сай жүзеге асырылады.

«KEGOC» АҚ-да барлық қалдықтар қауіпті және қауіпсіз болып бөлінген.

### «KEGOC» АҚ құрылымдық бөлімшелеріндегі қалдықтар көлемі

Көрсеткіш, тонна	2021 жыл
Қауіпті қалдықтар	1 782,82
Қауіпсіз қалдықтар	2 543,26
<b>Барлығы</b>	<b>4 326,09</b>

Қалдықтар тізбесі және олардың қауіптілік деңгейі қажеттілігіне қарай жаңартылады.

ЖЭТ филиалдары жыл сайын қалдықтарды шыққан жері бойынша түзілу процестерінің сипаттамасын, оның сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу ережесін, оларды бақылау әдістерін, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға әсерінің түрлерін, қалдықтарды өндірушілер туралы мәліметтерді қоса алғанда, қалдықтардың әрбір түрі үшін паспорт әзірлейді немесе оны түзетеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ЖЭТ филиалдарында оларды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған жерлер белгіленген, қалдықтарды экспликациясы бар объектілердің аумағында орналастыру карта-схемасы дайындалды, бұдан әрі жою үшін уақтылы әкету қамтамасыз етіледі.

2021 жылы «Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу

қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) «KEGOC» АҚ ҚС жабдығында ПХД анықтау бойынша жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары құрамында ПХД бар жабдықты есепке алу тізілімін жаңартты, тізілім қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдарға белгіленген мерзімде тапсырылды.

2021 жылы «KEGOC» АҚ «Ақмола ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ» филиалдарындағы май толтырылған жабдықта ПХД болуына зертханалық талдаулар жоспарланды және жүргізілді, олардың қорытындылары бойынша ПХД табылмады.

2021 жылы екінші рет қайтадан өңдеуге жіберілгендер:

- Түрлі-түсті және қара металл сынықтары – 4 782,08 тонна;
- Аккумуляторлар – 18,60 тонна;
- Пайдаланылған сымдар – 33,560 тонна;
- Макулатура – 0,32 тонна.



## СУ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ӘСЕР

Су Компанияның технологиялық процесінде пайдаланылмайды. «KEGOC» АҚ-да суды қолдану деңгейі шамалы, пайдаланылатын су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Суды тұтыну және су бұру ЖЭТ филиалдарының мамандандырылған ұйымдармен жасаған шарттарына сәйкес жүргізіледі. Су объектілеріне және топыраққа лақтырындылар жүзеге асырылмайды. «KEGOC» АҚ-ның 7 филиалының объектілерінде артезиандық сумен жабдықтау бар, ұңғымалар алынған рұқсаттарға сай пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың тоғандарындағы жер асты суларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Компанияның объектілеріндегі май толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформаторлық май, сонымен қатар суды шаруашылық қажеттіліктерге пайдалану нәтижесінде пайда болған ағын сулар су объектілері мен топырақты ластаудың ықтимал көзі болып табылады. «KEGOC» АҚ жабдығын таңдаған кезде басым өлшемдердің бірі оның экологиялылығы болып табылады, майлы ажыратқыштарды элегазды және вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру жоспарлы түрде жүргізіліп отыр, бұл ЖЭТ филиалдарының ҚС-да пайдаланылатын трансформаторлық май көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, істен шыққанға дейін жұмыс істеуді, төзімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, жерасты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайды. Май толтырылған жабдық май қабылдайтын қондырғылармен немесе табандықтармен жарақталған, бұл майдың топыраққа енуін болдырмайды. Май жинағыштардың аунатқыштары тұрақты түрде тексеріліп отырады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТАБИФАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Компания жобаларды, соның ішінде инвестициялық жобаларды іске асырған кезде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кешенді түрде қарайды. Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қоса алғанда, PESTEL талдауы пайдаланылады. Жүргізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері есепке алынып, қоршаған орта мен адам денсаулығына зияны неғұрлым аз нұсқа қабылданады. Жобалардың тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде және тұрақты негізде жүзеге асырылады. Атмосфералық ауаға, жерүсті және жерасты суларына, ландшафтарға, жер ресурстары мен топырақ жамылғысына, биоалуантүрлілік және басқаларға әсері бағаланады.

Электр желілік объектілерді жобалау кезеңінде экологиялық тәуекелдерді басқару үшін оларды елді мекендерден және күзетілетін табиғи аумақтардан шалғай аумақтарда орналастырады. ӘЖ трассалары негізінен дала және шөлейт жерлер арқылы өтеді, ӘЖ орманды дала аймағында өткен жағдайда ӘЖ үшін орман жолдарын тазарту қызметін жүзеге асырған кезде азайту іс-шараларын қамтитын Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау (ҚОӘБ) жобасы әзірленеді. Компанияның қызметі туралы экологиялық ақпараттың ашықтығы және қол жетімділігі мақсатында ҚОӘБ жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

## ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

«KEGOC» АҚ-ның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша негізгі міндеті тұтыналатын отын-энергетикалық ресурстар көлемін азайту, соның ішінде «KEGOC» АҚ объектілерінің жеке қажеттіліктеріне энергия ресурстары шығындарын азайту есебінен, электр энергиясын ҰЭТ арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының

техникалық ысыраптарын азайту, энергия шығындарын бақылау механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясы мен басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу құралдарымен жабдықтау, есепке алу құралдарының деректері негізінде ақпаратты жинау процесін ұйымдастыру болып табылады.

### 2021 жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну, ГДж

<b>Электр энергиясы</b>	<b>10 951 741,26</b>
<b>Жылу энергиясы</b>	<b>87 536,44</b>
<b>Отын</b>	<b>123 520,85</b>
<b>соның ішінде</b>	
▪ мотор бензині	41 680,78
▪ дизелді отын	77 940,90
▪ табиғи газ	3 749,09
▪ сұйытылған газ	150,07
<b>Барлығы</b>	<b>11 162 798,55</b>

2021 жылы электр энергиясын желіге босату көлемдерінің артуына, сәйкесінше электр энергиясы ысыраптарының артуына байланысты отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну 2020 жылмен салыстырғанда 812 281,78 ГДж-ға артты. **302-1**


2021 жылы энергияны салыстырмалы тұтыну 1 мың кВт сағ жеткізілген электр энергиясына 0,2 ГДж құрады. **302-3**

Электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізуге арналған электр энергиясының технологиялық шығынын азайту іс-шаралары энергия тұтынуды азайту тұрғысынан ең көбірек тиімділік береді.


Қазақстанның электр энергетикалық жүйесі негізінен Солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ұзыннан ұзақ транзиттік электр желілерінің (Қазақстанның Солтүстігі – Оңтүстігі, Павлодар облысы – Ақтөбе облысы транзиттерінің негізгі бағыттары) (шамамен 1000 км) болуымен сипатталады – бұл ел аумағының үлкен болуына байланысты және электр энергиясының технологиялық шығысы (техникалық ысыраптар) деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. «KEGOC» АҚ желісіндегі техникалық ысыраптар көрші мемлекеттердің энергетикалық жүйелерінің жұмыс режимдеріне (транзит, электр энергиясының экспорты мен импорты) және климаттық жағдайларға байланысты.

\* – Джоульмен есептегенде халықаралық бірлік жүйесі қолданылды, ӨҚ.

### «KEGOC» АҚ электр энергиясының 2021 жылғы ысыраптары құрылымы



%



2021 жылы «KEGOC» АҚ есепке алу аспаптарының деректері негізінде электр энергиясын желіге босатудан техникалық ысыраптары 3,012 млрд кВт-сағ немесе 5,6%-ды құрады.

EU12

Сонымен қатар электр энергиясының техникалық ысыраптары дегеніміз бұл электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізген кезде орын алған, сымдар мен электр жабдықтарындағы физикалық процестермен негізделген электр энергиясының ысырабы болып

табылады және сәйкесінше, электр желілеріндегі электр энергиясының ысырабын азайту бойынша іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің негізгі мақсаты электр энергиясының техникалық ысыраптарының нақты мәндерін олардың оңтайлы деңгейлеріне дейін жеткізу болып табылады.

Электр энергиясы ысырабын азайту бойынша іс-шараларды орындау нәтижесінде 2021 жылы электр энергиясы шығынының азаюы 4,392 млн кВт-сағ құрады.



Іс-шара	Іс-шаралардан болатын нәтиже	
	млн кВт-сағ	Гдж
Аз жүктемелер режимінде желілердің ажыратылуы	0,478	1 721
Аз жүктемелер режимінде күштік трансформаторлардың ажыратылуы	3,914	14 089
<b>Барлығы «KEGOC» АҚ бойынша</b>	<b>4,392</b>	<b>15 810</b>

302-4, 302-5, 2-26

# БАЙЛАНЫС

## «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ



Қазақстан Республикасы,  
200T2D0, Нұр-Сұлтан қ.,  
Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат  
Тел. +7 (7172) 69 38 24, 69 02 43  
Факс +7 (7172) 21 11 08  
Email [kegoc@kegoc.kz](mailto:kegoc@kegoc.kz)  
[www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz)

2-1

### ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

Көккөзова Қалила Танатқызы  
Тел. +7 (7172) 69 02 92  
Email [Kokkozova@kegoc.kz](mailto:Kokkozova@kegoc.kz)

Имятов Олжас Жанатұлы  
Тел. +7 (7172) 69 02 98  
Email [lmyatov@kegoc.kz](mailto:lmyatov@kegoc.kz)

### КОМПАЕНС-ОФИЦЕР

Амиров Асқар Нұрланұлы  
Тел. +7 (7172) 69 08 93  
Email [Amirov.a@kegoc.kz](mailto:Amirov.a@kegoc.kz)

«KEGOC» АҚ Жылдық есебі бойынша  
сұрақтар үшін:

2-3

### ТҰРАҚТЫ ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Арпабекова Жанар Бақытбекқызы  
Тел. +7 (7172) 69 04 34  
Email [Arpabekova@kegoc.kz](mailto:Arpabekova@kegoc.kz)

### ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың орталық  
депозитариі» АҚ,

**Бас кеңсе:**  
050040, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Сәтпаев көшесі, 30/8,  
тұрғын емес 163-үй-жай.  
Тел. +7 (727) 262 08 46, 355 47 60

**Қосымша кеңсе:**  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ау-  
даны, Амангелді Иманов көшесі, 13,  
«Нұр-Сәулет 2» БО, 101-кеңсе.  
Тел. +7 (717) 247 67 50  
Email [ccmail@kacd.kz](mailto:ccmail@kacd.kz), [ofo@kacd.kz](mailto:ofo@kacd.kz)

### АУДИТОР

«RSM Qazaqstan» ЖШС,  
050010, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Достық даңғ., 43, «D43»  
бизнес-орталығы, 302-кеңсе.  
Тел. +7 (727) 339 87 78  
Email [contact@rsm.kz](mailto:contact@rsm.kz)



# ГЛОССАРИЙ

<b>АҚ</b>	акционерлік қоғам
<b>«Самұрық-Қазына» АҚ</b>	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
<b>«KEGOC» АҚ</b>	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
<b>АҚІ</b>	автоматты қайталама іске қосу
<b>ҚАР</b>	қоздыруды автоматты түрде реттеу
<b>ЖҚАР</b>	жиілік пен қуат ағынын автоматты реттеу
<b>ӘБП</b>	әкімшілік-басқару персоналы
<b>БГҚ</b>	биогазды қондырғылар
<b>ЖЖ</b>	жоғары вольттық желілер
<b>ЖЭК</b>	жаңартылатын энергия көздері
<b>ІНҚ</b>	Ішкі нормативтік құжаттар
<b>ТОБЖ</b>	талшықты-оптикалық байланыс желісі
<b>ЖелЭС</b>	жел электр станциясы
<b>МАЭС</b>	мемлекеттік аудандық электр станциясы
<b>ГТЭС</b>	газ турбиналық электр станциясы
<b>ГЭС</b>	гидроэлектр станциясы
<b>ЕҰ</b>	еншілес ұйымдар
<b>БЭЖ</b>	Біртұтас электр энергетикалық жүйе
<b>АҚ</b>	ақпараттық қауіпсіздік
<b>АД</b>	«KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы
<b>БМЖ</b>	біріктірілген менеджмент жүйесі
<b>АК</b>	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті
<b>ҚЕКҚК</b>	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті
<b>кВт-сағ</b>	киловатт-сағат
<b>кВ</b>	киловольт
<b>КНВ</b>	«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті
<b>Компания</b>	«KEGOC» АҚ
<b>ҚНК</b>	қызметтің негізгі көрсеткіштері
<b>ТМРК</b>	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
<b>ТБКЖ</b>	тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
<b>ЭЖЖ</b>	электр жеткізу желілері
<b>МВА</b>	мегавольт-ампер
<b>МВт</b>	мегаватт
<b>ҚЕХС</b>	қаржылық есептеменің халықаралық стандарттары
<b>ХҚИ</b>	халықаралық қаржы институттары
<b>ЖЭТ</b>	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр желілері» филиалдары
<b>ҚҚС</b>	қосымша құн салығы
<b>ЖО ҰДО</b>	«KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалы
<b>ҒЗТҚЖ</b>	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
<b>ҰЭТ</b>	Ұлттық электр торабы
<b>ҚОӘБ</b>	қоршаған ортаға әсерді бағалау
<b>ҚҮБ</b>	қызметтің үздіксіздігін бағалау
<b>БҰҰ</b>	Біріккен Ұлттар Ұйымы

<b>ЗТБ</b>	заңды тұлғалар бірлестігі
<b>ӨП</b>	өндірістік персонал
<b>ҚС</b>	қосалқы станция
<b>ЖСҚ</b>	жобалау-сметалық құжаттама
<b>БЖ</b>	бағдарламалық жасақтама
<b>ПХД</b>	полихлордефинил
<b>ӨДО</b>	өңірлік диспетчерлік орталық
<b>ЖЭК жөніндегі ҚЕО</b>	«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС
<b>ІАҚ</b>	Ішкі аудит қызметі
<b>ІБЖ</b>	ішкі бақылау жүйесі
<b>БАҚ</b>	бұқаралық ақпарат құралдары
<b>ҚМЖ</b>	құрылыс-монтаждау жұмыстары
<b>ТМД</b>	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
<b>ТБЖ</b>	тәуекелдерді бсқару жүйесі
<b>АҚБЖ</b>	ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
<b>КЭС</b>	күн электр станциясы
<b>ЖШС</b>	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
<b>ТЭН</b>	техникалық-экономикалық негіздеме
<b>ЖЭС</b>	жылу электр станциясы
<b>ЖЭО</b>	жылу электр орталығы
<b>Қор</b>	«Самұрық-Қазына» АҚ
<b>Филиалдар</b>	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
<b>ААОЖ</b>	аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі
<b>ТЖ</b>	төтенше жағдай
<b>ЭЖҰ</b>	энергиямен жабдықтаушы ұйым
<b>СЕО</b>	компанияның жоғары лауазымды тұлғасы
<b>СФО</b>	қаржы директоры
<b>COSO ERM</b>	ұйымдардың тәуекелдерін басқарудың концептуалды негіздері
<b>GRI</b>	Есептілік бойынша ғаламдық бастама
<b>EBITDA</b>	пайыздарды, салықтар мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайда
<b>ENS</b>	толымсыз жеткізілген электр энергиясының көлемі
<b>IPO</b>	акциялардың бастапқы жария орналастырылуы
<b>ISO</b>	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым
<b>KASE</b>	Қазақстан қор биржасы
<b>LTIFR</b>	еңбек қабілетін уақытша жоғалтатын жарақаттардың жиілік коэффициенті
<b>NAV</b>	активтердің таза құны
<b>ROACE</b>	капиталдың табыстылық көрсеткіші
<b>SAP</b>	деректерді өңдеудегі жүйелік қосымшалар мен өнімдер
<b>SCADA</b>	диспетчерлік басқару және деректерді жинау
<b>SML</b>	жүйелік минуттар ысырабы
<b>USAID</b>	АҚШ халықаралық даму жөніндегі агенттігі
<b>WAMS/WACS</b>	синхрофазорлық технологиялар негізінде мониторинг және басқару жүйесі
<b>WEC</b>	Әлемдік энергетикалық кеңес жанындағы Атқарушы ассамблея
<b>WWP</b>	жүйенің тоқтаусыз жұмыс істеу уақыты



# ЕСЕПТІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

Жылдық есептің қосымшалары  
оның ажырамас бөлігі  
болып табылады

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕПТУРАЛЫ

Осы «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы есебі тұрақты даму саласындағы жұмысты және 2021 жылғы аудиттелген қаржылық есептілігін қоса алғанда, барлық негізгі бағыттар бойынша компания қызметіне кешенді шолуды білдіреді. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат «KEGOC» АҚ оны он үш жыл бойы (2009 жылдан бастап) дәстүрлі ұсынып келе жатқан түрде және көлемде берілген. Компания екінші тоқсанда жыл сайын тұрақты даму туралы ақпаратты шығару және ашық орналастыру тәжірибесін жалғастыруда.

2-3

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті мен Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Жылдық есептер мен Тұрақты даму саласындағы есептерді Директорлар кеңесі бекітеді. «KEGOC» АҚ-ның алдыңғы 2020 жылғы Жылдық есебінің құрамына енгізілген бұған дейінгі Тұрақты даму саласындағы 2020 жылғы есебін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітті және 2021 жылғы сәуірде жарияланды. Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның <https://www.kegoc.kz> ресми сайтында орналастырылған.

2-14

Компания GRI стандарттарына айтарлықтай өзгерістер енгізілуіне байланысты 2021 жылы осы Есептің аудитіне тәуелсіз тарапты тартқан жоқ. Алдағы уақытта «KEGOC» АҚ тұрақты даму туралы есептілікті тәуелсіз куәландыру мүмкіндігін және қажеттілігін қарастыратын болады.

2-5

«KEGOC» АҚ осы Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады – осы Есепте ұсынылған тұрақты даму мәнмәтініндегі деректер «KEGOC» АҚ еншілес ұйымы – «Энергоинформ» АҚ деректерін қамтиды.

2021 жылғы 30 желтоқсанға дейін «KEGOC» АҚ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымының жалғыз құрылтайшысы болды. 2021 жылғы 30 желтоқсанда «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС «KEGOC» АҚ-ға тиесілі 100% қатысу үлесін мемлекеттік меншікке өтеусіз беру арқылы иелігінен шығарылды, осыған байланысты «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ның тұрақты даму бойынша деректер 2021 жылғы Есепке енгізілмеді.

2-2, 3-2

**Осы Есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат GRI Universal standards 2021 (in accordance) сәйкес AA1000SES стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл жөніндегі стандарттың талаптарын ескере отырып, дайындалды және Компанияның 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі тиісті қызметін сипаттайды.**

2-4

Осы жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатқа ие және болашақ оқиғаларға қатысты «KEGOC» АҚ-ның ағымдағы көзқарастарын көрсетеді және «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, өсу стратегиясына және өтімділігіне қатысты қандай да бір тәуекелдерге, екіұштылыққа және жорамалдарға ұшырауға бейім.

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫ (ТДМ)

Осы есепте «KEGOC» АҚ-ның БҰҰ Ғаламдық шарты қағидаттарын ұстанатынын растайтын ақпарат, сонымен қатар 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі аясында 2015 жылы барлық БҰҰ-ға мүше мемлекеттер қабылдаған тұрақты даму мақсаттары бойынша жұмыс туралы ақпарат бар.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫ



Біз кез-келген бизнестің ТДМ-ға қол жеткізуіне қосатын басты үлесі – жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерінде, салықтар және әлеуметтік-экономикалық дамуда, сонымен қатар экологияға қамқорлықпен қарауда деп санаймыз. Сонымен қатар, нақты және ұзақ мерзімді оң өзгерістерге біздің қоршаған ортаға әсерімізді (кең мағынада) басқаруды, мақсатты әрекет етуді, негізгі ойыншылармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастықты және біздің күш-жігерімізді кеңейтуді есепке алумен ғана қол жеткізуге болады.

Біз әрбір жылда өз қызметімізбен тығыз байланысы бар нақты ТДМ-мен жұмыс туралы хабарлап тұрамыз. Сонымен қатар, біз жағдайды өзгерту үшін басымдылығы өте жоғары салаларға талдау жүргіземіз. Біз қай жерде теріс әсер болатынын қарастырамыз, сонымен қатар мүдделі тараптармен бірге оң өзгерістер жасаудың бірегей мүмкіндіктері бар бағыттарды іздейміз. Бағалау шеңберінде біздің құн құру тізбегіміз үшін мақсаттар мен міндеттердің өзектілігі, біздің жауапкершілікпен және тұрақты дамуға талпынысымызға сәйкестік, бізде өзгерістерді ынталандыру үшін дағдыларымызды, құзыреттеріміз бен ресурстарымызды пайдалана білу қабілетіміздің болуы және біздің мүдделі тараптар үшін мәселелердің маңыздылығы сияқты факторлар талданады.

Жұмыс жүргізілген осы жылға арналған негізгі ерекше ТДМ төменде көрсетілген:



Бөлім:  
«Кадр саясаты»  
134 бет

Бөлім:  
«Энергия тиімділігі»  
151 бет

Бөлім:  
«Кадрлық әлеует»  
170 бет

Бөлім:  
«Өндірістік қызмет»  
048 бет



## БҰҰ ҒАЛАМДЫҚ ШАРТЫ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Ғаламдық шарт қағидаттары	бет
<b>Адам құқығы саласындағы қағидаттар</b>	
<b>1-қағидат.</b> Искери орта халықаралық деңгейде жарияланған адам құқығын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.	119, 126, 138
<b>2-қағидат.</b> Искери ортаның адам құқығының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.	119, 126, 138
<b>Еңбек қатынастары саласындағы қағидаттар</b>	
<b>3-қағидат.</b> Искери орта бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасау құқығын нақты тануды қолдауы тиіс.	136
<b>4-қағидат.</b> Искери орта мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуі тиіс.	126
<b>5-қағидат.</b> Искери орта балалар еңбегін пайдалануды түбірімен жою үшін әрекет етуі тиіс.	126
<b>6-қағидат.</b> Искери орта жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою үшін әрекет етуі тиіс.	126
<b>Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар</b>	
<b>7-қағидат.</b> Искери орта сақтық қағидаттарына негізделген экологиялық мәселелерге деген көзқарасты қолдауы тиіс.	144
<b>8-қағидат.</b> Искери орта сақтық қағидаттарына негізделген экологиялық мәселелерге деген көзқарасты қолдауы тиіс.	144
<b>9-қағидат.</b> Искери орта экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуға көмектесуі тиіс.	144
<b>Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар</b>	
<b>10-қағидат.</b> Искери орта бопсалау мен пара алушылықты қоса алғанда, жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруы тиіс.	119, 120, 178

## ЕСЕПТИ ЖАСАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептемеге жататын Жылдық есеп бөлігін дайындаған кезде Компания GRI стандартының мынадай қағидаттарын ұстанады:

<b>Дәлдік</b>	Осы Есепте ұсынылған ақпарат құжатпен расталған деректер негізінде жинақталды және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Осы Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін дайындаған кезде ҚЕХС-қа сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептемелер пайдаланылды.
<b>Теңгерімділік</b>	Осы Есепте «KEGOC» АҚ қызметі нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптары көрсетілген.
<b>Айқындық</b>	«KEGOC» АҚ осы Есептің көптеген мүдделі тұлғалардың кең ортасында түсінікті және қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тырысады. Арнайы терминдер мен қысқартуларды түсіну үшін есептің соңында глоссарий келтірілген.
<b>Салыстырмалылық</b>	Осы Есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметтерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Осы есепте ашып көрсетілген көрсеткіштер соңғы үш жылғы динамикамен берілген.
<b>Толықтығы</b>	Осы Есеп саланың ерекшелігі есепке алынған экономикаға, қоршаған орта мен қоғамға барлық айтарлықтай әсерлері бойынша барлық «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының (ЖЭТ филиалдары), «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалының, Атқарушы дирекцияның, еншілес ұйымы «Энергоинформ» АҚ қызметтері туралы ақпараттан тұрады. Ақпараттың қайталануын болдырмас үшін бірқатар жағдайларда «KEGOC» АҚ интернет-сайтына немесе қолжетімді жария құжаттарға сілтеме жасалады.
<b>Тұрақты даму мән-мәтіні</b>	Осы Есептегі мәліметтер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштарды қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тұрақты даму мән-мәтінінде берілген. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы стратегиялық ҚНҚ және мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар белгіленген және 2021 жылы оларға қол жеткізілгені туралы ақпарат осы Есепке енгізілді.
<b>Уақтылық</b>	Осы Есепті дайындау жоспарлы сипатқа ие, есептік жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады.
<b>Верификациялануы</b>	Есептегі барлық ақпарат, соның ішінде ресми статистикалық есептерде, бақылаушы органдардың есептерінде, Компания мен Қазақстан қор биржасының сайтында орналастырылған ақпаратта, SAP ERP цифрлық платформасында, аудиттелген қаржылық есептілікте және т. б. тексерілуі мүмкін деректерге негізделген.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ

### Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін:

- стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың тиімді жұмыс істейтін саясатының болуы;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізу;
- стейкхолдерлердің Даму стратегиясын іске асырудағы барлық нақты тәуекелдерді барынша азайту және жою бойынша Компанияның қабылдаған шараларын түсінуіне қол жеткізу;
- мүдделі тараптар үшін Компания қызметі туралы сенімді ақпарат көзін құру және стейкхолдерлердің нысаналы топтарына «KEGOC» АҚ қызметі туралы шынайы ақпаратты жедел жеткізуді қамтамасыз ету.


«KEGOC» АҚ Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе анықталған мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) тобын, сондай-ақ олардың

Компанияның Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі дәрежесін және бес балдық шкала бойынша Компания қызметінің оларға әсер ету дәрежесін анықтады. Сонымен бірге, талдау қорытындыларын шығарған кезде сарапшылардың, яғни стейкхолдерлердің нақты топтарымен тікелей өзара әрекет ететін құрылымдық бөлімшелердің пікірлеріне ерекше назар аударылды.

«KEGOC» АҚ олармен үнемі ашық сұхбаттасады және «KEGOC» АҚ қызметі туралы, оның ішінде тұрақты даму саласындағы ақпараттарды үнемі жариялайды. Компания Стейкхолдерлер картасын, өзара іс-қимылдың негізгі арналарын анықтайтын Коммуникациялық стратегияны, сонымен қатар жыл сайын Даму стратегиясын іске асыруды қолдау мақсатында барлық мүдделі тараптармен байланыс жоспарын бекітті.

2-29

## Стейкхолдерлер картасы



Стейкхолдерлердің компанияға әсер ету дәрежесі  
Компанияның стейкхолдерлерге әсер ету дәрежесі

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

2-29

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл қағидаттары	Өзара іс-қимыл арналары
<b>1. Акционерлер</b>	Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде және Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.	Компанияның жылдық және аралық есеп-темесін, корпоративтік оқиғалар, мәміле-лер туралы ақпаратты, акционерлердің жалпы жиналыстарын, инвестициялық қауымдастықпен кездесулер өткізу туралы ақпаратты, өтініштерге жауаптарды жариялау. 2021 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде акционерлерден «KEGOC» АҚ және оның лауазымдық тұлғаларының іс-қимылдарына қатысты шағымдар түспеді.
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Акционерлік капитал	14	126.799.554	126.799.554
Сатып алынған меншік акциялар	14	(930)	(930)
Активтерді қайта бағалау резерві	14	569.845.780	309.836.582
Бөлінбеген пайда		40.492.413	65.921.264
		<b>737.136.817</b>	<b>502.556.470</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	15	35.639.645	49.843.453
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	16	117.142.516	92.717.685
Кейінге қалдырылған салық активтері	25	151.470.158	89.323.835
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	17	5.972.684	7.651.017
Мемлекеттік субсидия, ұзақ мерзімді бөлік		–	29.113
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме, ұзақ мерзімді бөлік	27	–	99.406
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		171.628	102.412
		<b>310.396.631</b>	<b>239.766.921</b>
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	15	13.854.307	14.334.439
Облигации, қысқа мерзімді бөлік	16	4.562.983	4.138.458
Сауда және басқа да кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бөлік	17	18.512.531	40.884.883
Шарт бойынша міндеттемелер		2.064.346	3.336.881
Мемлекеттік субсидия, қысқа мерзімді бөлік		18.325	30.430
Жалдау бойынша міндеттеме, қысқа мерзімді бөлік	27	111.895	462.359
Салықтар бойынша берешек, табыс салығынан басқа	18	2.403.728	2.028.506
Табыс салығы бойынша берешек		–	52.818
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	19	4.155.771	4.420.461
		<b>45.683.886</b>	<b>69.689.235</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>356.080.517</b>	<b>309.456.156</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>1.093.217.334</b>	<b>812.012.626</b>
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)</b>	14	<b>2.823</b>	1.920

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт- пе	2021 жыл	2020 жыл
<b>Жалғасып жатқан қызмет</b>			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	20	<b>186.443.137</b>	179.097.563
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	21	<b>(120.682.903)</b>	(101.920.927)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>65.760.234</b>	77.176.636
Жалпы және әкімшілік шығыстар	22	<b>(8.539.823)</b>	(7.817.094)
Өткізу шығыстары		<b>(381.235)</b>	(364.084)
(Құнсыздану) / негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	6	<b>2.869.512</b>	–
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын	6	<b>(10.813.536)</b>	(19.210)
<b>Операциялық пайда</b>		<b>48.895.152</b>	68.976.248
Қаржылық кірістер	23	<b>5.368.222</b>	5.480.240
Қаржылық шығыстар	23	<b>(11.670.429)</b>	(11.200.196)
Оң / (теріс) бағамдық айырма, нетто	24	<b>451.045</b>	(5.309.688)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	7	<b>260.739</b>	358.447
Сатуға арналған активті сатудан түсетін кіріс	27	<b>2.182.037</b>	–
Басқа да кірістер		<b>1.739.332</b>	876.774
Басқа да шығыстар		<b>(563.892)</b>	(622.600)
Болжалды кредит залалдарына резервті есептеу	8, 9, 10, 11, 12	<b>110.078</b>	39.913
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>46.772.284</b>	58.599.138
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	<b>(7.607.838)</b>	(10.100.904)
<b>Жалғасатын қызметтен бір жыл ішіндегі пайда</b>		<b>39.164.446</b>	48.498.234
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Тоқтатылған қызметтен бір жылға салық салынғаннан кейінгі пайда	26	<b>13.471.466</b>	4.967.037
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>52.635.912</b>	53.465.271
<b>Өзге де жиынтық кіріс</b>			
Кейінгі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан кіріс		<b>325.744.754</b>	–
Салықтың пайдаға әсері	25	<b>(65.148.951)</b>	–
<b>Пайдаға салынатын салықты шегергендегі кейінгі кезеңдердегі пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге де таза жиынтық кіріс</b>		<b>260.595.803</b>	–
<b>Пайдаға салынатын салықты шегергендегі бір жылдағы жиынтық табыстың жиынтығы</b>		<b>313.231.715</b>	53.465.271
<b>Акцияға пайда</b>			
Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға кежыл іні бір жылдағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	14	<b>202,45</b>	205,64
<b>Жалғасатын қызметтен акцияға пайда</b>	14	<b>150,63</b>	186,53
Базовая и разводненная прибыль за год, приходящаяся на держателей простых акций материнской компании (в теңге)			

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт- пе	2021 жыл	2020 жыл
<b>Операциялық қызмет</b>			
Жалғасатын қызметтен салық салынғанға дейінгі пайда		<b>46.772.284</b>	65.748.232
Тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейінгі пайда	26	<b>17.506.488</b>	–
<b>Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыру үшін түзетулер</b>			
Тозу және амортизация		<b>36.867.809</b>	34.076.993
Қаржылық шығындар	23, 26	<b>11.681.665</b>	11.205.980
Қаржылық кірістер	23, 26	<b>(7.562.497)</b>	(7.146.006)
Оң / (теріс) бағамдық айырма, нетто	24	<b>(451.045)</b>	5.309.688
Күтіжыл іні кредиттік шығындарға резервті есептеу		<b>297.853</b>	458.445
Ескірген қорларға резервті есептеу		<b>1.074</b>	57.028
Негізгі құралдардың шығуынан болған шығындар және материалдық емес активтердің	6	<b>(2.869.512)</b>	–
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан шығынды қалпына келтіруден түсетін кіріс	6	<b>10.813.536</b>	19.120
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын	7	<b>(260.739)</b>	(358.447)
Қауымдасқан компания пайдасындағы үлесі		<b>(30.430)</b>	(30.430)
<b>Айналым капиталына түзетулер</b>			
Еңбек қорлары		<b>(197.629)</b>	(472.164)
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс		<b>(12.850.642)</b>	(7.404.216)
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		<b>2.037.418</b>	(2.325.816)
Өтеуге ҚҚС-ның өзгеруі және басқа салықтар бойынша алдын ала төлеу		<b>(2.753.788)</b>	221.035
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі өзгеріс		<b>5.894.563</b>	16.526.787
Шарт бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		<b>(1.245.578)</b>	1.168.996
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелерді өзгерту		<b>69.216</b>	102.412
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		<b>2.400.671</b>	(1.237.193)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		<b>(324.363)</b>	142.312
<b>Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары</b>		<b>105.947.993</b>	116.435.541
<b>Төленген пайыздар</b>			
Төленген пайыздар		<b>(1.167.132)</b>	(2.093.727)
Төленген купондық сыйақы		<b>(11.538.332)</b>	(8.460.500)
Жалдау бойынша төленген сыйақы		<b>(45.050)</b>	(87.769)
Банк кепілдіктері жөніндегі комиссияны төлеу		<b>(990.818)</b>	(966.986)
Алынған пайыздар		<b>5.971.573</b>	5.405.063
Төленген табыс салығы		<b>(14.309.266)</b>	(13.529.672)
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары</b>		<b>83.868.968</b>	96.701.950

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(жалғасы)

Мың теңгемен	Ескертпе	2021 жыл	2020 жыл
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Депозиттік шоттардан алу		97.222.309	40.103.448
Депозиттік шоттарды толықтыру		(93.421.164)	(48.792.359)
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатындағы өзгеріс		–	4.238.713
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсім		203.673	196.498
Негізгі құралдарды сатып алу және негізгі құралдар үшін берілген аванстар		(40.214.058)	(30.376.834)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(36.653)	(51.273)
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу (ұлттық ноталар) ҚР банкі, ҚР ҚМ вексельдері	11	(66.747.566)	(117.199.634)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу (ҚР Ұлттық Банкінің ноталары, ҚР ҚМ вексельдері)	11	78.930.920	85.659.159
Эмитенттің dsfk облигацияларын сатып алуы	11	54.453	67.980
Қазинвестбанкке және Эксимбанкке қаражатты ішінара қайтару		331.697	358.558
Кеткен компанияның ақшалай қаражаты (КЕО)	26	(38.847.799)	–
Қызметкерлерге берілген қарыздарды өтеу		–	564
Қауымдасқан компаниядан дивидендтер	7	203.095	–
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(62.321.093)</b>	<b>(65.795.180)</b>
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Облигациялар шығарылымы	28	25.235.121	9.032.407
Дивидендтерді төлеу	14	(41.529.578)	(32.746.767)
Қарыздарды өтеу	28	(14.614.808)	(6.574.597)
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша негізгі борышты төлеу	28	(436.606)	(400.692)
<b>Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(31.345.871)</b>	<b>(30.689.649)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>		<b>(9.797.996)</b>	<b>217.120</b>
<b>Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері</b>			
Ақшалай қаражат пен оның баламаларына күтiжыл iн кредиттiк залалдарға резервті есептеуден түсетiн әсер		(115.531)	460.732
1 қаңтарға арналған ақша қаражаты және олардың баламалары		21.867.205	21.179.282
<b>31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	13	<b>11.933.828</b>	<b>21.867.205</b>

Ақшалай емес операциялар:

- 2021 жыл ішінде Топ облигациялар бойынша купондық сыйақы бойынша шығындарды 1.592.927 мың теңге сомасында негізгі құралдар құнына капиталдандырды (6-ескертпе).
- 2021 жылғы қаңтарда Топ байланысты тарап – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ға 2.182.037 мың теңге сомасында жер учаскелерін сатты. Мүлікті беру туралы шартқа сәйкес «Samruk-Kazyna Construction» ақ тұрғын, тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайларды және тұрақ орындарын нарықтық құны бойынша жер учаскесінің құнына баламалы сомаға топтың меншігіне беруге міндеттенеді. Тиісінше, бұл сома ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар ретінде танылды (27-ескертпе).

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕМЕ

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Сатып алынған меншік акциялар	Активтерді қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға</b>	126.799.554	(930)	310.369.243	44.670.157	481.838.024
Есептік кезеңдегі пайда	–	–	–	53.465.271	53.465.271
<b>Жалпы жиынтық табыс</b>	–	–	–	53.465.271	53.465.271
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (14-ескертпе)	–	–	–	(32.746.825)	(32.746.825)
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	(532.661)	532.661	–
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>126.799.554</b>	<b>(930)</b>	<b>309.836.582</b>	<b>65.921.264</b>	<b>502.556.470</b>
Жыл ішіндегі пайда	–	–	–	52.635.912	52.635.912
Пайдаға салынатын салықты шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс (4-ескертпе)	–	–	260.595.803	–	260.595.803
<b>Жалпы жиынтық табыс</b>	–	–	<b>260.595.803</b>	<b>52.635.912</b>	<b>313.231.715</b>
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	–	(41.529.578)	(41.529.578)
Еншілес ұйымның шығуы (26-ескертпе)	–	–	–	(37.121.790)	(37.121.790)
Активтерді қайта бағалау резервін ауыстыру (14-ескертпе)	–	–	(586.605)	586.605	–
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>126.799.554</b>	<b>(930)</b>	<b>569.845.780</b>	<b>40.492.413</b>	<b>737.136.817</b>

## Шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелер

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 Қаулысына сәйкес «Қазақстанэнерго» бұрынғы Ұлттық энергетика жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылды (90 пайыз оған плюс бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

2014 жылы Компания Қазақстан Қор Биржасында 10 пайыз минус бір акцияны орналастырды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр қуатын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған Жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр қуатының көтерме сауда нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сонымен қатар электр қуатын ұлттық электр торабы (бұдан әрі – «ҰЭТ») арқылы жеткізіп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайын күйінде ұстап отырады. ҰЭТ шағын станциялардан, бөлу құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілерінен және кернеуі 220 киловольт әрі одан жоғары болатын электр станцияларының электр қуатын беретін электр жеткізу желілерінен тұрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Компания	Деятельность	Қатысу үлесі	
		2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ»)	KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету	100%	100%
«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі қаржы-есеп-айырысу орталығы» ЖШС (бұдан әрі – «ЖЭК жөніндегі ҚЕО») (26-ескертпе)	Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату; электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу және электр қуатының нарығында электр қуатының жүктемесін көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсету	–	100%

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысына және 2021 жылғы 30 желтоқсандағы сыйға тарту шартына сәйкес топ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымындағы қатысу үлесінің 100%-ын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Республикалық меншігіне өтеусіз берді. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді және Топ құрамынан шықты (26-ескертпе).

Компания және оның еншілес ұйымдары бұдан әрі бірге «Топ» деп аталады.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шыққанға дейінгі Топтың қызметі басқарушылық мақсаттар үшін көрсетіжыл ін қызметтердің түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінді:

- **Электр энергиясын жеткізу және тиісті қолдау көрсету.** Электр энергиясын жеткізу «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI заңымен (бұдан әрі – «заң») реттеледі, өйткені топ электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету саласындағы табиғи монополист болып табылады. Заңға сәйкес Топтың электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне арналған тарифтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – «Комитет») бекітеді.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шығып қалған еншілес ұйымының қызметі былай ұсынылған:

- **Электр қуатының жүктемесін көтеруге дайындығын қамтамасыз ету.** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады. Оны іске қосудың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы энергия жүйесінің теңгерімдік сенімділігін қамтамасыз ету. Теңгерімдік сенімділік деп энергия жүйесінің кез келген уақытта электр энергиясына тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру қабіжыл і түсініледі.
- **Сатып алынатын электр энергиясын сату.** Сатып алынатын электр энергиясын өткізу сегменті ЖЭК секторын дамытуға жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған жаңартылатын энергия көздері секторын (бұдан әрі – «ЖЭК») қамтиды. ЖЭК секторы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңымен реттеледі.

Компанияның бас кеңсесі мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

Топтың қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептемесін Компанияның Басқарма төрағасы мен бас бухгалтері 2022 жылғы 18 наурызда бекітті.



## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕНИ ӨЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС жөніндегі кеңес») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептеме есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептеме ескертпелерде көрсетілгендей, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген негізгі құралдардың және әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің кейбір кластарын қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Шоғырландырылған қаржылық есептеме теңгемен ұсынылды, ал өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық сомалар бүтін мыңға дейін дөңгелектенді.

Топ Қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып, шоғырландырылған қаржылық есептемені әзірледі.

### Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептеме 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептемесін қамтиды. Егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін табыспен байланысты тәуекелдерге ұшыраса немесе осындай табысты алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілдерін тіктерін жүзеге асыру арқылы табысқа ықпал ету мүмкіндігі болған жағдайда бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда Топ инвестициялар объектісін келесі шарттар орындалған жағдайда бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілдерін тіктерінің болуы (яғни, Инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолданыстағы құқықтар);
- Топтың инвестиция объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштықтың немесе осындай табысты алу құқығының болуы;
- Топтың кіріс көлеміне әсер ету үшін өз өкілдерін тіктерін пайдалануға мүмкіндігінің болуы

Әдетте, дауыс беру құқығының көпшілігі бақылаудың болуын анықтайды деп болжанады. Осындай жол беруді растау үшін және Топта Инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқығының немесе ұқсас құқықтардың көпшілігінен азы болған кезде Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілдерін тіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқығы бар басқа тұлғалармен келісім (дер) ;
- басқа келісімдерге негізделген құқықтар;
- Топтың дауыс беру құқығы және ықтимал дауыс беру құқығы.

Егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш компонентінің біреуінің немесе бірнешеуінің өзгергені туралы куәландырса, Топ Инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды. Еншілес ұйымды шоғырландыру Топ еншілес ұйымды бақылауды алған кезде басталады және Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Сатып алынуы немесе шығарылуы бір жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыстың әрбір құраушы (ЖТҚ), тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкеп соқтырса да, топтың бас компаниясының меншік иелеріне тиесілі және бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болған кезде еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осындай компаниялардың есеп саясатын топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алып тасталады.

Бақылауды жоғалтпай еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту капиталмен жүргізілген операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге де компоненттерін тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамында пайда немесе залалды таниды. Қалған Инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### Топ алғаш қолданған жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен үсіндірулер мен түсіндірулерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептемені жасау кезінде қабылданған Есеп саясаты 2021 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептемесін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

2021 жылы Топ алғаш рет төменде келтірілген түзетулер мен түсіндірулерді қолданды, бірақ олар оның шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер етпеді.

#### **«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2-кезең» ҚЕХС (IFRS) 4, ҚЕХС (IFRS) 7, ҚЕХС (IFRS) 9, ҚЕХС (IFRS) 16 және ҚЕХС (IAS) 39-ге түзетулері**

Түзетулер ұсыныстың банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) іс жүзінде тәуекелсіз баламалы пайыздық мөлшерлемені ауыстырылған жағдайда қаржылық есептілік үшін салдарларды жою үшін қолданылатын уақытша босатуларды ұсынады.

Түзетулер мыналарды көздейді:

- практикалық сипаттағы жеңілдету, оған сәйкес реформамен тікелей талап етілген іс шарттың өзгеруі немесе ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне балама өзгермелі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылуы тиіс;
- хеджирлеу қатынастарын және хеджирлеу жөніндегі құжаттаманы айқындауға IBOR реформасы талап ететін өзгерістерді хеджирлеу қатынастарын тоқтатпай енгізуге жол береді;

- мөлшерлемесі тәуекелсіз құрал ұйымның қалауы бойынша хеджирлеу қатынастары шеңберінде тәуекелді компонент ретінде анықталған жағдайларда ұйымдарға жеке сәйкестендіріжыл ін компоненттерге қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер еткен жоқ. Топ қажет болған жағдайда болашақ кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдетулерді қолдануға ниетті.

## Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептемесі шығарылған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер беріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірулерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

### «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17

2017 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес «Сақтандыру шарттары» 17 ҚЕХС (IFRS) шығарды, ол ақпаратты тану және бағалау, ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру келісімшарттарына арналған қаржылық есептеменің жаңа стандарты болып табылады. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде, ол 2005 жылы шығарылған «Сақтандыру шарттары» 4 ХҚЕС (IFRS) алмастырады. 17 ҚЕХС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолдану саласынан бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандырушылар үшін неғұрлым тиімді және дәйекті болып табылатын сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады. Негізінен алдыңғы жергілікті есеп саясатына негізделген 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарына қарағанда, 17 ХҚЕС (IFRS) бухгалтерлік есептің барлық тиісті аспектілерін қамтитын сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынады. 17 ҚЕХС (IFRS) негізінде мыналармен толықтырылған жалпы модель жатыр:

- Тікелей қатысу шарттарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір модификациялар (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді келісімшарттар үшін.

17 ХҚЕС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі. Ұйым сондай-ақ 9 ХҚЕС (IFRS) және 15 ХҚЕС (IFRS) бірінші қолдану күніне немесе оған дейін 17 ХҚЕС (IFRS) қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

### «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» ҚЕХС (IAS) 1-ге түзетулер

2020 жылғы қаңтарда ҚЕХС жөніндегі кеңес міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріжыл ін ҚЕХС (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы дегеніміз не;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;

- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдығы әсер етпейді;
- міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді, егер айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құрал үлестік құрал болса ғана.

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы сыныптамасына ықтимал әсерін және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша шарттарды қайта қарау қажеттілігін талдайды.

### «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» ҚЕХС (IFRS) 3-ке түзетулер

2020 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес «Бизнес бірлестіктері» – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелерге» ҚЕХС (IFRS) 3-ке түзетулерін шығарды. Бұл түзетулердің мақсаты – 1989 жылы шығарылған «Қаржылық есептемені әзірлеу және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді, 2018 жылғы наурызда шығарылған «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздеріне» сілтемелерге, стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен ауыстыру.

Кеңес «2-ші күннің» ықтимал пайдасының немесе залалының туындауын болдырмау үшін егер олар жекелеген операциялар шеңберінде туындаған болс, ХҚЕС (IAS) 37 қолдану саласына немесе «Міндетті төлемдер» ХҚЕС (IFRIC) 21 түсіндірмесіне жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін ХҚЕС (IFRS) 3 тану қағидатынан алып тастауды қосты.

Сонымен бірге Кеңес «Қаржылық есептемені әзірлеу және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді ауыстыру әсер етпейтін шартты активтерге қатысты қолданыстағы 3 ХҚЕС (IFRS) талаптарын түсіндіруге шешім қабылдады.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективалы түрде қолданылады. Қазіргі уақытта топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы сыныптамасына ықтимал әсерін және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша шарттарды қайта қарау қажеттілігін талдайды.

### «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер» ҚЕХС (IAS) 16-ға түзетулер

2020 жылдың мамыр айында ҚЕХС жөніндегі кеңес «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды, бұл ұйымдарға объектінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан жеріне жеткізу және оны пайдалану үшін талап етіжыл ін күйге келтіру процесінде өндірілген өнімді сатудан түскен кез-келген түсімдерді алып тастауға тыйым салады. басшылықтың ниеті. Оның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды пайда немесе шығын құрамында өндіру құнын таниды.

Осы түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептемеде ұсынылған кезеңнің ең алғашқысы басталған (немесе одан кейін) күні пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдар объектілеріне ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер етпейді деп болжанады.

**«Қиындық келтіретін шарттар – шартты орындауға арналған шығындар» ҚЕХС (IAS) 37-ге түзетулер**

2020 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IAS) 37-ге түзетулер шығарды, онда ұйым Шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде қандай шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі.

Түзетулер «шартқа тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсілді қолдануды көздейді. Тауарларды немесе көрсетіжыл іні қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындар осы Шартты орындауға арналған қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтиды. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес, сондықтан олар шарт бойынша контрагент нақты өтеуі тиіс жағдайларды қоспағанда, алынып тасталады.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ осы түзетулерді ол алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезең басталған күні өзінің барлық міндеттерін әлі орындамаған шарттарға осы түзетулерді қолданатын болады.

**«Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарын бірінші рет қолдану» ҚЕХС (IFRS) 1-ге түзетулер – халықаралық қаржылық есептеме стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым**

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде 2018-2020 жылдар кезеңі ҚЕХС жөніндегі кеңес «Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарын бірінші қолдану» ҚЕХС (IFRS) 1-ге түзету шығарды.

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС жөніндегі кеңес «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану» ҚЕХС (IFRS) 1-ге түзетуін шығарды. Осы түзетуге сәйкес ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (a) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым негізгі ұйымның ҚЕХС-қа көшу күнін негізге ала отырып, негізгі ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Осы түзету ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (a) тармағын қолдануды шешетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

**«Қаржы құралдары» ҚЕХС (IFRS) 9-ға түзетулер – қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы**

ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде, 2018-2020 жылдар кезеңі, ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IFRS) 9-ға түзету шығарды. Түзетуде комиссиялық сыйақының сомасы түсіндіріледі, ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай өзгеше болып табылатындығын бағалау кезінде ескереді. Мұндай сомаларға басқа Тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолдануы тиіс.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе

одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолданады. Бұл түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде.

**«Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС (IFRS) 41-ге түзетулер – әділ құнды бағалау кезінде салық салу**

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС жөніндегі кеңес «Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС (IAS) 41-ге түзету шығарды. Осы түзету ХҚЕС (IAS) 41-дің 22-тармағында ұйымдардың ХҚЕС (IAS) 41-ді қолдану саласына жататын активтердің әділ құнын бағалау кезінде салық салуға байланысты ақша ағындарын есепке енгізбеуі туралы талапты жоққа шығарады.

Ұйым 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) әділ құнды бағалауға қатысты осы түзетуді перспективалы қолдануға тиіс. Бұл түзету топқа қолданылмайды.

**«Бухгалтерлік бағалауды анықтау» ҚЕХС (IFRS) 8-ге түзетулер**

2021 жылғы ақпанда ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IAS) 8 түзетулерін шығарды, онда «бухгалтерлік бағалау» анықтамасы енгізіледі. Түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжат ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды жасау үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді.

Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және есеп саясатындағы өзгерістерге және көрсетілген кезеңнің басталу күнінде немесе одан кейін болатын бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Бұл факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер компанияға айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

**ҚЕХС (IAS) 1 және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ҚЕХС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер**

2021 жылғы ақпанда ҚЕХС жөніндегі кеңес ҚЕХС (IAS) 1-ге және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ҚЕХС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер шығарды, онда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін басшылық пен мысалдар бар. Түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ұйымдардың есеп саясатының «маңызды ережелерін» ашуы туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу туралы талапқа ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдау кезінде маңыздылық ұғымын қалай қолдануға болатындығы туралы басшылықты қосу арқылы ашуға көмектесуі керек.

**Активтер мен міндеттемелерді айналым/қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді/ұзақ мерзімді жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдық/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді сыныптамасы негізінде ұсынады. Актив айналым болып табылады, егер:

- оны сату керек немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналған;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өткізу болжанып отыр; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін оны айыр-бастауға немесе пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл аясында өтесе;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуге жататын болса; немесе
- компанияда есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

## Әділ құнды бағалау

Топ әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және олардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленетін кезде әділ құны бойынша қаржылық емес активтер (ҰЭТ активтері) сияқты қаржы құралдарын бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 28-ескертепеді ашылады.

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле жасалатынын болжайды:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топтың негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жол берулерді пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдалану арқылы, не оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайдаларды генерациялау мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып

және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, осындай бағалау әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептемеде бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей** – бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей** – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей** – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында топ әрбір есепті кезеңнің соңына сыныптаманы қайта талдай отырып (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) оларды иерархия көздерінің деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін айқындайды.

Топтың қаржылық басшылығы ҰЭТ активтерінің және сату үшін қолда бар бағасы белгіленбеген қаржы активтерінің әділ құнын мерзімді бағалау үшін де, қолданылатын жерде активтердің әділ құнын біржолғы бағалау үшін де саясат пен рәсімдерді айқындайды.

ҰЭТ активтерінің құнын бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді қаржы басшылығы жыл сайын қабылдайды. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, салалық тәжірибе, бедел және кәсіби стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін қаржы басшылығы әр жағдайда қандай бағалау әдістері мен бастапқы деректерді пайдалану қажет екендігі туралы шешім қабылдайды.

Әрбір есепті күнге қаржы басшылығы топтың есеп саясатына сәйкес қайта талдау және қайта бағалау қажет активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін талдайды. Осындай талдау шеңберінде қаржы басшылығы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және өзге де тиісті құжаттармен салыстыру арқылы тексереді.

Топтың қаржылық басшылығы мен сыртқы бағалаушылары сондай-ақ есеп саясатына сәйкес негізгі құралдардың қайта бағаланатын сыныбы бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерістерін өзгерістердің негізділігін айқындау мақсатында тиісті сыртқы көздермен салыстырады.

Қаржылық басшылық және сыртқы бағалаушылар бағалау кезінде қолданылған негізгі болжамдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсаттары үшін топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде жіктеді.



## Шетел валютасындағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі теңгемен ұсынылды. Теңге сонымен қатар Топ компанияларының функционалды валютасы болып табылады. Топтың әрбір компаниясы өзінің функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне енгізілген баптар осы функционалды валютада бағаланады.

Шетел валютасындағы операцияларды Топ компаниялары бастапқыда операция тану критерийлерін қанағаттандыратын күні қолданылатын спот-бағам бойынша олардың функционалды валютасында ескереді.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыстағы функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар топтың шетелдік бөлімшеге таза инвестициясын хеджирлеуді қамтамасыз ететін монетарлық баптарды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі. Олар пайдалар мен шығындарда танылған кезде таза инвестиция шығарылған сәтке дейін Өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер немесе шығыстар баптың әділ құнының өзгеруі нәтижесінде кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес ескеріледі (яғни, әділ құнының өзгеруінен түскен кірістері немесе шығыстары өзге жиынтық табыстың немесе пайданың немесе залалдың құрамында танылатын баптар бойынша бағамдық айырмалар да тиісінше өзге жиынтық табыстың немесе пайданың немесе залалдың құрамында танылады).

Топ маңызды мәмілелер жүргізген шетел валюталарының айырбастау бағамдары былайша берілген:

Жыл соңындағы айырбас бағамы (теңге)	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	431,67	420,91
1 еуро	487,79	516,79
1 ресей рублі	5,77	5,62

Бір жылдағы орташа айырбас бағамы (теңге)	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	426,03	412,95
1 еуро	504,04	471,44
1 ресей рублі	5,78	5,73

## Негізгі құралдар

ҰЭТ активтерін қоспағанда, негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құн негізгі құралдардың бөліктерін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында, егер оларды капиталдандыру өлшемдері орындалса, қарыздар бойынша шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың маңызды компоненттерін белгілі бір уақыт аралығында ауыстыру қажет болған кезде Топ осындай компоненттерді оларға сәйкес кежыл ін жеке пайдалы пайдалану мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық қарап-тексеруді жүргізу кезінде оған байланысты шығындар, егер танудың барлық критерийлері орындалса, жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында танылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған Барлық өзге шығындар оларды шеккен кездегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

ҰЭТ активтері жинақталған амортизация мен қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болған шығындар шегеріле отырып, әділ құн бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейтініне сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан болған құн өсімі ЖСҚ құрамында көрсетіледі және пайда немесе шығын құрамында бұрын жүргізілген қайта бағалаудың салдарынан танылған осы активті қайта бағалаудан болған шығынды қалпына келтіретін бөлігін қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резерві ұлғайтылады. Қайта бағалаудан болған залал, қайта бағалау резервінің құрамында бұрын танылған сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын бөлігін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Актив шығып қалған жағдайда қайта бағалау резервінің осы активке тікелей қатысты бөлігі активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Амортизация активтердің пайдалы қызмет мерзімі ішінде сызықтық әдіспен келесідей есептеледі:

Ғимараттар	60 жыл
------------	--------

ҰЭТ активтері	
Электр жеткізу желілері	50 жыл
Құрылыстар	10-30 жыл
Қосалқы станциялардың жабдықтары	12-30 жыл

Көлік және өзге де негізгі құралдар	
Өзге де машиналар мен жабдықтар	7-25 жыл
Көлік құралдары	11 жыл
Компьютерлер және деректерді өңдеу бойынша өзге де жабдықтар	4-10 жыл
Ішкі және шаруашылық мақсаттағы заттар	7 жыл
Басқа да негізгі құралдар	3-15 жыл

Жер амортизацияланбайды.

Пайдалы пайдалану мерзімі және негізгі құралдардың жою құны әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Егер болжамдар алдыңғы болжамдардан өзгеше болған жағдайда, өзгерістер «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» ХҚЕС (IAS) 8-ге сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Осы бухгалтерлік бағалау негізгі құралдардың қалдық құнына және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын негізгі құралдардың тозу сомасына елеулі әсер етуі мүмкін.

Негізгі құралдар объектісін тану ол істен шыққан кезде немесе оны пайдаланудан немесе істен шығудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген кезде тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (таза түсімдер мен істен шығудан және активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есепті жылы пайданың немесе залалдың құрамына енгізіледі.

### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Материалдық емес активтер бастапқы танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, Топ ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыс ол туындаған есепті кезеңде пайдалар мен шығындарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтеріне негізінен компьютерлік бағдарламалық жасақтама және лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер 3-тен 5 жылға дейінгі активтерді пайдалы пайдаланудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

### Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтер мен шығып қалған топтарды, егер олардың баланстық құны өтелуге жататын болса, негізінен оларды пайдалану нәтижесінде емес, сату арқылы сатуға арналған ретінде сыныптайды. Сатуға арналған ретінде жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығатын топтар сатуға арналған шығындарды шегере отырып, екі мәннің ең азы – баланстық құны және әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығатын топтың) шығуына тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру бойынша шығындарды және пайдаға салынатын салық бойынша шығысты қамтымайды.

Топ ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін есепке алуға заңды түрде бекітілген құқығы болған жағдайларда ғана салық активтері мен салық міндеттемелерін есепке алуды жүргізеді, ал кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері сол бір салық органы алатын табыс салығына жатады.

Топтың өз акционерлеріне 2021 жылға да, 2020 жылға да дивидендтер төлеуі табыс салығына қатысты салдарға әкеп соқпайды.



## 26. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысына және 2021 жылғы 30 желтоқсандағы сыйға тарту шартына сәйкес топ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымындағы қатысу үлесінің 100%-ын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Республикалық меншігіне өтеусіз берді. 2021 жылдың 30 желтоқсанына «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді және Топ құрамынан шықты.

Шығу күніне «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС активтері мен міндеттемелері былайша берілген:

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	27.567
Материалдық емес активтер	14.836
Кейінге қалдырылған салық активі	234.733
Қорлар	155.465
Сауда дебиторлық берешегі	25.777.422
Берілген аванстар	983
Өтелетін ҚҚС	-
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-
Басқа да ағымдағы активтер	15.874
Өзге қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	5.151.508
Ақша қаражаты және оның баламалары	38.847.799
<b>Активтер жиыны</b>	<b>70.226.187</b>
Сауда кредиторлық берешек	31.602.053
Табыс салығынан басқа, өзге салықтар бойынша берешек	1.147.572
Табыс салығы бойынша берешек	261.182
Басқа міндеттемелер	93.590
<b>Міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>33.104.397</b>
<b>Шығарылған таза активтер</b>	<b>37.121.790</b>

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шығуынан болған 37.121.790 мың теңге сомасындағы шығындар капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізілген тоқтатылған қызметтен алынған нәтиже былайша берілген:

Мың теңгемен	2021 жыл	2020 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	211.591.935	171.561.989
Өзіндік құн	(195.598.700)	(165.136.041)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(343.451)	(492.577)
Қаржылық кіріс	2.194.275	1.665.765
Қаржылық шығын	(11.236)	(5.785)
Басқа кірістер	81.625	54.100
Өзге де шығыстар	(29)	-
Күтілетін кредиттік шығындарға резервті есептеу	(407.931)	(498.357)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>17.506.488</b>	<b>7.149.094</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	(4.035.022)	(2.182.057)
<b>Тоқтатылған қызметтен бір жыл ішіндегі пайда</b>	<b>13.471.466</b>	<b>4.967.037</b>

### Тоқтатылған қызметтен акцияға пайда:

Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға келетін бір жылдағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	51,81	19,10
---	-------	-------

Тоқтатылған қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі деректер былай берілген:

Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары	15.342.483	15.028.246
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары	9.203.509	(12.443.711)
Қаржы қызметінде ақша қаражатын таза пайдалану	-	-

## 27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама түрде қатысудың елеулі үлесі тиесілі ұйымдарды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтер негізінде ұсынылған кейбір реттеліп көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптар арасында келісілген шарттарда жүзеге асырылды.

Байланысты тараптармен 2021 және 2020 жылдардағы операциялар мыналарды білдіреді:

Мың теңгемен		Самұрық-Қазына тобына кіретін еншілес компаниялар	Самұрық-Қазына қауымдастырылған компаниялары	Самұрық-Қазына бірлескен кәсіпорындары	Топтың қауымдасқан компаниялары
Қызметтерді жүзеге асыру	<b>2021 жыл</b>	<b>88.141.984</b>	<b>13.158.299</b>	<b>4.311.519</b>	<b>658.453</b>
	2020 жыл	67.230.306	11.900.079	4.775.623	732.943
Жер учаскелерін сату	<b>2021 жыл</b>	<b>2.182.037</b>	-	-	-
	2020 жыл	-	-	-	-
Қызметтер мен тауарларды сатып алу	<b>2021 жыл</b>	<b>61.259.441</b>	<b>2.395.243</b>	-	<b>73.620</b>
	2020 жыл	56.206.438	3.211.878	44.152	75.315
Мүліктік кешен сатып алу	<b>2021 жыл</b>	-	-	-	-
	2020 жыл	11.794.689	-	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	<b>2021 жыл</b>	<b>88.160</b>	-	-	-
	2020 жыл	98.615	-	-	-
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	<b>2021 жыл</b>	<b>712.262</b>	-	-	-
	2020 жыл	-	-	-	-

Байланысты тараптармен операциядан 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек мыналарды ұсынады:

Мың теңгемен		Самұрық-Қазына тобына кіретін еншілес компаниялар	Самұрық-Қазына қауымдастырылған компаниялары	Самұрық-Қазына бірлескен кәсіпорындары	Топтың қауымдасқан компаниялары
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	<b>2021 жыл</b>	<b>2.182.037</b>	-	-	-
	2020 жыл	-	-	-	-
Қызметтерді іске асырғаны үшін қысқа мерзімді сауда дебиторлық берешек	<b>2021 жыл</b>	<b>2.171.300</b>	<b>280.180</b>	<b>146.229</b>	<b>39.473</b>
	2020 жыл	4.597.516	397.719	404.371	73.580
Негізгі құралдарды сату үшін дебиторлық берешек	<b>2021 жыл</b>	<b>814.315</b>	-	-	-
	2020 жыл	922.600	-	-	-
Дивидендтер бойынша дебиторлық берешек	<b>2021 жыл</b>	-	-	-	-
	2020 жыл	-	-	-	203.095
Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек	<b>2021 жыл</b>	<b>8.169.055</b>	-	-	-
	2020 жыл	10.009.955	-	-	-
Сатып алынған қызметтер үшін қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	<b>2021 жыл</b>	<b>1.831.950</b>	<b>175.735</b>	-	<b>8.596</b>
	2020 жыл	8.086.633	586.602	12.646	9.820
Жалдау бойынша міндеттемелер	<b>2021 жыл</b>	<b>111.895</b>	-	-	-
	2020 жыл	561.765	-	-	-

### Түсім және өзіндік құн, сауда дебиторлық және кредиторлық берешек

Байланысты тараптарға көрсетілетін қызметтерді сату негізінен электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру жөніндегі және электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтер болып табылады. Байланысты тараптардан көрсетілетін қызметтерді сатып алу негізінен байланыс қызметтерін, энергетика саласындағы көрсетілетін қызметтерді, электр энергиясын сатып алуды, электр қуатының дайындығын ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, пошта қызметтерін және бағдарламалық жасақтама бойынша техникалық қолдауды қамтиды.

### Жер телімдерін сату

2021 жылғы қаңтарда Топ «Samruk-Kazyna Construction» АҚ байланысты тарапына құны 5.126 мың теңге тұратын жер телімін 2.182.037 мың теңгеге 2020 жылғы 31 желтоқсанда сатуға арналған активтер ретінде сатты. Мүлікті беру туралы шартқа сәйкес «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Топтың меншігіне 2.182.037 мың теңге сомасына үй-жайларды беруге міндеттенеді.

### Басқа да дебиторлық берешек

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топтың «Балқаш ЖЭС» АҚ негізгі құралдарын сатқаны үшін 220.494 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 220.494 мың теңге) дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ 2018 жылдың соңына дейін берешегін төлеуі тиіс болатын, алайда 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша берешек өтелмеді. Балқаш ЖЭС құрылысының тоқтатылуына байланысты Топ басшылығы 2018 жылы күтілетін кредиттік шығындарға 100% мөлшерінде резерв есептеу туралы шешім қабылдады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегіне ККШ жалпы сомасы 271.744 мың теңгені құрады.

### Мүліктік кешен үшін кредиторлық берешек және дисконттың амортизациясы

2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында Топ байланысты тарап – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-дан 11.794.689 мың теңгеге мүліктік кешен сатып алды. Сатып алу-сату шартына сәйкес Топ 2025 жылдың 25 наурызына дейін берешекті жыл сайынғы тең төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,25% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, бұл Топ басшылығының нарықтық мөлшерлеменің ең жақсы бағасы болып табылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «Karabatan Utility Solutions» ЖШС кредиторлық берешегі бойынша амортизацияланбаған дисконт 1.266.695 мың теңгені құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 8.169.055 мың теңгені құрады, оның 5.972.684 мың теңгесі байланысты тараптардан ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің құрамына кірді. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Топ 712.262 мың теңге сомасындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясынан болған шығыстарды таныды.

### Жалдау бойынша міндеттемелер

2017 жылы Топ байланысты тарап – «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығын беру туралы ұзақ мерзімді келісімшарт жасасты. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топтың берешегі 111.895 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 561.765 мың теңге).

### Басқасы

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ХҚДБ қарызы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдік сомасы 37.835.274 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 42.800.248 мың теңге).

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы және онымен байланысты барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, еңбекке жарамсыздық, Демалыс, Материалдық көмек және басқалар) қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 381.788 мың теңге ) 313.976 мың теңгені құрады.

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызмет нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

## 28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Осы қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты топтың операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың сауда және өзге де дебиторлық берешегі, ақша қаражаты және олардың баламалары, тікелей оның операциялық қызметі барысында туындайтын қысқа мерзімді депозиттері, сондай-ақ бағалы қағаздарға инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырайды.

### Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі-бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел.

Топтың нарықтық пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, өзгермелі пайыздық ставкасы бар топтың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады (15 және 16-ескертпелер).

Топ қарыздар көрсетілген валютадағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін мониторингтеу арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін шектейді. Барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда, өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Топқа салық салынғанға дейінгі пайдаға келесі әсер етеді:

Мың теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю* / пайызбен	Салық салғанға дейін пайдаға әсер
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>		
Либор	125/(25)	(461.059)/92.212
Еуробор	20/(20)	(25.314)/25.314
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	1%/0%	(474.139)/-
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>		
Либор	100/(25)	(418.317)/104.579
Еуробор	20/(20)	(44.578)/44.578
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	1%/0%	(474.048)/-

\* 1 базалық тармақ = 0,01%.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар өткен жылдармен салыстырғанда едәуір жоғары құбылмалылықпен сипатталатын қазіргі сәтте байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел-бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып отыру тәуекелі. Топтың шетел валюталарының айырбастау бағамдарының

өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметіне байланысты. Сондай-ақ, топтың айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютасынан басқа валютада көрсетілген кезде).

Келесі кестеде барлық басқа параметрлер өзгермеген жағдайда АҚШ доллары, еуро және рубль бағамындағы мүмкін болатын өзгерістерге сезімталдықты талдау берілген. Топтың өзге валюталар бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы елеусіз болып табылады.

Мың теңгемен	Абсолюттік мәнде айырбас бағамының ұлғаюуы / (азаяуы) (теңге)	Айырбастау бағамының ұлғаюуы / (азаяуы)	Салық салғанға дейін пайдаға әсер
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
АҚШ Доллары	<b>86,33/(43,18)</b>	<b>20%/(10%)</b>	<b>(1.714.810)/857.405</b>
Еуро	<b>97,56/(48,91)</b>	<b>20%/(10%)</b>	<b>(2.557.083)/1.278.542</b>
Рубль	<b>0,75/(0,75)</b>	<b>13%/(13%)</b>	<b>(196.134)/196.134</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанда</b>			
АҚШ Доллары	58,93/(46,3)	14%/(11%)	(2.062.267)/1.620.352
Еуро	72,35/(56,85)	14%/(11%)	(3.162.488)/2.484.812
Рубль	0,84/(0,84)	15%/(15%)	(287.734)/287.784

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік шығарылған күнгі жағдай бойынша теңгенің АҚШ долларына бағамы 30-ескертпеде ұсынылған.

## Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел-бұл Топтың қаржылық шығынға ұшырау қаупі, өйткені контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік келісім бойынша міндеттемелерін орындамайды. Топ өзінің операциялық қызметімен, ең алдымен сауда дебиторлық берешегіне қатысты (9-ескертпе) және банктердегі депозиттерді және борыштық бағалы қағаздарға инвестициялауды қоса алғанда, инвестициялық қызметпен байланысты кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін (11, 12 және 13-ескертпелер).

## Сауда дебиторлық берешегі

Сатып алушыларға байланысты кредиттік тәуекелді басқаруды әрбір бизнес бірлік сатып алушыларға байланысты кредиттік тәуекелді басқаруға қатысты Топ белгілеген саясатқа, рәсімдерге және бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырады. Құнсыздандуды тану қажеттілігі күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып, әрбір есепті күнге талданады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың туындауының ұқсас сипаттамалары бар әртүрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемнің мерзімі өткен күндерінің санына байланысты есептеледі (яғни, өнім түрі бойынша және т.б.). Есептеулер ықтималдылықты, ақшаның уақытша құнын ескере отырып мөлшерленген нәтижелерді және есепті күнге қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталатын ақпаратты көрсетеді.

## Қаржы құралдары және ақша депозиттері

Банктердегі және қаржы институттарындағы шоттардағы қаражат қалдықтарына негізделген кредиттік тәуекелді басқаруды Топтың саясатына сәйкес Топтың қазынашылығы жүзеге асырады. Артық қаражат бекітілген контрагенттердің шоттарына және әрбір контрагент үшін белгіленген кредиттік лимиттер шеңберінде ғана инвестицияланады. Контрагенттер үшін белгіленген кредиттік лимиттерді топтың директорлар кеңесі жыл сайын талдайды және топтың қаржы комитеті бекіткеннен кейін жыл ішінде өзгертілуі мүмкін. Лимиттер тәуекелдердің шоғырлануын барынша азайту және осылайша контрагенттің ықтимал төлемеуі нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындарды азайту мақсатында белгіленеді.

Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептің компоненттері бойынша кредиттік тәуекелге барынша ұшырауы олардың баланстық құнымен ұсынылған.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегергендегі «Standard & Poor 's» және «Moody ' s» агенттігінің кредиттік рейтингтерін пайдалана отырып, есепті күні банктерде орналастырылған ақша қаражаты, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетіледі:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг		2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
		2021 жыл	2020 жыл		
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	<b>BB+/тұрақты</b>	BB/тұрақты	<b>15.699.990</b>	19.333.594
«Jysan Bank» АҚ	Қазақстан	<b>B1/тұрақты</b>	B/теріс	<b>12.140.947</b>	-
«Forte Bank» АҚ	Қазақстан	<b>B+/оң</b>	B/тұрақты	<b>11.019.346</b>	9.871.765
«АТФ Банк» АҚ	Қазақстан	-	B-/тұрақты	-	12.326.032
«Банк Центр Кредит» АҚ	Қазақстан	<b>B/тұрақты</b>	B/тұрақты	-	6.149.103
«Kaspi Bank» АҚ	Қазақстан	<b>BB-/оң</b>	BB-/тұрақты	-	4.240.228
				<b>38.860.283</b>	<b>51.920.722</b>

## Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділікті басқару және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру талаптарына сәйкес өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ өтімділік тәуекелін барабар резервтерді, банктік қарыздарды және қолжетімді кредиттік желілерді қолдау жолымен, ақшаның болжамды және нақты қозғалысын тұрақты мониторингтеу және қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру арқылы басқарады.

Топ қарызды қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдің шоғырлануын бағалады және бұл төмен болады деген қорытындыға келді. Топ қаржыландырудың жеткілікті әртүрлі көздеріне қол жеткізе алады. Келесі кестелерде келісімшарттық дисконтталмаған ақша ағындарының негізінде оның қаржылық міндеттемелері бойынша топтың келісімшарттық мерзімдері көрсетіледі.



Мың теңгемен	Талап еткенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Жиыны
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанда</b>						
Қарыздар	-	5.666.360	9.472.295	15.526.933	22.684.097	53.349.685
Облигациялар	-	3.181.750	9.545.250	50.908.000	198.719.155	262.354.155
Сауда кредиторлық және өзге де берешек	-	18.675.097	-	7.076.813	-	25.751.910
Жалдау бойынша міндеттеме	-	111.895	-	-	-	111.895
	-	27.635.102	19.017.545	73.511.746	221.403.252	341.567.645
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанда</b>						
Қарыздар	-	5.980.856	9.890.804	28.374.905	24.940.645	69.187.210
Облигациялар	-	2.414.750	7.244.250	38.636.000	155.224.542	203.519.542
Сауда кредиторлық және өзге де берешек	-	40.884.883	-	7.651.017	-	48.535.900
Жалдау бойынша міндеттеме	-	-	493.644	99.907	-	593.551
	-	49.280.489	17.628.698	74.761.829	180.165.187	321.836.203

## Капиталды басқару

Топтың капиталын басқарудың басты мақсаты – бұл Топтың берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционерлер үшін кірісті көбейтумен қатар қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алатындығын қамтамасыз ету. Топ экономикалық жағдайлардағы өзгерістерді ескере отырып, өз капиталын басқарады. Өз капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерлерге дивидендтер төлеуді өзгерте алады, капиталды акционерлерге қайтара алады немесе жаңа акциялар шығара алады. Топ капиталды капиталға шаққандағы коэффициентті қолдана отырып басқарады, бұл – жалпы капиталға бөлінген қарыз. Топтың міндеті-коэффициентті 0,5-тен аспайтын деңгейде ұстау. Қарыз барлық қарыздар мен облигацияларды қамтиды. Капитал барлық міндеттемелер мен барлық акционерлік капиталдың сомасына тең.

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Борыш/капитал	0,16	0,20
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	152.782.161	142.561.138
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	18.417.290	18.472.897
<b>Қарыз</b>	<b>171.199.451</b>	<b>161.034.035</b>
Міндеттемелер жиынтығы	356.080.517	309.456.156
Капитал	737.136.817	502.556.470
<b>Капитал мен міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>1.093.217.334</b>	<b>812.012.626</b>

Топ капиталының құрылымы 14-ескертпеде ашылғандай акционерлік капиталды, резервтер мен бөлінбеген пайданы қамтиды.

## Әділ құн иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын айқындау және бағалау модельдері бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашу үшін мынадай иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: белсенді нарықтардағы бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша бағалар (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей: көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын басқа да әдістер.
- 3-деңгей: байқалатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін, көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін бастапқы деректер пайдаланылатын әдістер.

Төмендегі кестеде әділ құн бойынша Топтың активтері мен міндеттемелерін бағалау көздерінің иерархиясы берілген:

### Әділ құны бойынша бағаланатын активтер

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қайта бағаланған негізгі құралдар</b>				
ҰЭТ активтері (6-Ескертпе)	879.981.350	-	-	879.981.350
«DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары (11-ескертпе)	314.418	-	-	314.418

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қайта бағаланған негізгі құралдар</b>				
ҰЭТ активтері (6-Ескертпе)	580.456.916	-	-	580.456.916
«DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигациялары (11-ескертпе)	310.175	-	-	310.175

### Әділ құны ашылатын активтер

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қаржылық активтер</b>				
Басқа қаржы активтері (11-ескертпе)	72.182.392	-	72.182.392	-

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қаржылық активтер</b>				
Басқа қаржы активтері (11-ескертпе)	90.831.639	-	90.831.639	-

### Әділ құны ашылатын міндеттемелер

Мың теңгемен	2021 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Облигациялар (16-ескертпе)	121.705.499	-	121.705.499	-
Қарыздар (15-ескертпе)	49.493.952	-	49.493.952	-

Мың теңгемен	2020 жылғы 31 желтоқсан	Деңгей 1	Деңгей 2	Деңгей 3
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Облигациялар (16-ескертпе)	96.856.143	-	96.856.143	-
Қарыздар (15-ескертпе)	64.177.892	-	64.177.892	-

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде қаржы құралдарының әділ құнының 1, 2 және 3-деңгейлері бойынша ауысулар болған жоқ.

### Қаржы құралдарының әділ құны

2021 жылғы 31 желтоқсанға және 2020 жылғы 31 желтоқсанға басшылық Сауда дебиторлық және кредиторлық берешек, өзге де қаржы активтері, ақша қаражаты және олардың баламалары, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты сияқты Топтың қаржы құралдарының әділ құны негізінен осы құралдарды өтеудің қысқа мерзімдеріне байланысты олардың баланстық құнына шамамен тең екенін айқындады. Қарыздар мен топ шығарған облигациялар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, ол шамамен олардың әділ құнына тең.

### Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердегі өзгеріс

Мың теңгемен	2021 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Есептелген пайыздар	Төленген пайыздар	Валюталық бағамның өзгеруі	Жаңа жалға алу шарт- тары	Басқасы	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	64.177.892	(14.614.808)	1.024.707	(1.167.132)	24.284	-	49.009	49.493.952
Облигациялар	96.856.143	25.235.121	11.962.857	(11.538.332)	-	-	(810.290)	121.705.499
Жалдау бойынша міндеттемелер	561.765	(436.606)	31.786	(45.050)	-	-	-	111.895
<b>Жиыны</b>	<b>161.595.800</b>	<b>10.183.707</b>	<b>13.019.350</b>	<b>(12.750.514)</b>	<b>24.284</b>	<b>-</b>	<b>(761.281)</b>	<b>171.311.346</b>

Мың теңгемен	2020 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Есептелген пайыздар	Төленген пайыздар	Валюталық бағамның өзгеруі	Жаңа жалға алу шарт- тары	Басқасы	2020 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	63.008.987	(6.574.597)	1.652.890	(2.093.727)	8.166.364	-	17.975	64.177.892
Облигациялар	87.316.528	9.032.407	8.977.984	(8.460.500)	-	-	(10.276)	96.856.143
Жалдау бойынша міндеттемелер	419.543	(400.692)	96.818	(87.769)	-	533.865	-	561.765
<b>Жиыны</b>	<b>150.745.058</b>	<b>2.057.118</b>	<b>10.727.692</b>	<b>(10.641.996)</b>	<b>8.166.364</b>	<b>533.865</b>	<b>7.699</b>	<b>161.595.800</b>

«Өзгелері» бағанында қаржылық міндеттемелер бойынша дисконттар мен сыйақылардың амортизациясы берілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

## 29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына сай келетін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көп жағдайда осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне, қаржы және ақша-кредит саясатына байланысты болады. Теңгедегі пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалады. Осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне және оның құнының өсуіне, сондай-ақ одан әрі экономикалық өсуге қатысты белгісіздіктің жоғарылауына әкелді, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелері мен экономикалық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Топ басшылығы қазіргі жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша тиісті шаралар қабылдайды деп санайды.

2020 жылдың наурызынан бастап АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының төмендеуін қоса алғанда, қор, валюта және шикізат нарықтарында айтарлықтай құбылмалылық байқалады. Бұл оқиғалардың ауқымы мен ұзақтығы белгісіз болып қалады. Алайда, басшылық топтың пайдасына, ақша ағындарына және қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етпейді деп күтпейді.

### Салық салу

Қазақстан Салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістердің және әртүрлі түсіндірулердің нысанасы болып табылады. Түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің өзге де баптарына ҚЕХС тәсілі бойынша пікірді қоса алғанда, жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлерде алшақтық жағдайлары жиі кездеседі. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген Қазақстан е заңдары негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар жүйесі өте қатал. Айыппұл санкцияларына, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 50-80% мөлшеріндегі айыппұлдар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша 1,25-ке көбейтілген өсімпұл кіреді. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұл сомасы қосымша есептеуге жататын салық сомасынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Тексеру жүргізілетін жылу алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін қаржы кезеңдері ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салықтық тексерулер ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарға байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдардың түпкілікті сомасы, егер олар бар болса, қазіргі уақытта шығыстарға жатқызылған және 2021 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін.

### Кредиттік келісімдердің шарттары

Топ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша негізгі борыштың жалпы сомасы 85.432 мың АҚШ долларына және 25.878 мың еуроға әрекет ететін ЕҚДБ мен ХҚДБ-мен кредиттік келісімдер жасасты. Топ пен кредиторлар арасындағы кредиттік келісімдерге сәйкес Топ кредиттік келісімдердің мынадай шарттарын сақтауға міндетті:

- ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге қатынасы кемінде 1: 1;
- жиынтық берешектің жалпы капиталдандыруға қатынасы 50%-дан аспайды;

- қаржылық шығыстарды шегергенге дейінгі кірістердің, табыс салығының, тозу мен амортизацияның («EBITDA») қаржылық шығыстарға қатынасы кемінде 3:1;
- таза қарыздың EBITDA-ға қатынасы 4: 1-ден аспайды.

Сондай-ақ, Топ облигациялар шығарды және келесі ковенанттарды сақтауға міндетті:

- борыштың EBITDA-ға қатынасы 3:1 артық емес
- борыштың капиталға қатынасы 0,6:1 аспайды.

Басшылық Топ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ЕҚДБ және ХҚДБ-мен кредиттік келісімдердің барлық талаптарын сақтады деп санайды. EBITDA есептеу кезінде топ бағамдық айырмадан түскен кірістер мен залалдарды алып тастайды, өйткені бағамдық айырмадан түскен кірістер мен залалдар ақшалай емес операциялардың анықтамасына сәйкес келеді және кредиттік келісімдерде көрсетілген EBITDA есебінен алып тастауға жатады деп санайды. 2021 жылғы 31 желтоқсанға EBITDA есептеу кезінде топ 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 451.045 мың теңге сомасында (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.309.688 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан түскен кірісті алып тастады). Сондай-ақ, Топ басшылығы облигациялар шығару шарттарында қарастырылған барлық ковенанттар сақталған деп санайды.

## Сақтандыру

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Топ құны 221.316.260 мың теңге өндірістік активтерді сақтандырды. Көрсетілген сома 2021 жылғы 1 желтоқсанға жүргізілген ҰЭТ активтерін қайта бағалау нәтижесін қамтымайды, өйткені сақтандыру шартын жасасу рәсімі 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін жүзеге асырылды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың болмауы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің туындауын білдірмейтіндіктен, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте мұндай активтердің бүлінуіне немесе жоғалуына байланысты күтпеген шығыстарға ешқандай резерв жасалмаған.

## Шарттық міндеттемелер

220–500 кВ электр жеткізу желілерін реконструкциялау арқылы ұлттық электр торабы жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында, алдағы жылдары қол жеткізілген және Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін, сондай-ақ өндірістік активтерді жұмыс жағдайында ұстау үшін Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі.

«KEGOC» АҚ-ның жалпы сомасы 274.760.648 мың теңгеге бес жылдық (2021-2025) инвестициялық бағдарламасы салалық мемлекеттік органның 2021 жылғы 7 сәуірдегі №122 және уәкілетті орган ведомствосының 2021 жылғы 11 наурыздағы №21-НҚ бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілді және 100% орындалуы тиіс.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша инвестициялық жоспар шеңберінде Топпен жасалған шарттар бойынша күрделі сипаттағы шарттық міндеттемелердің сомасы 100.950.878 мың теңге болды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 82.980.915 мың теңге).

2020–2021 жылдары эпидемиологиялық ахуалдың тұрақсыздығы мен санитарлық шаралардың барлық жерде енгізілуіне байланысты күрделі инвестициялар жоспары шеңберінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының толық көлемде уақтылы орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету объективті түрде қиын болды.

Ашық келісімшарттардың елеулі бөлігін Қазақстан Республикасынан тыс жерде сатып алынатын жабдық құрайтындығына байланысты, өндіріс қарқыны мен логистикаға өндіруші зауыттардағы ауысымдардың қысқаруы және персонал санының шектелуі теріс әсер етті, бұл негізгі энергетикалық жабдықты жеткізудің кешеуілдеуіне және тиісінше күрделі сипаттағы келісімшарттық міндеттемелерді орындау мерзімдеріне алып келеді. Сонымен қатар, шарттық міндеттемелер құнының ауытқу ықтималдығы қалады, оның негізгі себебі таргеттеу ұлттық валютасының айырбастау бағамдарының ықтимал өзгеруінің әсері болып табылады.

## Қызметті реттеу

### Электр энергиясын беру және электр энергиясын желіге жіберу мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі тарифтер

Компания 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 қыркүйегіне дейін келесі тарифтер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынды:

- электр энергиясын жеткізу бойынша кВтсағ үшін 2.448 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кВтсағ үшін 0,264 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз);
- электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша кВтсағ үшін 0,086 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз).

«KEGOC» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне осы тарифтер «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес айқындалған. Оларға сәйкес негізгі борышты өтеуге бағытталған қаражатты қоспағанда, бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздар бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаны (амортизациялық аударымдар мен пайда) іске асыруға бағытталған қаражат 2020 жылға арналған қолданыстағы тарифтен алып тасталды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2021 жылғы 16 тамыздағы №79-НҚ бұйрығына сәйкес мынадай тарифтер бекітілді:

- электр энергиясын жеткізу бойынша:
  - 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 2.797 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 2.848 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.004 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.106 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 3.134 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).
- электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша:
  - 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.306 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.314 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
  - 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.333 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);

- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.348 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.355 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

### 3. электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша:

- 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.098 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.102 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2023 жылғы 1 қазаннан бастап 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.105 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2024 жылғы 1 қазаннан бастап 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.108 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз);
- 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін – 0.110 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз).

## 30. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

### Қазақстан Республикасындағы оқиғалар

2022 жылдың қаңтарында Маңғыстау облысында газ бағасының көтерілуіне байланысты наразылық акциялары басталып, кейін Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне тарады. Үкімет газ бағасының төмендеуін қоса алғанда, халықтың талаптарына жауап беру үшін бірқатар шаралар қабылдағанына қарамастан, наразылық акциялары нәтижесінде әлеуметтік толқуларға ұласып, олардың барысында муниципалитеттер («әкімдіктер») мен құқық қорғау органдарының ғимараттары басып алынды және қиратылды. Негізгі оқиғалар мен наразылықтар Алматы қаласында және еліміздің оңтүстік өңірлерінде өтті.

Оқиғалар Топтың қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, бірақ елдегі әлеуметтік шиеленіс жалғасуда, оқиғалардың одан әрі дамуы мен олардың компанияның қызметіне әсерін болжау мүмкін емес.

Бұл ретте 2022 жыл ішінде Компания еңбекақы төлеуге байланысты шығыстардың ұлғаюын болжайды.

### Әлемдегі оқиғалар

2022 жылғы 24 ақпанда Ресей президенті Владимир Путиннің «Украинадағы арнайы әскери операцияның» басталуы туралы үндеуі шықты. Украина аумағына әскерлер енгізілгеннен кейін, әлем елдері, атап айтқанда, Еуропалық Одақ пен АҚШ Ресей әскерлерінің Украинаға одан әрі жылжуына жол бермеу үшін экономикалық санкциялар пакетін енгізді. Әскери операция мен экономикалық санкциялар рубльдің бағамына әсер етті, ол негізгі әлемдік валюталарға қатысты 40% – дан астам әлсіреді және «әскери операцияның» бүкіл кезеңінде күшті құбылмалылықты көрсетеді. Ресей мен Қазақстан арасындағы елеулі экономикалық өзара байланысты ескере отырып, теңге бағамы әлемдік валюталарға қатысты 15% -дан астамға төмендеді және 2022 жылғы 18 наурыздағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 506.14 теңгені құрады.

Ресейдің Қаржы нарығы, сондай-ақ мұнай-газ саласы мен өндіруші өнеркәсіп үшін шектеу шараларын енгізу әлемдік нарықтардағы энергия көздері мен металдардың қымбаттауына әсер етті. Қазіргі уақытта әскери операцияға байланысты соңғы оқиғалардың әлемдік экономикаға, атап айтқанда Қазақстан экономикасына және Топтың қызметіне әсерін болжау қиын.



# 5-ҚОСЫМША. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БЕРГЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және сол күні аяқталған жылғы жай-күй бойынша

Бұл түсіндірмелер 2021 жылғы қызметтің қаржылық нәтижелеріне басшылықтың түсіндірмелерінің қысқаша нұсқасы болып табылады, олардың толық нұсқасымен [www.kase.kz](http://www.kase.kz) сайтында танысуға болады

Қызметтің нәтижелері	269
Қолданыстағы кредиттік келісімдер	285
Күрделі қаржы шығындары	286
Негізгі факторлар мен тәуекелдер	287

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ шоғырландырылған қаржылық есепте-месінде көрсетілген қаржылық нәтижелерге төменде жазылған түсініктемелер мен түсіндірмелерді «KEGOC» АҚ шоғыр-ландырылған қаржылық есептемесіне және осы кезеңдегі оған ескертпелермен үйлестіре қарау қажет. Сонымен қатар, бұл шолу болжамды мәлімдемелерді қамтиды. Осы болжамды пайымдаулар инвестициялық меморандумда көрсетілген тәуекелдердің, белгісіздіктердің және басқа да факторлардың өсеріне ұшырайды, олар біздің нақты нәти-желеріміздің осы бекітулерде көрсетілген немесе олардан туындайтын нәтижелерден айтарлықтай ауытқуына әкелуі мүмкін. Біздің нақты нәтижелеріміз осы болжамды пайымдауларда ұсынылған нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания өзінің негізгі қызметінен 186 443 137 мың теңге сомасында кіріс алды. Оның ішінде: 129 355 940 мың теңге Компанияның желілері арқылы электр энергия-сын жеткізу бойынша қызметінен, 28 902 579 мың теңге электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды диспетчерлендіруден, 17 958 864 мың теңге электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметінен түсті.

Негізгі кірістің қалған бөлігі мыналардың есебінен:

- электр энергиясын ауытқулардың сағаттық көлемін өтеу мақсатында сатудан көрсетілетін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер – 7 067 781 мың теңге;
- қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сату – 878 486 мың теңге;
- сатып алынатын электр энергиясын сатудан түсетін кіріс – 33 897 мың теңге;
- басқа да қызметтерді сатудан алынды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша негізгі құралдардың баланстық құны 976 001 316 мың теңгені құрады және 2021 жылғы 1 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҰЭТ активтерін қайта бағалауға байланысты жыл басымен салыстырғанда 323 522 872 мың теңгеге (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша: 652 478 444 мың теңге) көбейді.

## Біздің операциялық сегменттеріміз

Басқару мақсаттары үшін Топтың қызметі көрсетілетін қызмет түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінеді:

- Электр энергиясын жеткізу, желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру;
- Қуатты реттеу бойынша қызметтер.
- Сатып алынатын электр энергиясын сату.


### Шоғырландырылған таза кіріс (мың теңге)

2021 жылғы 12 айда «KEGOC» АҚ-ның үздіксіз қызметінен түскен таза шоғырландырылған пайда 19% – ға немесе 9 333 788 мың теңгеге азайып, 39 164 446 мың теңгені құрады (2020 жылғы 12 айда – 48 498 234 мың теңге), оның ішінде «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылмаған таза пайдасы 33 056 508 мың теңгені құрады. («Энергоинформ» АҚ таза пайдасы 2 175 329 мың теңгені құрады).

2021 жылғы 30 желтоқсанда «KEGOC» АҚ құрамынан «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымының шығуына байланысты тоқтатылған қызметтен түскен таза пайда 13 471 466 мың теңгені құрады (2020 жылғы 12 айда – 4 967 037 мың теңге).

### Шоғырландырылған таза кіріс

МЫҢ ТЕҢГЕ



2021

2020

### ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Төменде келтірілген кестеде KEGOC-тың 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі нәтижелері көрсетілген:

мың теңгемен	Аяқталған жыл үшін		Өзгерту	
	31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	Абсолютті мәндегі өзгеріс	%
Кірістер	186 443 137	179 097 563	▲ 7 345 574	4
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(120 682 903)	(101 920 927)	▲ (18 761 976)	18
<b>Жалпы пайда</b>	<b>65 760 234</b>	<b>77 176 636</b>	<b>▼ (11 416 402)</b>	<b>(15)</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(8 539 823)	(7 817 094)	▲ (722 729)	9
Сату бойынша шығыстар	(381 235)	(364 084)	▲ (17 151)	4,7
Қайта бағалаудан түскен кіріс	2 869 512	0	▲ 2 869 512	100
Қайта бағалаудан болған залал	(10 725 253)	0	▲ (10 725 253)	
Құнсызданудан болған залал/кіріс	(88 283)	(19 210)	▲ (69 073)	359,6
<b>Операциялық пайда</b>	<b>48 895 152</b>	<b>68 976 248</b>	<b>▼ (20 081 096)</b>	<b>(29)</b>
Қаржылық кірістер	5 368 222	5 480 240	▼ (112 018)	(2)
Қаржылық шығыстар	(11 670 429)	(11 200 196)	▲ (470 233)	4
Бағамдық айырма, нетто	451 045	(5 309 688)	▲ 5 760 733	(108)
Қауымдасқан компания пайдасындағы үлес	260 739	358 447	▼ (97 708)	(27)
Басқа да кірістер	3 921 369	876 774	▲ 3 044 595	347
Басқа да шығыстар	(563 892)	(622 600)	▼ 58 708	(9)
ҚХЕС 9-ға сай құнсызданудан болған шығыстар	110 078	39 913	▲ 70 165	176
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>46 772 284</b>	<b>58 599 138</b>	<b>▼ (11 826 854)</b>	<b>(20)</b>
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(7 607 838)	(10 100 904)	▼ 2 493 066	(25)
<b>Кезеңдегі жалғасатын қызметтен түскен пайда</b>	<b>39 164 446</b>	<b>48 498 234</b>	<b>▼ (9 333 788)</b>	<b>(19)</b>
<b>Тоқтатылған қызмет *</b>				
Салық салынғаннан кейінгі тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)	13 471 466	4 967 037	▲ 8 504 429	171
<b>Жылдық пайда</b>	<b>52 635 912</b>	<b>53 465 271</b>	<b>▼ (829 359)</b>	<b>(2)</b>
Пайдаға салынатын салықты шегергендегі есептік кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс	260 595 803	0	▲ 260 595 803	
<b>Есептік кезеңдегі жиынтық кірістің жиыны</b>	<b>313 231 715</b>	<b>53 465 271</b>	<b>▲ 259 766 444</b>	<b>486</b>

\* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысына және 2021 жылғы 30 желтоқсандағы сыйға тарту шартына сәйкес «KEGOC» АҚ «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымындағы қатысу үлесінің 100% – ын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің республикалық меншігіне өтеусіз берді. 2021 жылдың 31 желтоқсанына «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді және еншілес ұйымының құрамынан шықты.


Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сәйкес:

- 2021 жылы Компанияның кірістері барлығы 212 895 568 мың теңгені құрады.
- 2021 жылғы Компанияның шығыстары барлығы 160 259 656 мың теңгені құрады.

#### «KEGOC» АҚ түсімі (мың теңгемен)

2021 жылғы негізгі қызметтен түскен түсім 186 443 137 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылғы осындай кезеңдегі деңгейден 4% – ға немесе 7 345 574 мың теңгеге жоғары.

#### «KEGOC» АҚ түсімі



Келесі кестеде 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі қызметтерді сатудан түскен түсім бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

мың теңгемен	Аяқталған жыл үшін		Изменение	
	31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	абсолюттік мәні	%
Электр энергиясын жеткізу	129 355 940	121 953 313	7 402 627	6
Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер	28 902 579	30 291 437	(1 388 858)	(5)
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	17 958 864	18 649 805	(690 941)	(4)
Ауытқулардың сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер	7 067 781	5 101 651	1 966 130	39
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан түсетін кіріс	878 486	954 342	(75 856)	(8)
Сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен кіріс	33 897	21 075	12 822	61
Басқа да қызметтерді көрсетуден түсетін кіріс	2 245 590	2 125 940	119 650	6
<b>Сатудан түскен кірістер жиыны</b>	<b>186 443 137</b>	<b>179 097 563</b>	<b>7 345 574</b>	<b>4</b>

#### Электр энергиясын жеткізу

Төмендегі кестеде ТМРК 2021 және 2020 жылдарға бекіткен тарифтерді ескере отырып, реттелетін қызметтер бойынша кірістердің есебі берілген:

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
Электр энергиясын жеткізуден түскен кіріс (жеңілдіктерді ескере отырып)	мың теңге	129 355 940	121 953 313	6
Электр энергиясын жеткізудің нақты көлемі	млн кВт-сағат	54 652	46 158	18
оның ішінде электр энергиясын жеткізудің ақы төленетін көлемі	млн кВт-сағат	50 824	43 600	16,6
Орташа тариф	теңге/кВт-сағат	2,545	2,797	(9)

Электр энергиясын жеткізу бойынша кірістердің артуы 2020 жылдың осындай кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 7 402 627 мың теңгені құрады.

Кірістердің өсуіне әсер еткен фактор орташа тарифтің 9%-ға төмендеуіне қарамастан, ақылы қызметтер көлемі 18%-ға артты.

Мысалы, 2021 жылдың 12 айында ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтердің нақты көлемі 54,652 млрд кВт-сағатты құрады, оның ішінде ақылы көлем 50,824 млрд кВт \* сағатты құрады.

2020 жылдың осындай кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда қызметтер көлемі 8,494 млрд кВт-сағатқа немесе 18%-ға өсті (ақылы – 7,225 млрд кВт-сағатқа, немесе 16,6%-ға), бұл ҚР көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер көлемінің 6,682 млрд кВт-сағатқа артуына, электр энергиясы экспорты көлемінің 0,455 млрд кВт-сағатқа өсуі байланысты. Сонымен қатар, мемлекетаралық транзит көлемі (РФ-ҚР-РФ) 0,146 млрд кВт-сағатқа төмендеді, осыған байланысты қызмет көрсетуден түскен табыс 20 208 264 мың теңгеге артты.

Орташа тарифтің 2,797-ден 2,545 теңге/кВт-сағатқа дейін төмендеуі «KEGOC» АҚ-ның 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 30 қыркүйекке дейін келесі реттелетін кезеңге тарифтік шешімнің болмауына байланысты инвестициялық құрамдас бөлігінсіз 2,448 теңге/кВт-сағат тарифі бойынша электр энергиясын жеткізу қызметтерін көрсетуімен байланысты.

### Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерден түскен кірістер

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
Техникалық диспетчерлендіруден түсетін кіріс	мың теңге	28 902 579	30 291 437	(5)
Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі	млн кВт-сағат	105 043	98 992	6
Орташа тариф	теңге/кВт-сағат	0,275	0,306	(10)

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кірістер 2020 жылдың осындай кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда төмендеді және 1 388 858 мың теңгені құрады.

Табыстың төмендеуіне әсер еткен фактор орташа тарифтің 10% – ға төмендеуі болды (0,306-тен 0,275 теңге/кВт-сағатқа дейін), бұл қызметтер көлемінің 6% – ға өсуіне қарамастан, кірістің 3 240 547 мың теңгеге азайып туындатты.

Орташа тарифтің 10% – ға төмендеуі (0,306-тен 0,275 теңге/кВт-сағатқа дейін) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 30 қыркүйекке дейін «KEGOC» АҚ-ның келесі реттелетін кезеңге тарифтік шешімнің болмауына байланысты инвестициялық құрамдас бөліксіз кВт-сағат үшін 0,264 теңге тарифі бойынша қызметтер көрсетуімен байланысты.

Іс жүзінде электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 2021 жылдың 12 айында 105,043 млрд кВт-сағатты құрады. 2020 жылдың осындай кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 6,051 млрд кВт-сағатқа немесе 6% – ға өсті, бұл Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіруінің артуына байланысты.

### Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерден түскен кіріс

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастырудан түсетін кіріс	мың теңге	17 958 864	18 649 805	(4)
Электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көлемі	млн кВт-сағат	201 784	190 304	6
Орташа тариф	теңге/кВт-сағат	0,089	0,098	(9)

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша кірістердің азаюы 2020 жылдың осындай кезеңінің нақты көрсеткіштерімен салыстырғанда 690 941 мың теңгені құрады.

Табыстың төмендеуіне әсер еткен фактор орташа тарифтің 9% – ға төмендеуі болды (0,098-тен 0,089 теңге/кВт-сағатқа дейін), бұл қызметтер көлемінің 6% – ға өсуіне қарамастан, кірістің 1 803 142 мың теңгеге азайып туындатты.

Орташа тарифтің 9%-ға төмендеуі (0,098-тен 0,089 теңге/кВт-сағатқа дейін) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 30 қыркүйекке дейін «KEGOC» АҚ-ның келесі реттелетін кезеңге тарифтік шешімнің болмауына байланысты инвестициялық құрамдас бөліксіз 0,086 теңге/кВт-сағат тарифі бойынша қызметтер көрсетуімен байланысты.

2021 жылдың 12 айында электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 201,784 млрд кВт \* сағатты құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 12,480 млрд кВт-сағатқа немесе 6% – ға өсті, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру мен тұтынудың артуына байланысты.

### Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс	мың теңге	7 067 781	5 101 651	39
Э/э ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сату жөніндегі қызметтердің көлемі	тыс. кВт-сағат	1 267 697	1 065 610	19
орташа өлшемді баға	теңге/ кВт-сағат	5,58	4,79	16



Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосының сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кіріс өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда ҚР-дан РФ-ға электр энергиясын сату көлемінің 202 млн кВт/сағатқа (967 504 мың теңгеге) және орташа өлшемді бағаның 4,79-дан 5,58 теңге/кВт/сағ-қа (998 626 мың теңгеге) дейін өсуіне байланысты 1 966 130 мың теңгеге (39%) артты.

### Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан түсетін кіріс

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
<b>Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан түсетін кіріс</b>	мың теңге	<b>878 486</b>	954 342	-8
Қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сату бойынша қызметтердің көлемі	МВт	<b>900</b>	1 005	-3
орташа өлшемді баға	теңге/кВт	<b>976,10</b>	949,59	3

Резидент еместерге қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді сатудан түсетін кіріс («НЭС Узбекистана» АҚ) 2021 жылы (878 486 мың теңге) 2020 жылмен салыстырғанда (954 342 мың теңге) 8%-ға немесе 75 856 мың теңгеге азайды, бұл көрсетілген қызметтер көлемінің 105 МВт-қа (99 707 мың теңгеге) азаюына және орташа өлшемді бағамның 412,87-ден (2020 ж.) 424,39 теңге/АҚШ долларына дейін (2021 ж.) артуы есебінен орташа өлшемді бағаның 949,59-дан 976,10 теңге/кВт-қа (23 851 мың теңгеге) артуына байланысты.


### Сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен кіріс

мың теңгемен	өлшем бірлігі	Аяқталған жыл үшін		өзг. %
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.	
<b>Сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен кіріс</b>	мың теңге	<b>33 897</b>	21 075	61
ЖЭК бойынша сатып алынатын электр энергиясын сату бойынша қызметтер көлемі	мың кВт-сағат	<b>5 837</b>	3 659	60
Бағасы	теңге/кВт-сағат	<b>5,81</b>	5,76	0,8

Сатып алынатын электр энергиясын сатудан түскен кіріс 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 33 897 мың теңгені құрады және 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 12 822 мың теңгеге (21 075 мың теңге) негізінен Қырғыз Республикасына электр энергиясының жоспарлы ағыны көлемінің 2 178 мың кВт-сағатқа (3 659-дан 5 837 мың кВт-сағатқа дейін) және бағаның 5,76-дан 5,8 теңге/кВт-сағатқа дейін өсуі есебінен артты.

### Сатудың өзіндік құны (мың теңгемен)

#### Сатудың өзіндік құны



Келесі кестеде «KEGOC» АҚ-ның 31 желтоқсанда аяқталған 2021 және 2020 жылдары сатудың өзіндік құны бойынша шоғырландырылған деректері берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2021 ж.			31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2020 ж.	
	мың теңгемен	сатудың өзіндік құнынан %		мың теңгемен	сатудың өзіндік құнынан %
Тозу және амортизация	<b>35 950 880</b>	<b>30</b>	▲	33 349 877	33
Электр энергиясының технологиялық шығысы	<b>24 866 088</b>	<b>21</b>	▲	14 709 725	14
Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар	<b>22 157 785</b>	<b>18</b>	▲	16 019 937	16
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар	<b>18 320 948</b>	<b>15</b>	▲	18 292 955	18
Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар	<b>7 683 172</b>	<b>6</b>	▲	5 641 008	6
Мүлікке салынатын салықтар	<b>6 185 051</b>	<b>5</b>	▼	9 049 154	9
Күзету бойынша шығыстар	<b>1 292 485</b>	<b>1</b>	▲	1 206 494	1
Қорлар	<b>1 070 326</b>	<b>1</b>	▲	1 031 355	1
Сатып алынатын электр энергиясының өзіндік құны	<b>30 974</b>	<b>0</b>	▲	19 392	0
Басқа да шығыстар	<b>3 125 194</b>	<b>3</b>	▲	2 601 030	3
<b>Сатудың өзіндік құнының жиынтығы</b>	<b>120 682 903</b>	<b>100%</b>	▲	101 920 927	100%

Сатудың өзіндік құны 18,4% – ға немесе 18 761 979 мың теңгеге артты. 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2021 жылы сатудың өзіндік құнының құрылымында мынадай негізгі өзгерістер болды:

- тозу және амортизация 2 601 003 мың теңгеге (7,8%) артты;
- электр энергиясының технологиялық шығыны 10 156 363 мың теңгеге (69%) артты;
- электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар 6 137 848 мың теңгеге (38%-ға) артты.

### Тозу және амортизация

2021 жылы амортизация бойынша шығыстар сомасы 35 950 880 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылдың осындай кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 7,8% – ға (2 601 003 мың теңге), негізінен негізгі құралдарды қайта бағалау есебінен жоғары.

### Электр энергиясының технологиялық шығысы

2021 жылы электр энергиясының технологиялық шығысы бойынша шығындар өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 69% – ға немесе 10 156 363 мың теңгеге артты. Шығыстардың артуы өндірушілерден (станциялардан) электр энергиясын сатып алудың орташа өлшемді бағасының 5,32-ден 8,39 теңге/кВт-сағатқа дейін өсуіне және Компанияның желілері арқылы жеткізу көлемінің өсуіне байланысты технологиялық шығыс көлемінің 2 767 863-тен 3 029 912 мың кВт-сағатқа дейін өсуіне байланысты болды.

### Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар

Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағаттық көлемін өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 38% – ға немесе 6 137 848 мың теңгеге артты.

Бұл көрсеткіштің өзгеруіне мыналар әсер етті:

- орташа өлшемді бағаның 15,03-тен 17,48 теңге/ кВт-сағатқа дейін өсуінің нәтижесінде шығыстардың 3 099 744 мың теңгеге артуы;
- РФ-дан сағаттық ауытқуларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу көлемінің 202 млн кВт-сағатқа артуы нәтижесінде шығыстардың 3 038 104 мың теңгеге артуы.


### Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар

2021 жылы еңбекақы төлеуге арналған шығыстар 18 320 948 мың теңгені құрады және өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27 993 мың теңгеге немесе 0,2% – ға, негізінен Компания қызметкерлерінің қызметкерлерінің орташа 5,6% – ға өсуі, жұмыс персоналына тарифтік мөлшерлемелерді индексстеу есебінен 4% – ға өсті. Бұл ретте «Энергоинформ» АҚ саны 269 (екі жүз алпыс тоғыз) штат бірлігінде қысқартылды.

### Жалпы және әкімшілік шығыстар (мың теңгемен)

#### Жалпы және әкімшілік шығыстар

МЫҢ ТЕҢГЕ



Келесі кестеде 2021 және 2020 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша KEGOC шоғырландырылған деректері берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2021 ж.			31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2020 ж.	
	мың теңгемен	жалпы және әкімшілік шығыстардан %		мың теңге	жалпы және әкімшілік шығыстардан %
Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар	5 229 216	61	5 080 003	65	▲
Тозу және амортизация	878 698	10	688 088	9	▲
Табыс салығынан басқа салықтар	238 204	3	190 786	2	▲
Консультациялық қызметтер	176 264	2	161 177	2	▲
Коммуналдық шығыстар	70 873	1	68 540	1	▲
Материалдар	66 149	1	46 371	1	▲
Техникалық қолдауға арналған шығыстар	57 884	1	47 273	1	▲
Іссапар шығыстары	54 581	1	25 855	0	▲
Тренингтер және оқытулар	46 806	1	54 177	1	▼
Директорлар кеңесіне еңбекақы төлеу шығыстары	44 587	1	67 725	1	▼
Сақтандыруға арналған шығыстар	26 027	0	28 734	0	▼
Ескірген қорларға резервті есептеу	1 074	0	57 028	1	▼
Жалға алу шығындары	-	-	22 806	0	▼
Басқалары	1 649 460	19	1 278 531	16	▲
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстардың жиыны</b>	<b>8 539 823</b>	<b>100%</b>	<b>7 817 094</b>	<b>100%</b>	<b>▲</b>

Жалпы және әкімшілік шығыстар 8 539 823 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылдың осындай кезеңінен 722 729 мың теңгеге жоғары.

### Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты өзге де аударымдар

2021 жылы еңбекақы төлеуге арналған шығыстар 5 229 216 мың теңгені құрады және өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 149 213 мың теңгеге немесе 2,9% – ға өсті. Бұл өсім Компания қызметкерлерінің қызметақыларының орта есеппен 5,6% – ға артуымен байланысты. Бұл ретте, ӘБК саны 35 (отыз бес) бірлікке қысқартылды.

### Әкімшілік шығыстардың тозуы және амортизациясы

Әкімшілік шығыстардың амортизациясы бойынша шығыстар сомасы 878 698 мың теңгені құрады, бұл амортизациялық аударымдар бойынша шығыстарды қайта жіктеу нәтижесінде 2020 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 27,7% – ға жоғары.

### Табыс салығынан басқа салықтар

Салық бойынша шығыстар 238 204 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылдың осындай кезеңінен 47 418 мың теңгеге, негізінен негізгі қорлардың жіктеуішіне өзгерістер енгізу және мүлік салығы бойынша салық салу базасын азайту есебінен артық.

### Коммуналдық шығыстар

Шығыстар сомасы 70 873 мың теңгені құрады, бұл коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне байланысты 2020 жылдың осындай кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2 333 мың теңгеге жоғары.

### Ақша қаражатының ағындары

Келесі кестеде көрсетілген кезеңдердегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтің нәтижелері қорытылады:

Мың теңгемен	Аяқталған жыл үшін	
	31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>83 868 968</b>	96 701 950
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>(62 321 093)</b>	(65 795 180)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары	<b>(31 345 871)</b>	(30 689 649)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	<b>(9 797 996)</b>	217 120
Шетел валютасындағы ақша қаражатының сальдосына айырбас бағамы өзгерістерінің әсері	<b>(115 531)</b>	460732
<b>Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>21 867 205</b>	21 179 282
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>11 933 828</b>	21 867 205

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақша қаражаты мен олардың баламалары 11 933 828 мың теңгені құрады және 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 9 933 377 мың теңгеге (45,4%) азайды.

### Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары

2021 жылы операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны 83 868 968 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылдың осындай көрсеткішінен 12 832 982 мың теңгеге немесе негізінен өнім берушілерге төлемдердің артуының нәтижесінде 13,2% – ға төмен.

### Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары

2021 жылғы инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза шығуы 62 321 093 мың теңгені құрады және негізінен депозиттерді орналастыру мерзімдерінің аяқталуына және олардың одан әрі орналастырылуына байланысты 2020 жылмен салыстырғанда 3 474 087 мың теңгеге немесе 5,5% – ға азайды.

### Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде қаржы қызметінен ақша қаражатының таза шығуы 31 345 871 мың теңгені құрады және 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, негізінен дивидендтер төлеуге байланысты 656 222 мың теңгеге артты.

### Өтемділік

Келесі кестеде KEGOC таза борышының есебі берілген:

Мың теңгемен	Валюта	Аяқталған жыл үшін	
		31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.
Алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер <sup>(1)</sup>	USD/EUR	<b>(35 639 645)</b>	(49 843 453)
Алынған қарыздар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер <sup>(1)</sup>	теңге	<b>(13 854 307)</b>	(14 334 439)
Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	теңге	<b>(117 142 516)</b>	(92 717 685)
Есептелген купондық сыйақылар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	теңге	<b>(4 562 983)</b>	(4 138 458)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	теңге	<b>11 933 828</b>	21 867 205
Самұрық-Қазына облигациялары	USD/теңге	<b>30 144 252</b>	30 213 089
Банктік депозиттер	теңге	<b>26 529 980</b>	29 656 027
ҚР Ұлттық Банкінің ноталары	теңге	<b>13 646 481</b>	28 823 615
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	теңге	<b>1 850 569</b>	1 816 832
Самұрық-Қазына облигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	<b>254 333</b>	254 334
Қауымдасқан компаниядан алынатын дивидендтер	USD /теңге	<b>0</b>	203 095
ҚР Қаржы министрлігінің Еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы	теңге	<b>18 305</b>	17 163
«ДСФК» ЖШС облигациялары	теңге	<b>314 418</b>	310 175
<b>Таза борыш</b>		<b>(86 507 285)</b>	(47 872 500)

(1) Міндеттемелер міндеттемелердің негізгі сомасын көрсететін қаржылық кепілдіктерді, компанияның кредиттері мен қарыздарын қамтиды.

(2) Банктік депозиттер жергілікті банктердегі қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары 11 933 828 мың теңгені құрады. Қарыздар бойынша міндеттемелер 171 199 451 мың теңгені құрады және 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 10 165 416 мың теңгеге артты.

Таза борыш 86 507 285 мың теңгені құрады және өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 38 634 785 мың теңгеге артты.

Валюталар тұрғысынан алғанда депозиттердегі ақша қаражаты:

Депозиттің валютасы мыңдықпен	31 желтоқсан 2021 ж.		31 желтоқсан 2020 ж.	
	шетел валютасында	теңгемен	шетел валютасында	теңгемен
АҚШ доллары	60 393	26 339 490	59 050	24 454 590
Теңге		190 490		5 201 437
<b>Барлығы мың теңгемен</b>		<b>26 529 980</b>		<b>29 656 027</b>

## Қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелер

### Қарыздар

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша өтелмеген қарыздардың қалдығы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (ХҚДБ), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕҚДБ) кредиттерімен ұсынылды. Бұл кредиттер «Ұлттық электр торабын жаңғырту II кезең», «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу», «Мойнақ ГЭС қуатын беру схемасы», «Қазақстанның ҰЭТ-не 500, 220 кВ кернеулі желілермен қоса отырып, 500 кВ Алма ҚС салу» жобаларын іске асыру үшін кредиттік желілер шеңберінде берілген.

Өтеу мерзімі, қамтамасыз ету және кредиттердің әрқайсысы бойынша сома төмендегі кестеде берілген:

Қарыз шарты	Банк	Берешек сомасы 31.12.2021 ж. қарыз бойынша			Кредитті өтеу күні	Қарыздар бойынша қамтамасыз ету
		мың теңге	мың АҚШ доллары	мың евро		
КС 4805-KZ 22 қараша 2005 ж.	ХҚДБ	3 540 759	8 195	–	жылына 2 рет 15.12.2019 ж. дейін.	№ 7МБР 035э 18.11.2005 ж.
КС 38647 5 маусым 2008 ж.	ЕБРР	12 785 418	–	25 878	жылына 2 рет А және В (А) желісіне дейін 12.02.2023 ж., В (b) желісі 12.02.2020 ж., 12.02.2017 ж. В (С) желісі	Қамтамасыз етусіз
КС 7738-KZ 12 қараша 2009 ж.	ХҚДБ	12 575 460	29 071	–	жылына 2 рет 15.09.2034 ж. дейін	№ 11СГГ004 12.11.09 ж.
7965-KZ 25 желтоқсан 2010 ж.	ХҚДБ	20 592 315	48 165	–	жылына 2 рет 15.07.2035 ж. дейін	№ 11СПГ010 24.12.10 ж.
<b>Барлығы</b>		<b>49 493 952</b>	<b>85 431</b>	<b>25 878</b>		

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай кредиттік көздерден қалыптастырылады:

Мың теңгемен	Аяқталған жыл үшін	
	31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі («ХҚДБ»)	36 708 534	41 647 967
Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі («ЕҚДБ»)	12 785 418	22 529 925
<b>Жиыны</b>	<b>49 493 952</b>	<b>64 177 892</b>
ХҚДБ және ЕҚДБ қарыздары бойынша 12 ай ішінде төлеуге берешектің ағымдағы бөлігін шегергенде	(13 854 307)	(14 334 439)
	<b>35 639 645</b>	<b>49 843 453</b>

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның қарыздары бойынша есептелген, төленбеген сыйақы тиісінше 196 888 мың теңге және 343 237 мың теңге болды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды ұйымдастыру жөніндегі комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 244 426 мың теңгені және 285 919 мың теңгені құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздарды өтеу мерзімдері бойынша ақпарат мынадай болды:

Мың теңгемен	ХҚДБ	ЕҚДБ	Барлығы
<b>Қарыздың қысқа мерзімді бөлігі</b>	<b>5 282 842</b>	<b>8 571 465</b>	<b>13 854 307</b>
1 жылдан 2 жылға дейін	2 506 220	4 213 953	6 720 173
2 жылдан 3 жылға дейін	2 506 220	–	2 506 220
3 жылдан 4 жылға дейін	2 506 221	–	2 506 221
4 жылдан астам	23 907 031	–	23 907 031
<b>Қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>31 425 692</b>	<b>4 213 953</b>	<b>35 639 645</b>
<b>Барлығы</b>	<b>36 708 534</b>	<b>12 785 418</b>	<b>49 493 952</b>

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мынадай валюталарда көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2021 ж.		31 желтоқсан 2020 ж.	
	теңгемен	шетел валютасында	теңгемен	шетел валютасында
АҚШ долларындағы қарыздар	36 708 534	85 431	41 647 967	98 948
Еуромен қарыздар	12 785 418	25 878	22 529 925	43 596
<b>Барлығы мың теңгемен</b>	<b>49 493 952</b>		<b>64 177 892</b>	

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның негізгі борыш пен пайыздар бойынша мерзімі өткен төлемдері жоқ.



Қарыз шарты	Банк	Жоба	Жай-күй бойынша	
			31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
КС 4805-KZ 22 қараша 2005 ж.	ХҚДБ	Солтүстік-Оңтүстік Транзиті	3 540 759	6 886 810
КС 38647 5 маусым 2008 ж.	ЕҚДБ	ҰЭТ-ты жаңғырту 2 кезең	12 785 418	22 529 925
КС 7738-KZ 12 қараша 2009 ж.	ХҚДБ	Мойнақ	12 575 460	13 205 949
7965-KZ 25 желтоқсан 2010 ж.	ХҚДБ	Алма	20 592 315	21 555 208
<b>Барлығы</b>			<b>49 493 952</b>	<b>64 177 892</b>

## Облигациялар

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша шығарылған облигациялар бойынша берешек:

Мың теңгемен	Жай-күй бойынша	
	31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	118 800 000	93 500 000
Есептелген купондық сыйақы	4 562 983	4 138 458
Минус: шығарылған облигациялар бойынша дисконт	(1 577 690)	(719.637)
Минус: мәміле бойынша шығындар	(79 794)	(62.678)
<b>Барлығы</b>	<b>121 705 499</b>	<b>96 856 143</b>
12 ай ішінде өтеуге жататын облигациялардың ағымдағы бөлігін шегергенде	(4 562 983)	(4 138 458)
<b>Шығарылған облигациялар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы</b>	<b>117 142 516</b>	<b>92 717 685</b>

«Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма 500 кВ желісін салу» жобасын іске асыруға несиелік қаржыландыруды тарту мақсатында Қоғам Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 4 мамырдағы шешіміне сәйкес 83,8 млрд теңге сомасына «KEGOC» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасын тіркеді. Осы облигациялық бағдарлама шегінде Қоғам шығарылым проспектілерімен айқындалатын шығарылымның әртүрлі шарттары бар облигациялардың екі шығарылымын жүзеге асырды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

Бағалы қағаздар түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP01Y15F281
ISIN:	KZ2C00003572
Номиналды құны, теңге:	1 000,00
Шығару көлемі, млн теңге:	47 500,00
Айналымның басталу күні:	26.05.16 ж.
Айналымның соңғы күні:	25.05.31 ж.
Өтеудің басталу күні:	26.05.31 ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	Құбылмалы, Қазақстандағы инфляция деңгейіне тәуелді, оған қоса кредиттік тәуекел 290 б. п. бұл ретте инфляция дәлізі-5-16 пайыз.
Купондарды төлеу мерзімділігі:	жылына 1 рет
Купондарды төлеу күні:	жыл сайын 26 мамырда

Қалған қажеттілікті ескере отырып, Компания көлемі 36,3 млрд теңге болатын облигациялардың екінші шығарылымын жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017 жылғы 03 шілдедегі тіркеуі).

Сауда-саттық нәтижесінде тарту көлемі бойынша облигациялардың 24,8%-ын ЕДБ, 63,8% – ын басқа институционалды инвесторлар, 2,7%-ын брокерлік – дилерлік компаниялар, 8,7% – ын басқа заңды тұлғалар сатып алды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (екінші шығарылым):

Бағалы қағаздар түрі	купондық облигациялар
Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:	KZP02Y15F289
ISIN:	KZ2C00003978
Номиналды құны, теңге:	1 000,00
Шығару көлемі, млн теңге:	36 300,00
Айналымның басталу күні:	29.08.17 ж.
Айналымның соңғы күні:	28.08.32 ж.
Өтеудің басталу күні:	29.08.32 ж.
Айналым мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	11,5% жылдық (тіркелген)
Купондарды төлеу мерзімділігі:	жылына 1 рет
Купондарды төлеу күндері:	жыл сайын 29 тамызда

«KEGOC» АҚ филиалдарының 220–500 кВ ӘЖ-лерін реконструкциялау инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында 2020 жылғы 28 мамырда жалпы көлемі 9,7 млрд теңге болатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында «KEGOC» АҚ-ның облигациялары сәтті орналастырылды.

Қалған қажеттілікті ескере отырып, Компания 2021 жылғы қаңтарда көлемі 8,9 млрд теңге және 2021 жылғы қазанда көлемі 16,6 млрд теңге болатын облигациялар шығаруды жүзеге асырды.

Бағалы қағаздар жалпы көлемі 80 млрд теңге болатын эмитенттің екінші облигациялық бағдарламасының облигацияларының бірінші шығарылымы аясында орналастырылды.

Шығарылған облигациялардың негізгі параметрлері (бірінші шығарылым):

Бағалы қағаздардың түрі	купондық облигациялар
ISIN:	KZ2C00006658
Номиналды құны, теңге:	1 000,00
Шығару көлемі, млн теңге:	35 000,00
Айналымдағы облигациялар саны	35 000 000 дана
Өтініштің басталу күні:	28.05.20 ж.
Айналымның соңғы күні:	28.05.35 ж.
Өтеудің басталу күні:	28.05.35 ж.
Айналымның мерзімі:	15 жыл
Купондық мөлшерлеме:	тіркелген

## Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ)

Компанияның басшылығы мен Директорлар кеңесі қызметтің мынадай негізгі көрсеткіштеріне (ҚНҚ) оларды Компания қызметін оның стратегиясына бағалау құралы ретінде қабылдай отырып, мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады.

### Қаржылық ҚНҚ

Компания басшылығы мен Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде ҚЕХС-қа сәйкес дайындалған шоғырландырылған қаржылық есептеме негізінде есептелген ҚНҚ мониторингін жүзеге асырады.

Стратегиялық	а. Анықтау / есептеу
<b>ROACE</b>	Таза кіріс + сыйақы түріндегі шығыстар (1-T) / ACE*100%, бұл жерде T= КПН мөлшерлемесі, ACE = Есепті кезеңдегі Компанияның тартылған капиталының орташа мәнін көрсететін кезеңнің басындағы және соңындағы тартылған капиталдың орташа мәні.
<b>Маржа EBITDA</b>	EBITDA/ Негізгі қызметтен түсетін кіріс 100%, бұл жерде EBITDA = Негізгі қызметтен түсетін кіріс-амортизацияны есепке алмағанда қызметтердің өзіндік құны – жалпы және әкімшілік шығыстар амортизацияны ескермегенде-амортизацияны ескермегенде өткізу бойынша шығыстар
<b>Қызметтің табыстылығы</b>	A/B, бұл жерде A = Таза кіріс; B = Корпоративтік табыс салығын есепке алмағандағы жалпы шығыстар
<b>ROIC</b>	A/B*100, где A = NOPLAT – (түсім-өзіндік құн-жалпы және әкімшілік шығыстар-өткізу бойынша шығыстар) * (1- корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі) B = IC инвестицияланған капиталдың орташа мәні (кезең үшін)

### Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Компания басшылығы мен Директорлар кеңесі қызметтің мынадай бірқатар негізгі көрсеткіштері негізінде Компанияның операциялық қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізеді:

Көрсеткіш	Анықтау / Есептеу
<b>Таза борыш/EBITDA</b>	A/B, бұл жерде A – қолма-қол ақша қаражатын және олардың баламаларын шегергенде қарыз алу нәтижесінде компания тартқан ақша қаражатының сомасы; B – пайыздар мен қаржыландыру баптарын төлеуге, құнсыздану мен есептен шығарудан түскен ақшалай емес шығыстарға, пайдаға, сонымен қатар негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясына аударымдар шегерілгенге дейінгі кірістер.
<b>Борыш/EBITDA</b>	A/B, бұл жерде A – қарыз алу нәтижесінде Компания тартқан ақша қаражатының сомасы, B = Негізгі қызметтен түсетін кіріс-амортизацияны есепке алмағанда қызметтердің өзіндік құны – амортизацияны есепке алмағандағы жалпы және әкімшілік шығыстар-өткен 12 айдағы амортизацияны есепке алмағандағы сату бойынша шығыстар
<b>Борыш/Капитал</b>	A/B, бұл жерде A – қарыз капитал, B – меншік капитал
<b>EBITDA/ Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар</b>	A/B, бұл жерде A = Негізгі қызметтен түсетін кіріс-амортизацияны есепке алмағанда қызметтердің өзіндік құны – амортизацияны есепке алмағандағы жалпы және әкімшілік шығыстар – өткен 12 ай үшін амортизацияны есепке алмағанда, өткізу бойынша шығыстар, B – өткен 12 ай үшін капиталдандырылатын сыйақыны ескере отырып, сыйақы бойынша шығыстар

Компаниядағы ҚНҚ деректерінің мониторингі қаржылық тұрақтылық пен өтімділікті талдау мақсатында жүзеге асырылады. «Самұрық-Қазына» АҚ борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына және кредиттік келісімдерге сәйкес оларды бұзу қаржылық тәуекелдердің туындауына әкеп соғатын шекті мәндер және оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу салдары ретінде айқындалды.

Мың теңгемен	Аяқталған жыл үшін	
	31 желтоқсанда 2021 ж.	31 желтоқсанда 2020 ж.
ROACE, %	<b>7,70</b>	9,48
ROIC, %	<b>6,67</b>	10,54
Таза борыш/EBITDA (4 аспайтын)	<b>1,51</b>	1,19
Маржа EBITDA, % («ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ны есепке алмағанда)	<b>50,20</b>	56,92
Қызметтің табыстылығы, % («ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ны есепке алмағанда)	<b>33,42</b>	32,51

<b>Ағымдағы өтімділік коэффициенті</b>	<b>1,61</b>	1,69
--	-------------	------

«Самұрық-Қазына» АҚ белгілеген қаржылық тұрақтылық коэффициенттері		
Борыш/EBITDA, 3,50 аспайтын	<b>1,82</b>	1,56
Борыш/Капитал, 1,00 аспайтын	<b>0,23</b>	0,32
EBITDA/ Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар, кемінде 3,00	<b>9,56</b>	10,16

Осылайша, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айдағы ROACE және ROIC көрсеткіштері 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айдың қорытындысы бойынша көрсеткіштермен салыстырғанда іске қосылған капитал мөлшерінің артуы нәтижесінде нашарлады.

EBITDA маржасының төмендеуі бағамдық айырма бойынша шығындардың көбеюіне байланысты.

2021 жылдың 12 айы ішінде қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен ковенанттар бойынша нормативтер бұзылмаған.

## ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НЕСИЕЛІК КЕЛІСІМДЕР

### «Қазақстанның 500 кВ Солтүстік-Оңтүстігі транзиті екінші электр жеткізу желісін салу»

2005 жылы «Қазақстанның 500 кВ Солтүстік-Оңтүстігі транзиті екінші электр жеткізу желісін салу» II кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚДБ 17 (он жеті) жыл кезеңіне берген 100 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі алынды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдікті кезең болды. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс жалпы спрэд банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2011 жылы ХҚДБ-дан 1 918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы күтілгеннен аз соманы құрауына байланысты жойылды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы тиісінше 8 195 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 3 538 547 мың) және 16 351 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 6 882 125 мың) құрайды.

## «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

ЕҚДБ 15 (он бес) жыл кезеңге берген 127 500 мың еуро және 75 000 мың еуро сомасына екі кредиттік желі, оның ішінде алғашқы 4 (төрт) жыл жеңілдікті кезең болып табылды. Қарыз бойынша пайыздар банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі, оған қоса 3,85% маржа есептеледі және жылына екі рет өтеледі. Қарыз бойынша пайыздар банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі, оған қоса 3,85% маржа есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы тиісінше 25 878 мың еуроны (теңгедегі баламасы – 12 656 781 мың) және 43 130 мың еуроны (теңгедегі баламасы – 22 288 891 мың) құрайды.

### «Мойнақ ГЭС-інің қуат беру схемасы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-інің қуат беру схемасы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ 25 (жиырма бес) жылға ХҚДБ ұсынған 48 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желін алды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдікті кезең болды. Кредиттік желі ҚР Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР-дың банкаралық алты айлық мөлшерлемесі бойынша оған қоса тіркелген спрэд 0,85% есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХҚДБ-дан 3 274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы күтілгеннен аз болуына байланысты жойылды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы тиісінше 29 072 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 12 553 276 мың) және 31 308 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 13 177 966 мың) құрайды.

### «Қазақстанның ҰЭТ-не 500, 220 кВ кернеулі желілермен қосыла отырып, 500 кВ Алма ҚС салу»

2010 жылы «Қазақстанның ҰЭТ-не 500, 220 кВ кернеулі желілерімен қосыла отырып, 500 кВ Алма ҚС салу» жобасын жүзеге асыру үшін ХҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 78 000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі ашылды, оның ішінде алғашқы 5 (бес) жыл жеңілдікті кезең болды. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР-дың банкаралық алты айлық мөлшерлемесі және тіркелген спрэд 1,15% бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2014 жылғы шілдеде ХҚДБ-дан 6 644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі осы жоба барысында келтірілген нақты шығындардың сомасы болжалған аз болуына байланысты жойылды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы тиісінше 48 165 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 20 792 886 мың) және 51 733 мың АҚШ долларын (теңгедегі баламасы – 21 771 592 мың) құрайды.

## КҮРДЕЛІ ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ

Шаруашылық қызмет капиталды көп қажет етеді, ол қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға және оны дамытуға айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Капиталға қажеттілік мыналардан құралады:

- активтеріміздің қолданыстағы тұтастығы мен өндірістік қуатын және активтердің пайдалы қызмет мерзімін ұзартатын олармен байланысты ақша ағындарын қолдауға және жаңғыртуға бағытталған Қазақстанның энергетикалық жүйесінің сенімділігін және бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған күрделі қаржы шығындары;
- өндірістік қуатты немесе қолданыстағы активтердің кірістілігін арттыруға, сонымен қатар құрылыс арқылы жаңа активтерді дамытуға бағытталған өндірісті кеңейтуге арналған күрделі қаржы шығындары.

Компания «ЖЭТ филиалдарында 220–500 кВ ЭЖ реконструкциялау» ірі ауқымды инвестициялық жобаға инвестицияларды қоса алғанда, тиісінше 2021 және 2020 жылдары 33 572,531 млн теңге және 25 312,009 млн теңге сомасына өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын өндірістік активтер мен өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстауға күрделі қаржы шығындарын жасады (13 758,415 млн теңге және 14 066,862 млн теңге).

2021 жылдың 4-тоқсанында Компанияның өндірісті кеңейтуге жұмсаған күрделі қаржы шығындары 2020 жылдың 4-тоқсанындағы 10 404,645 млн теңгеге қарағанда 6 262,622 млн теңгені құрады (2020 жылы «KEGOC» АҚ «ҰИМТ» ЕЭА инфрақұрылым объектілерін сатып алған) және негізінен Компанияның негізгі операциялық активтеріне, оның ішінде «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» (3 837,036 млн теңге) және «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» (2 071 636 млн теңге) ірі инвестициялық жобалар бойынша салымдар болып табылады.

### «KEGOC» АҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӨСЕР ЕТКЕН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін, кредиттік тәуекелді, өтімділікті жоғалту тәуекелін және валюталық тәуекелді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, белгісіздікпен байланысты көптеген тәуекелдерге тап болады. Өз қызметін жүзеге асыру барысында Компания пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін, кредиттік тәуекелді, өтімділікті жоғалту тәуекелін және валюталық тәуекелді қоса алғанда, бірақ шектелмей, белгісіздікпен байланысты көптеген тәуекелдерге кезігеді.

Компания ұшырайтын тәуекелдердің неғұрлым толық тізбесі Қазақстан қор биржасының сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) орналастырылған Компанияның инвестициялық меморандумында баяндалған.

## Тарифтердің шекті деңгейлерін төмендету, оның ішінде өтемдік тарифті енгізу

Тәуекелді реттеу мақсатында Компания келесі іс-шараларды жүргізеді:

- табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу;
- тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламаның орындалуына талдау жүргізу және қажет болған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаға (тарифтердің шекті деңгейлерін өзгертпей) тарифтік сметаларды түзету бойынша ұсыныстарды дайындау және ТМРК-ге енгізу;
- ТМРК-ге реттеліп көрсетілетін қызметтерге және инвестициялық бағдарламаларға тарифтік сметалардың орындалуы бойынша есептерді ұсыну.

Қазақстан Республикасында тариф белгілеу саясатын өзгерту, тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаларды орындамау Компанияның бизнесіне оның қаржылық нәтижелері мен жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін.

### Валюталық тәуекел

АҚШ долларының және басқа валюталардың теңгеге қатысты айырбастау бағамының ауытқуы компанияның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Компанияның кірістері теңгемен көрсетіледі, ал қарыз капиталының және Компанияның сыйақылары бойынша шығыстардың басым бөлігі АҚШ долларымен және еуромен көрсетіледі. Сондықтан АҚШ долларының және (немесе) еуроның теңгеге нарықтық айырбас бағамының артуы Компанияның шығыстарына қатысты пайданың азаюына алып келуі және оның жұмысының қорытындыларына әсер етуі мүмкін.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша қарыздар бойынша берешек мөлшері 36 973 585 мың теңгені құрайды.

Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында депозиттік шоттарда 2021 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша 60,4 млн АҚШ доллары (26 077 963 мың теңге) мөлшеріндегі сома орналастырылған, бұл шамамен 2 (екі) жыл ішінде борышқа қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

### Пайыздық мөлшерлеме тәуекелі

Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне кезігуі ең алдымен Компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемелері бар ұзақ мерзімді қарыздарымен байланысты. Компания ықтимал тәуекелдерді азайту үшін хеджирлеу құралдарын пайдаланбайды, өйткені басшылық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді қайта қарауға байланысты маңызды емес деп есептейді.

2021 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күй бойынша Компанияның теңгемен, АҚШ долларымен және евромен (153 716 846 мың теңге) көрсетілген тартылған қарыздары мен шығарылған облигациялары құбылмалы

пайыздық мөлшерлемеге және облигациялардың екінші шығарылымы бойынша тіркелген мөлшерлемеге ие болды. Компания пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуы нәтижесінде туындайтын әділ құнның өзгеруіне кезігеді.

Компанияның пайыздық кіріс әкелетін активтері теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, олардың жалпы сомасы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша тіркелген пайыздық мөлшерлеме бойынша орналастырылған 26 268 452 мың теңгені құрайды.

2022 жылдан бастап LIBOR мөлшерлемелерін есептеудің тоқтатылуына байланысты ХҚДБ SOFR-ді АҚШ долларындағы кредиттер бойынша жаңа базалық мөлшерлемені (АҚШ Қазынашылығының бағалы қағаздарын кепілге қоя отырып, овернайт ақша қаражатын қарызға алудың РЕПО-құнының бақыланатын мөлшерлемелеріне негізделген АҚШ долларындағы ақша нарығындағы «эталондық» пайыздық мөлшерлеме) айқындады.

### Маусымдық

Көрсетілетін жүйелік қызметтердің көлемі айқын маусымдық сипатқа ие. Күзгі-қысқы кезеңдерде көрсетілетін қызметтер көлемі электр энергиясын тұтынудың өсуі салдарынан ұлғаяды. Жазғы және көктемгі кезеңдерде тұтынудың төмендеуі және тиісінше көрсетілетін жүйелі қызметтер көлемінің төмендеуі байқалады.

### Энергия жүйесіндегі тапшылық

Қазіргі уақытта Қазақстан БЭЖ-інде тұтынудың өсуімен және Қазақстан БЭЖ-нің қажеттілігін қамту үшін өндіруші қуаттардың жетіспеушілігінен, оның ішінде олардың авариялық істен шығуы себебінен туындаған электр энергиясы мен қуаттың тапшылығы бар, бұл өз кезегінде компанияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін.

ҚР «Электр энергетикасы туралы» Заңына сәйкес, «KEGOC» АҚ ҚР БЭЖ-і Жүйелік операторының қатарлас жұмыс режимдерін басқару және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау функциясын орындайды.

ҚР мен РФ Үкіметтері арасындағы тараптардың энергия жүйелерінің қатарлас жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы 20.11.2009 жылғы келісімге (бұдан әрі-Үкіметаралық келісім) сәйкес «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ЖАҚ арасында жыл сайынғы негізде ҚР БЭЖ ағынының нақты мемлекетаралық сальдосы ауытқуларының сағат сайынғы көлемін өтеу мақсатында РФ-дан электр энергиясын сатып алуға шарт жасалады РФ БЭЖ – мен шекарада (бұдан әрі-Ауытқуларды өтеу шарты).

Қазақстан БЭЖ-інде тапшылық жағдайында ҚР БЭЖ-інде жиілікті қолдау және теңгерімсіздіктерді қамту, оның ішінде жасалған ауытқуларды өтеу шартына сәйкес РФ БЭЖ-імен қатарлас жұмыс шеңберінде өзара іс-қимыл жасау есебінен қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты «KEGOC» АҚ-ның ҚР БЭЖ-і Жүйелік операторының функцияларын орындау шеңберінде Қазақстан БЭЖ-і ауытқуларын өтеуге арналған шығыстарының өсу тәуекелі бар.